

# ТІЛ және ҚОҒАМ

альманах



# ТІЛ және ҚОҒАМ

альманах

№2 (58) 2023

**Бас редактор**  
**М. Жұмабай**

**Жауапты редактор**  
**Г. Төкенқызы**

*ҚР Мәдениет, ақпарат және  
қоғамдық келісім министрлігінде  
тіркеліп, тіркеу туралы  
2002 жылғы 27 мамырда  
№2993 – ж кәулігі  
берілген.*

## **Құрылтайшы:**

*Қазақстан Республикасы  
Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Тіл саясаты комитеті*

## **Редакциялық алқа төрағасы**

### **Ербол Тілешов**

*Қазақстан Республикасының  
Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Тіл саясаты комитетінің төрағасы*

## **Редакциялық алқа**

### **Оразкүл Асанғазы**

*Мемлекет және қоғам қайраткері*

### **Қазыбек Иса**

*ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты*

### **Рауан Кенжеханұлы**

*Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының  
президенті*

### **Дихан Қамзабекұлы**

*«Егемен Қазақстан» республикалық газеті»  
жауапкершілігі шектеулі серкітестігінің  
Бас директоры, ҚР ҰҒА академигі*

### **Анар Салқынбай**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық  
университетінің профессоры,  
филология ғылымдарының докторы*



## АЛҒЫСӨЗ

### ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МҰҢЫ

(Мыңбайұлы Жалау жолдасқа)

Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларыңның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім. Енді қандаймын? Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым. Мен не көрмедім?

Маған әкеліп араб пен парсыны қосты. Бертін келе шүлдірлетіп ноғайды, былдырлатып орысты араластырды. Бір күндерде мені мүлде жоқ қылғысы келгендер де болды. Өлі де үшбақы болғыр Абайға өкпем жоқ. Тіріде маған ара түсушілер аз болды. Мен жылы сөзді, алдымен айналып кетейін, осы күнгі Ахмет (Байтұрсынұлы. — Ред.) деген кісіден ғана естідім.

Төңкеріске шейін көрмегенім қалған жоқ. Төңкеріс болмаса, бейшара қазақ менен айырылатын да шығар деп едім. Төңкеріс болды. Қазақтың көзі ашылды. Қазақтың көзі ашылған соң, менің де күнім туды ғой деп қуанушы едім. Жаны жәндем кеткір миссионерлердің, молдалардың, тілмәштардың қолжаулығы болудан құтылдым ғой деп ойлаушы едім. Оның үстіне қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын деген заң шықты. Төбем көкке төрт елі жетпеді. Бірақ, не керегі бар, босқа қуанған екенмін...

Жанның бәрі теңдік алып жатқан Кеңес үкіметінің тұсында менің бұтымды бұт, санымды сан қылып, кім көрінген созғылай бастады. Өзгені не қылайын, отаршылдық саясатын қолданбас-ау дейтін Білім кеңесі екеш Білім кеңесі де мені аямады. «Етістік», «сәрсендеме» деген жалаларды әкеп жапты маған. Бұйырмасын, біздің арамызда мұндай атты соғылғандар туралы болып көрген емес. Не амалың бар? Құдай басқа салған соң көніп отырмыз. Кітаптарында, газеттерінде маған көрсетпеген қорлығы тағы жоқ.

«Қазақыландыру» деген бір пәлесі шықты да, көрген күнім бұрынғыдан да қараң болды. Бірдемені бұтып-шатып жазады да, міне, сені қазақыландырдық дейді. Жақын арада Қазалы дейтін қалада «кәператив күні» деген бір күн болып, жұрттың бәрі желігіп көшеге шықты. Ұялғаным-ай, кірерге тесік таба алмадым. Қолдарындағы қызыл туына сондағы жазғаны мынау: «Арзан тауара де дебенге һәм ауылдарға арзан астыт жұмыскерлер кетубі жақсу. Назыққанда амал би лелдік жеккуле-к пл! Жоғарлатуна керек канун есамкддің арзандауыға тауарлерде өсемен жегере уктабр іңқлаб».

Міне, жұртым, мені Қазалының «қазақыландырғандағысы» осы!



Жасаған-ай, мұндай да қазақыландыру болады екен! Енді қайтемін? Бұл мұңымды кімге айтамын, кімге шағамын!..

Менің ойлап-ойлап тапқаным – Жалау жолдас, сен болдың. Сен өкімет басындағы ақсақалымыз едің. Сен нағыз қазақтың бел баласы едің. Сен адырайған адай едің. Мұңымды мен жалғыз-ақ саған шағамын. Өзге комиссиялардың көбіне сенбеймін. Олардан да жақсылық көріп жүргенім жоқ. Газетке арнаған сөздерін сусылдатып орысша жазады да, шала-шарпы тілмәштарына аудартып, жанымды шығара жаздайды.

«Тасты жапалаққа ұрса да жапалақ өледі, жапалақты тасқа ұрса да жапалақ өледі» дегендей бәз-баяғы менің сорым.

Жалаужан, мен саған жалынам, «Ауыл тілін» шығарамын, газетім нағыз ауыл тілімен, таза қазақ тілімен жазылады дегенде, ішім елжіреп кетеді. Мұныға тілектеспін. Жортқанда жолың болсын, сенің не керегіңе мен дайынмын. Бірақ, мені қорға, таза сақта, көрінген тілмәштарыңа тағы да қор қылма. Әсіресе, Қазалы сықылдылардың «қазақыландырғанынан» қорға. Азар коменес болып кетсең де, ата-бабаң қазақ еді ғой, мен солардың тілі едім ғой, не жазығым бар, ая мені!

Мадияр,

«Ауыл тілі»,

1926 ж. 27 мамыр.

(ескертү: Мадияр – Міржақып Дулатұлының бүркеме аты)

## ЖАНТАС ЖАҚЫПОВ

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры,  
филология ғылымдарының докторы*

### МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

Бұл мәселені көсем сөзбен әдіптеп айтуға да болар, бірақ объективті-ғылыми қырын көрсетуге талпынамыз. Сол әділ болады, бұл жерде әділдің «жүрексіз» деген түпкі мағынасына ден қойып отырмыз.

*Халық Ассамблеясында Президент Қ.К. Тоқаев: «Тәуелсіздік жылдары елімізде жаңа жалпыұлттық бірегейлік қалыптасты деп батыл айта аламыз. Оның көрінісі мен символдары қандай? Бұл сұраққа жауап беру үшін жасанды идеологиялық тұжырымдар әзірлеп, түсіндірмелер жасаудың және ойланып-толғанудың қажеті жоқ. Шын мәнінде, бәрі анық көрініп тұр.*

*Даңқты отандастарымызды – спортшыларымызды, мәдениет қайраткерлерімізді, ғалымдарымыз бен студенттерімізді, кәсіпкерлерімізді шыққан тегіне қарамастан, шетелде үнемі қазақтар деп атайды. Бұл – табиғи құбылыс. Солай болуға тиіс.*

*Біздің қоғам – ортақ идеалдар мен құндылықтар біріктірген еркін әрі жауапкершілігі мол азаматтардың одағы. Бұл – жалпыұлттық бірегейлігіміздің тағы бір жарқын көрінісі. Сондықтан бүгінде азаматтарымыздың барлығы өздерін үлкен әрі біртұтас қазақ отбасының, шын мәнінде, қазақ ұлтының мүшесі сезінеді. Біз бәріміз – бір отбасымыз. Бұл – артық айтқандық емес. Бұл – біздің шынайы болмысымыз. Осы ретте біз мақтаныш ететін этномәдени аралуандығымыз ешқайда жоғалып кетпейді. Керісінше, біртұтас азаматтық негіз есебінен нығая түседі», - деді [1].*

Азаматтардың бірегейлікті қалыптастыратын негізгі бір сипат – мемлекеттің тілі, осы тілдің әр азамат үшін құндылыққа айналуы. Мемлекеттік тіл қазақ тілі екені белгілі.

Тіл құндылығы адамды адам ететіндігінде, тілдің арқасында айналамызды түсіне алатындығымызда, қоғаммен қарым-қатынасқа түсу бақытын бастан кешетіндігімізде, білім, мәдениетті меңгеретіндігімізде, басқа тілдерді үйреніп жаңа әлем аша алатындығымызда.

Әрине, халықтың ең зор құндылығы – оның тілі. Сөйлейтін, жазатын, ойлайтын тілі. Ойлайтын тілі дегенге терең мән берейік. Демек, оның өмірі ана тілі арқылы ғана саналы ғұмыр болады.

Аксиология ілімінде басты құндылықтың бірі – тіл. Дей тұрсақ та, өркениеттің кесірінен материалдық құндылық жол бермей тұр.

Ғылымда да, қоғамда да тілдің қызметтерінің ішінде қарым-қатынас құралы болу қызметі басымдыққа ие. Ең керегі де осы қызметі. Оның басқа қызметтеріне мән беріле бермейді. Осы жайт тілдің құндылығын арттыруға үлкен тосқауыл болып тұр.

Құндылықтар жүйесі ұғымы инсанның өзінің айналасындағы социумда нені бағалауын білдіреді. Бұл уәжделу (мотивация) ұғымымен тығыз байланысты. Уәжделу деп отырғанымыз – психофизиологиялық үдеріс, әрекет жасауға түрткі, осы түрткі адамның қылығын басқарады, әрекетіне бағыт беріп тұрады, өзінің қажетін қанағаттандыруға әрекет етуге деген қабылетіне, ұмтылысына, белсенділігіне, сол жолдан таймайтындығына себеп болады.

Тілдің құндылық екені сөзсіз, бірақ құндылық құндылық болу үшін жеке инсанның психикасындағы уәжделу керек болады. Осы уәж құндылықтың артуына да, төмендеуіне де әсер етеді. Бұл уәждің теріс бағытқа қарай бұруына әсер етіп тұрған жахандану, нарықтық экономика, қазір басты ұстанатын ұстанымымыз прагматизм. Нарықтық экономика не нәрседен болсын табыс табуға мәжбүр етеді. Жахандану бізге жалынып отырған жоқ, өзіміз жұтылуға ұмтылып жатырмыз. Прагматизм нендей қарекет болсын пайдалу болуы керектігіне жетелейді.

Осының салдарынан кез келеген әрекет қаншалықты пайдалы, табысты болса, соншалықты құнды, бағалы. Демек, мемлекеттік тіл әкелетін пайда, табысына қарай құнды болмақ. Осыған орай қарасақ, мемлекеттік тілдің құндылығы бұл жағынан елеусіз екен.

КИМЭП доценті Ж.Смагулова («*Kazakh and Russia divide in Kazakhstan: Linguistic and social inequality*») 2005 жылдың қараша айынан 2007 жылдың ақпан айы аралығында әлеуметтік-демографиялық шығу тегі (этникалық тиістілігі, жасы, жынысы, табысы, тұрғылықты жері, білім деңгейі) әртүрлі болып табылатын 2255 респондентке жаппай сауалнама жүргізген екен [2]. Мақсаты лингвистикалық және әлеуметтік теңсіздікті байқап көру болған. Оның нәтижелері мына кестелерде:

*Kazakh and Russia divide in Kazakhstan: Linguistic and social inequality*

1-кесте. *Табыс бойынша қазақ және орыс тілдерін ауызша білетіндігін мәлімдегендер*

\$	Қазақ тілінде еркін сөйлейтіндер	Орыс тілінде еркін сөйлейтіндер	Орыс тілінде еркін сөйлейтін қазақтар	Қазақ тілінде еркін сөйлейтін қазақтар
50	217	270	94	179

50-100	374	505	153	277
100-130	343	593	194	225
300-500	80	179	59	51
500-ден көп	68	117	55	50
<b>Барлығы</b>	<b>1150 (51%)</b>	<b>1739 (77,1%)</b>	<b>555 (54,3%)</b>	<b>782 (75,5%)</b>

2-кесте. Айлық табыс бойынша жұмыс орнындағы тілдер

	<b>Тілдер</b>					
\$	Қазақ	Орыс	Қазақ және орыс	Қазақ, орыс, ағылшын	Орыс және ағылшын	Қазақ және ағылшын
50	61 (15.4%)	116 (29.4%)	42 (10.6%)	2 (0.5%)	3 (0.5%)	-
50-100	120 (17.1%)	233 (33.3%)	133 (19.0%)	14 (2.0%)	16 (2.0%)	1 (0.1%)
100-300	82 (11.7%)	274 (39.3%)	225 (22.5%)	26 (3.7%)	28 (3.7%)	2 (0.3%)
300-500	17 (8.4%)	88 (43.6%)	39 (19.3%)	12 (5.9%)	14 (5.9%)	-
500-ден көп	6 (4.5%)	42 (31.6%)	29 (21.8%)	17 (12.8%)	12 (12.8%)	-
<b>Барлығы</b>	<b>306 (13.6%)</b>	<b>792 (35.1%)</b>	<b>408 (20.0%)</b>	<b>73 (3.2%)</b>	<b>74 (3.3%)</b>	<b>3 (0.1%)</b>

Бұл нені білдіреді?

Біріншіден, табысы төмен адамдардың көбі орыс тілін жеткіліксіз білетіндігі туралы айтады.

Екіншіден, орыс тілін білмейтін адамдардың орыс тілін білу талап етілетін кеңістіктерге (біздің жағдайда жоғары ақы төленетін жұмыс орындарына) қолжетімділігі шектеулі немесе мүлде жоқ.

Жұмыс орнындағы айлық табысы бойынша сараласақ, мынаны көреміз:

- біріншіден, бұл орыс тілі кең тараған тіл екенін көрсетеді, өйткені барлық экономикалық топтарда адамдар қазақ тілін еркін меңгергендігіне қарағанда, орыс тілін еркін меңгергені туралы көбірек мәлімдейді.

- екіншіден, бұл қазақ тілінде сөйлейтіндердің пайызы азаятындығын, ал орыс тілінде сөйлейтін адамдардың пайызы айлық табыстың артуымен ұлғаятынын көрсетеді.

- үшіншіден, бұл үрдіс әсіресе қазақтар арасында байқалады: \$500 және одан да көп табыс табатын респонденттер орыс тілін еркін білетіндігі жайлы екі есе көбірек мәлімдейді (үлес: 44,8% және 85,9%).

Ресейде кіші ұлттардың жастарының ұлт тілін этникалық құндылық деп есептеуін мынадай өлшемдермен бағалайды екен:

1. Анамның тілі.
2. Әкемнің тілі.
3. Туған жеріндегі жұрттың көбі сөйлейтін тіл.
4. Тәрбиеленген әлеуметтік ортасының тілі.
5. Бала кезінде меңгерген тіл.
6. Ата-анамның тілі.
7. Бұл тілдің ешқандай мәні жоқ.
8. Басқа [3,207-210].

Қазақстаннан мұндай статистика кездестірмедім, нақтылай айтқанда, қазақ тілінің құндылығы өлшенген жоқ.

Қазіргі тіл білімінде әлем бойынша, әсіресе, ТМД аумағында, антропoцентризм дәріптеледі. Бұл тілдегі жеке адам, жеке адамдағы тіл мәселесін түбегейлейді. Осы тұрғыдан келгенде, «Ел ерге қарайды» деген ұстанымдағы Қазақ елі бірінші басшыға қарап бой түзейді. Сондықтан Президенттен бастап ауыл әкіміне дейін мемлекеттік тілді құнды етуге міндетті.

Уикипедияда мынадай анықтама бар: «Құндылық – мәдениеттің құрамдас бөлігі. Мәдениеттің құрамдас бөлігі болуы себепті құндылық адамдардың өзін ұстауын реттейді, олардың шынайы тәртібін айқындайды. Мәдениет құндылықтары, тиісінше, материалдық және рухани болып бөлінеді. Құндылықтардың мазмұны қоғамның мәдени жетістіктерімен шарттастырылған. Құндылықтар әлемі, сөздің кең мағынасында, мәдениет әлемі деген сөз. Ол адамның рухани қызмет аясы, оның санасының дұрыстығын айғақтаушы, адамның рухани байлығының өлшеуіші іспетті. Құндылықтарды мүдделердің қарапайым жалғасы немесе бейнеленуі ретінде қарастыруға болмайды. Олар салыстырмалы өзінділікке ие» [4].

Ахмет Байтұрсынұлы тіл дамуы мәдениетпен тікелей байланысты екенін, 1926 жылы түркітанушылар сиезінде, Бакуде, сөйлеген сөзінде дәлелдеп кеткен. Тілдің құнды болуына тілдің ешқандай жазығы жоқ, Ахметше айтқанда, «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау. ... жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек» [5].

Ресейде орыс тілінің құндылығын арттыру мәселесі де олар үшін көкейтесті мәселенің бірі болып есептеледі. В.Костомаров: «Біз қазір тілге риза емеспіз, бірақ түсінуге тырысамыз: тіл бұған кінәлі ме, әлде басқа нәрсе ме? Өйткені,



*тіл оны қолданатын адамдарға бағынады. Ол қоғамның қажеттіліктеріне бейімделеді. Егер біздің қоғамда болашақ туралы, мықты отбасы туралы, балалардың бақыты туралы ойлау қажет болса, онда тіл осы бағытта жүреді. Егер бізде ең бастысы – алаяқтықпен ақша табу, зорлық-зомбылық болса, онда тіл осында айналады. Тіл қоғамның жағдайын көрсетеді, сондықтан қазір тілді емес, қоғамды түзету керек» [6], - дейді.*

Біздің мемлекеттік тіл құндылығы артсын десек, біз де тілді емес, қоғамды түзеуіміз керек.

Қазіргі кезде айқын көрініп тұрған бір келеңсіздік қазіргі ұрпақтың (шамамен 3-30 жас арасындағы) қарым-қатынас тілі орыс тілі болып кетті. Қазақ мектептерінің оқушылары сынып бөлмесіндегі сабақты қазақша айтатын болар, одан тыс жерде жаппай орысша сөйлейтін болып кетті. Мұғалымдар шарасыздық танытады, әке-шеше әлеуметтік торапқа жабады. Кішкене сәбидің ата-анасының өзі орысша сөйлейтіні тағы бар. Бұл нені білдіреді? Жас ұрпақтың санасында қазақ тілі құндылық ретінде қалыптасып жатпағанын білдіреді. Бұл жерде мәселені, әрине, әке-шешенің патриоттығы шешеді. Бірақ қазақ ұлтының патриоты деп көрсетуге болатын азаматтардың да прагматизмге бой беріп тұрған айғақтары өте көп. Патриотизм Қазақстан деген елді жақсы көру деп қана түсінеді олар. Елдің елдігін көрсететін тіл екендігіне сенбейді. Бұған Бейбарыстың тағдырын, Хазар қағанатының тарихын мысал етсе де жетеді.

Ескере кетер бір жайт, қазақ тілін үйреніп, қазақ тілінде сөйлеп жүрген басқа ұлт өкілдері мемлекеттік тілді қарым-қатынас үшін үйреніп жүрген жоқ, міне, солар қазақ тілін құндылық деп санап жүр. Өкінішке қарай, бұл жалпы үдеріс емес, жекелеген санаулы оқиға ғана.

Мемлекеттік тілдің құндылығын арттыруға жазудың да ықпалы зор. Қазақтың архисанасында жазу ұғымы жазмышпен астасады. Осыны білсек, әліпбидің ауысуы да құндылық өлшемін өзгертеді. Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, біздің тіліміз сөйлеу тілі ғана емес, жазу тілі де. Қазір жазбашы сөйлеу деген ұғым әбден қалыптасқан. Демек, жазылым да тілдің құндылығын көрсететін фактор.

Ғалым Е.Тіләшов мынадай айғақтарды көрсеткен:

*«... қазіргі кезде 200 миллионға жуық түркітілдес халық бар десек, оның 55,6 пайызы латын әліпбиінде, 25 пайызы араб жазуында, 17,7 пайызы кирилл әліпбиінде, қалған аз бөлігі өзге әліпбилерді қолданады екен. Осы мәліметтердің өзі біздің әзірше ашылықтың ішінде екендігімізді, латын әліпбиі арқылы көпшілікке қарай бет алатынымызды аңғартады. Яғни латын әліпбиі түркілік тұтастыққа алып келеді» [7].*

Демек, мемлекеттік тіл латын әрпінде болса, құндылығы артады деп санауға

болады (17 пайыздың ішінде болған артық па, 55,6 пайыздың ішінде болған артық па?!).

Мемлекеттік тілдің құндылығын арттырудың әзірше мынадай жолдарын көріп отырмын:

- мемлекет тарапынан айтылатын сөз мемлекет тілінде болу керек. Мемлекеттік орын ба, оның тілі де мемлекеттік болу керек. Бұл – Конституция талабы;

- құндылықтың құндылық болуы бағалаумен байланысты екенін айттық, бағалау пайдалылықпен байланысты, тіл де тұтынатын нәрсе, осы тұрғыдан ол материалданады, материалдық пайдасы да болуы керек. Олай болса, қазақ тілінде еңбек ету тиісінше табыс та әкелуі керек. Осыны мемлекет, мемлекеттік орындар ескеруі қажет, шаралар қабылдауы қажет;

- мемлекеттік тілдің тарихи-мәдени (кумулятивтік) қызметіне идеологиялық пәрмен беру керек, тіл мәдениет белгісі болғандықтан, қазақ тілін білмейтін адам мәдениетсіз деп танылуға тиісті;

- әлеуметтік торапта қазақ тіліндегі контентті көбейту қарқынын арттыру керек;

- ата-ана, мектепке мемлекеттік тілді дамыту жөнінде міндеттер жүктелу керек.

### Әдебиеттер

1. Тоқаев Қ.К. «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» атты XXXII сессиясында сөйлеген сөзі // <https://www.akorda.kz/kz/-2731938>

2. Смагулова Ж. Kazakh and Russia divide in Kazakhstan: Linguistic and social inequality // <https://independent.academia.edu/>

3. Шабыков В.И., Кудрявцева Р.А., Казанцев Д.Е. Язык как этническая ценность (К вопросу об этнической природе общественного сознания населения Республики Мари Эл в начале 2010-х годов) // исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. // Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота, 2014. - №2. Ч. 2. – С. 207-210

4. <https://kk.wikipedia.org/wiki>

5 Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», -2013. Т1: – 384 б.

6. Костомаров В. Язык и культура: новое в теории и практике лингвострановедения.

7. Тілешов Е. Түркі тілдері: әліпби және қазіргі тілдік жағдаят // <https://yassy-tur.kz/?p=38237>

## АЛМАГҮЛ ӘДІЛОВА

*Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті профессоры,  
филология ғылымдарының докторы*

### КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ ИГЕРІЛУІ: ГРАФИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ

Кез келген тіл – жанды құбылыс, себебі ол, белгілі-белгісіз лингвистер, сөз өнері арқылы айналаны қабылдауын, түсініп-түйсінуін эстетикалық түрде басқаларға жеткізетін қаламгерлер мен қарапайым халық айтқандай, қарым-қатынас құралы, ақпарат алмасу құралы, әсер ету құралы. Ал адам өмір сүріп отырған қоғам үнемі қозғалыс, даму үдерісінде болатындықтан, тіл де бұл үдерістерден тыс қала алмайды. Әр саладағы объективті өзгерістер, ғылым нәтижелерінің кеңінен таралуы, техника мен технологияның адам өміріне, тұрмысына дендеп енуі, соның нәтижесінде ұлттық, мемлекеттік шекараның шартты фактор болып қалуы, әр қилы деңгейдегі қатынастарды еш кедергісіз орнату мүмкіндігі, мәдениетаралық коммуникацияның дамуы, ағылшын тілінің экспансиясы көптеген тілдердің сөздік қорына әсерін тигізіп отырғаны сөзсіз.

Әр лингвомәдени қоғам мүшелері басынан өткерген түрлі тарихи кезеңдердің ізі, белгісі кірме сөздер болып саналады.

Әр автохтонды тіл түрлі даму кезеңінен өтеді, яғни тіл негізгі грамматикалық заңдылықтарын аса өзгертпесе де, лексикалық қабатын жоғарыда аталған себептер негізінде өзгертіп отырады. Бұл әлем тілдерінің бәріне тән үрдіс те, үдеріс те, сондықтан қазақ тілінде әр кезеңде түрлі тілдерден кірген лексикалық бірліктердің мол шоғыры бар.

Қоғамдағы өзгерістер тілге әсер-ықпалын тигізбей қоймайтынын жіті түсінген Алаш зиялылары (А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омарұлы, М.Дулатұлы, Н.Төреқұлұлы) аталған мәселе туралы пікірлерімен пуристік бағытты қолдаса, кеңестік кезеңде, кірме сөздердің енуінде интернационалистік қағидат үстемдік етті.

Ал Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет болып жарияланған күннен бастап, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңіту, оның мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін бар салада орнықтыру тіл саясатының басты мақсаты болғандықтан, тіл тазалығын сақтау мәселелері ғалымдардың да, қалың көпшіліктің де назарын үнемі аударып отырғаны белгілі.

Қазіргі кезде кірме сөздер мәселесінің өте өзекті болып тұрғанын ауызекі

сөйлеу тілі, бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары көрсетіп отыр. Мәселен, жастар тілінде кездесетін *ези, краш, вайб, кринж, хейт* сияқты бірліктер, әртүрлі дискурста қолданылатын *ресепшн, коуч, хаб, кэшбек, пролонгация, меритократия* тәрізді сөздер қатары күн өткен сайын көбеймесе, азайып жатқан жоқ. Оның себебі – жалпы кірме, шеттілдік сөздермен жаңа ұғымды атау, тілдік құралдарды үнемдеу, берілетін ақпараттың нақтылығы, стилистикалық тұрғыдан неғұрлым елеулі бірлікті жұмсау, яғни сөйлеушінің интенциясына байланысты.

Аудиовизуалды бұқаралық ақпарат құралдары – кірме сөздердің ең жиі көрінетін (айтылатын, жазылатын) орны. Мысалы, «Егемен Қазақстан» газетінің соңғы аптадағы бір нөмірінде (9.11.2023) ресми хабарда мынадай сөздер кездесті: *форум, формат, дата, конструктивті ықпалдастық, стратегиялық әріптестік*; ал әлеуметтік мәселеге арналған мақалада «астық экспорты, символдық мәні, цифрлық технологиялар, магистралды газ желісі, автоматтандырылған газ тарату стансасы, облыстық партия филиалы, шағын және орта бизнестің, құрылыс-монтаж жұмыстары, бюджеттен (Алты ауылға газ жетті) көгілдір отын тарту, газдандырылып»; ал «Түркістан» газетінің бірнеше нөмірінде (№35,38,39) *лудомания, шорт-парақ, шот, хайп, клик, флэшмоб, фриланс, субсидиялау, блюрлемей* деген сөздер қолданылған. Бұлардың кейбірі көпшілікке түсінікті болса, енді бірі қазақ тілінің қосымшаларын қабылдағанмен, түсініксіз. Дегенмен, бәрінің графикалық бейнесі ерекшеленіп тұрғаны сөзсіз.

Лингвистикада кірме сөздер игерілуі:

- 1) графикалық;
- 2) фонетикалық;
- 3) грамматикалық;

4) сөзжасамдық деңгейде жүзеге асып, тілдің лексикалық қорына енуінен, сөйлеуде үнемі қолданылуынан көрінетіні дәлелденген. Мысалы, *хақиқат – ақиқат, бірадар (пірадар), гажайып (ажайб араб таңғаларлық), зілзала (ар. зилзала) – жер сілкінісі, майдан (пар. алаңқай, алаң, жазық жер соғыс өтетін алаң, соғысатын жер), бәдауи (нем. Beduine – фр. Bedouin – арbedawi), бәтеңке* сияқты кірме сөздерді ерте заманда еніп, барлық тұрғыдан игерілген, қазір жаттығы сезілмейтін бірліктер ретінде атауға болады. Кейінгі кезде енген мұндай бірліктер қатарында *халал (ар. халал – «рұқсат етілген, тыйым салынбаған»), «арам емес, таза», «кіршіксіз, пәк»), мәтін (парсы матн – ақпаратты жеткізетін, мазмұны бар сөйлемдер тізбегі), сынып* сөздерін ғана атай аламыз. Ал басқа тілдік бірліктер бұлайша игерілмеген.

Мына үзіндідегі кірме сөздер бірден көзге шалынып, оқу үдерісінде де кедергі сезіледі: «Ал 29 қазанда каталитикалық крекинг қондырғысы іске

қосылып, тұрақты жұмыс режиміне көшірілген. Бұл қондырғы кестедегі мерзімінен 2 күн бұрын іске қосылып отыр... Бұл – жабдықтарды таза-лау, пештер мен реакторларды қаптау, тозған жабдықтар мен катализаторларды ауыстыру, колонналық жабдықтардың ішкі құрылғыларын модификациялау».

«ЕҚ» газетінде кірме жекелеген кірме сөздердің қазақ тілінің заңдылығымен игерілген нұсқасы да (станса, режим), орыс тіліндегі нұсқасы да (станция, режим) кездескенін айту керек, яғни сөздің жазылуында бірізділік жоқ.

Байқалып отырғандай, кірме сөздердің өзін үлкен екі топқа бөлуге болатыны байқалады, яғни кірме сөздер және шеттілдік сөздер.

Кірме сөздерді лексикографиялық деректер былай анықтайды: «*белгілі бір тілдерге басқа тілдерден ауысқан сөздер мен сөз орамдары, сөзжасам қосымшалары мен мен сөз тіркестері*» [1, 124];

«*ШЕТТІЛДІК - басқа бір тілден ауысқан кірме сөз*» [1, 144].

«*Кірме сөз – зат, құбылыс, ұғым түрлерімен бірге басқа тілдерден ауысқан сөздер*» [2,150]

«*Шеттілдік сөздер – тілдің лексикалық жүйесінің ерекше саласын құрайтын, тілдің семантикалық, грамматикалық, фонетикалық, орфографиялық ерекшеліктері сақталған, өздерінің «шетелдік» бейнесін сақтаған, сондықтан да сол тілді пайдаланушыларға «шетелдік қасиеті» көрініп тұратын, тілдік санасында «бөтен» сөздер ретінде қабылданатын сөздер*» [3, 113]. Мысалы, *майнинг, медиадискурс, кэжуал-шик, пароль* т.б.

Қазір кірме сөздердің енуі заңды құбылыс екенін көрсете отырып, олардың қолданылуы жөнінде қарама-қарсы пікірлер бар екенін жарияланып жатқан мақалалар мен сөздіктер дәлелдейді [4; 5; 6; 7;].

Аталған тілдік бірліктердің адам санасында орнығуы үшін алғышарт болып саналатын қабылдау терминіне назар аударалық. Психологияда «қабылдау» терминіне мынадай анықтамалар берілген: «*Қабылдау – ақиқат дүниедегі заттар мен құбылыстардың сезім мүшелеріне тікелей әсер етіп, тұтастай заттық түрде бейнеленуі. Қабылданатын заттардың қасиеттері мен бейнелері кеңістікте шоғырланады. Қ. – дағы бұл үрдіс объективация деп аталады*» [8, 283].

Білім алудың әр деңгейіне қарай түрлі дағдылары қалыптасқан адамның тілдік санасында, жадында өзіне таныс, үнемі қолданылатын сөздің бейнесі сақталып қалады, бұл қабылдаудың тұрақтылығы немесе константтылығына байланысты. Сонымен қатар ол қабылдау арқылы осы өзіне белгілі ортадағы (контекстегі) таныс емес, шеттілдік сөзді де объективтендіреді.

Шеттілдік сөздерді қабылдау бірнеше сезім мүшелерінің қызметі арқылы

жүзеге асады, яғни есту, көру, сөйлеу анализаторларының синтезі нәтижесінде кірме сөздің графикалық образы санада сақталып қалады. Мұны психологиядағы фон және фигура деген ұғымдармен түсіндіруге болады, яғни «Қабылдауда ерекше айқын көрініп тұрған нәрсе, фигура делінеді де, қалғандары соның фоны болады. Сөйтіп, аса зейін қойған зат әр кезде фигура болады да, оның айналасындағы қоршау фон болып есептеледі» [8, 285].

Бұдан шығатын қорытынды – кез келген жазба материалдағы, сөйлеу өніміндегі жалпыхалықтық қолданыстағы бірліктер (оның арасында игерілген кірме элементтер де бар) қоршауындағы шеттілдік сөздер бірден көзге де, құлаққа да шалынады.

Кірме сөздер, шеттілдік сөздер емлесі, қолданылуы Совет заманында да аса өзекті мәселе болғанымен, Қазақ ССР Жоғары Советі Президиумының Указымен 1983 жылы 25 августа бекітілген «Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерінің» жаңа редакциясына сәйкес шығарылған «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде» (1988) кірме сөздерге арнайы тарау берілмеген, ал «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылы 26 қазандағы №569 Жарлығына сәйкес бекітілген жаңа әліпби бойынша әзірленіп, 06.12.2018 Ұлттық комиссия мақұлдап, «Егемен Қазақстан» газетінде республика халқының талқылауына ұсынылған (18.01.2019) «Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелерінің» «Тірек ұғымдарында» кірме сөздер мен шеттілдік сөздердің анықтамасы беріліп, олардың жазылуы, түрленуі арнайы тарауда көрсетілген. Онда кірме сөзге «қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтары бойынша игеріліп жазылатын өзге тілден енген сөз» деген анықтама берілсе, «Шеттілдік сөз – жазба тұрпаты түпнұсқасынан үлкен айырмасы болмайтын өзге тілден енген сөз» деп нақтыланған. Осы ережеде ұсынылған бірнеше сөздің қолданылуына (айтылуы және жазылуы) қатысты пікірлерін білу мақсатында сауалнама жүргізілген еді. Оған білім деңгейі, жасы әртүрлі 72 адам қатысып, 60-ы мынадай 5 сұраққа жауап берген:

1. Кірме (шеттілдік) сөздерді қолданасыз ба? Бірнеше сөз атаңыз.
2. а) Оларды дыбыстауда орфографиялық нормаға сүйенесіз бе?  
ә) Әлде қазақ тіліне бейімдеп қолданасыз ба? (Иә, жоқ деген жауабын көрсетіп, себебін түсіндіру талап етілген еді).

3. Қарапайым дискурста жартылай игерілген шеттілдік сөздер кездеседі, мысалы, *кәстәм-шалбар, кәстрөл, гәстрөл, нөмір, слесір, пәлте, ведіміс, кәресен, доқтыр*. Оларды осы қалпында жазуға қалай қарайсыз? Қолдайтын-қолдамайтынын көрсету керек болатын).

4. Осы нұсқадағы сөздерді БАҚ-та кездестірдіңіз бе?

*Әлбом, кепкі, келі, шенеунік, шабадан, бәлзам, мұлтфилм, алкоголь, ройәл, факултет, әлпинис, әлманаһ, асфәлт, манөвр.*

5. *Әлбом, кепкі, келі, шенеунік, шабадан, бәлзам, мұлтфилм, алкоголь, ройәл, факултет, әлпинис, әлманаһ, асфәлт, манөвр сөздерінің емлесін қоғам қабылдай ма?*

6. Кірме сөздерді қазақы емлемен (игерілген нұсқада) жалпыхалықтық қолданысқа қалай түсіруге болады?

Алғашқы сұрақ бойынша 4 адам кірме сөздерді қолданбайтынын көрсетсе, жиі жұмсалатын кірме сөздер арасында *көшір, кәрзеңке, самаурын, нөмір, бөтелке, әдебиет* т.б. сияқты игерілген сөздер де, қазіргі техника, технологияға қатысты, күнделікті қарым-қатынас барысында қолданылатын терминдер, қарапайым сөздер, жаргондар, жастар сленгіндегі бірліктерді аталған, мысалы, *инстаграм, портал, терминал, лайфхак, батл, инсайд, тупа, ахи, кринж, лайк, ужас, окей.*

2-сұрақтың бірінші тармағының сұрағына жоқ деп жауап бергендер саны басым (51,7%) көрінсе, екінші тармақ бойынша иә жауабының үлесі жоғары (60%) болды.

3-сұрақтың жауабынан қолдамайтындар саны көп екені айқындалды, яғни 72 адамның 69,4%-і. Қолдайтындардың себептерінің арасында «ауызекі сөйлеуде ыңғайлы, үндестік заңдары сақталған, құлаққа жағымды», ал қолдамайтындар жауаптарының арасында «құлаққа жағымсыз, қажетшілік жоқ, ерсі, қазақ тілінің сәнін кетіреді, онсыз да қазақ тілі көркем» деген пікірлер байқалды, яғни шеттілдік сөздердің қолданылуына қатысты қарама-қарсы ұстаным бар.

Сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі (83,3%) аталған сөздердің БАҚ-та кездеспейтінін және оларды қоғам қабылдамайтынын көрсетті (81,9%) (4-, 5-сұрақтар)

6-сұраққа жауап бергендердің кірме сөздерді игеріп қолдануға қатысты жауаптарын шамамен былайша топтастыруға болады:

- *кірме сөздерді әдеби тілге икемдеп, қолданысқа енгізу керек;*
- *қолданбауға тырысу керек, қажеттілік жоқ;*
- *БАҚ көмегімен игеріледі;*
- *орфографиялық сөздікте бекітсе, жалпыхалықтық қолданысқа түседі;*
- *халық алдына бірнеше нұсқа беріп, талқыға салу керек.*

БАҚ-та, жазба мәтіндерде сөздің көз үйренген, тілдік санада орныққан графикалық бейнесінен бас тарту оңай емес екенін осы жауаптар көрсетіп отыр, яғни жоғарыда айтылған қабылдау тұрақтылығымен тікелей байланысты.

Сөзімізді түйіндер болсақ, кірме, шеттілдік сөздердің қазақ тілі заңдылықтарына сай игерілуі, орнығуы үшін жаңа әліпби тезірек қабылданып, соның не-

гізіндегі емле ережелері қалың көпшілікке ұсынылып, нормативтік заң актісімен бекуі керек. Тек сонда ғана шеттілдік сөздердің жаңа, игерілген графикалық бейнесі білім берудің ең алғашқы сатысынан бастап, барлық деңгей оқулықтарында, БАҚ, әлеуметтік желілер арқылы кеңінен таралып, қолданысқа түсетін болады.

### Әдебиеттер

1. Тіл білімі сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 544 б.
2. Тіл білімі терминдерінің сөздігі. – Алматы: Фирма «Орнак» ЖШС, 2012. – 388 б.
3. Сүлейменова Э.Д., Авакова Р.А., Мәдиева Г.Б. Қазақ тілі лексикалық қорындағы шетел сөздері // ҚазМУ хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2000. – №37. – Б.112-113.
4. Смағұлова Г.Н., Айтжанова Г.Д. Медиамәтіндерден енген шеттілдік жаңа сөздердің қазіргі қолданыс сипаты // Абылай хан атындағы ҚазХТжәне ӘТУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – Алматы, 2022. – Том 64. №1. – Б.213-227.
5. Жамбылқызы М., Есалы Д.С. Қазақ тіліндегі кірме сөздердің бүгінгі мен ертеңі // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2021. – №4. – Б. 24-32.
6. Сөздік. Шеттілден енген жаңа сөздер ( құрастырғандар Смағұлова Г., А.Камал). Алматы: Қазақ университеті. – 2018. – 216 б. А.
7. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 596 б.
8. Психология: Энциклопедиялық сөздік. / Бас редакт. Б.Ө.Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 624 б.



## БЕКЖАН ӘБДУӘЛИҰЛЫ

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры,  
филология ғылымдарының докторы*

### ҚАЗАҚ ОНОМАСТИКАСЫН БІЛІМ ЖҮЙЕСІНЕ ЫҚПАЛДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ономастика – тарихы өте ертеден басталады және адамзат танымының, мәдениетінің, мемлекетілігінің т.б. дамуымен бірге үздіксіз ілгерілеп келе жатқан сала. Тіл білімінің жалқы атауларды зерттейтін саласы. Ғасырдан астам зерттелу тарихы бар және бұл бағытта көптеген ғылыми еңбектер жарық көрген. Қазақ ономастикасының зерттелу тарихын сипаттап, ғылыми еңбектер тізімін жасаған ғалымдар – Т.Жанұзақ пен Қ.Рысберген [1]. Зерттеу еңбектердің басаяғын жинақтай келгенде қазақ ономастикасының білім жүйесінен орын алуға толық мүмкіндігі барын анық көреміз. Өкінішке орай, бұрын білім бағдарламасындағы көлемі «қазақ лексикологиясы» курсы аясында жалпылама мәлімет беріліп, шолу дәрежесіндегі қысқаша сипаттамамен ғана шектелетін, ал қазіргі таңда ЖОО-лардың филология мамандықтарында арнайы мән беріліп, курс көлемінде оқытылады, бакалавр дипломдары, магистр, докторлық диссертациялар қорғалады. Сонымен қатар мектеп оқушыларының ғылыми жобаларында да ономастикалық тақырыптарға орын беріліп, туған жердің атаулар жүйесімен танысуына мүмкіндіктер туып отыр. Ономастиканың білім мазмұнынан орын алуы мектеп жасындағы ұрпақтың жалпы мәселеден хабардар болуына, туған жерді тану, патриоттық сезімдерін оятуға, оң ықпал ететіні белгілі. Солай болуы керек те, өйткені жаңа заман ұлттық атаулардың қоғам өміріндегі орнын анықтап алуды талап етеді. Мемлекеттік мәні бара саланың жалпы және ішкі мәселелерінен қоғамның әрбір мүшесі хабардар болған жағдайда ономастикалық саясат пен принциптер қоғамдық көзқарастармен үйлесім тауып отырмақ. Сондықтан ғылыми-зерттеулермен қатар оны жас ұрпақ санасына ертеректен еге берудің маңызы өте зор. Бұл орайда оған білім мазмұнынан орын беру оңтайлы шешім болмақ.

«Ономастиканы не үшін оқимыз?» – дейтін сұрақтың жауабы әрі мәселенің өзектілігі болып табылады. Өзектілікпен қатар маңыздылығы да арнайы тоқтала кетуді қажет етеді. Территориясының алыс-жақын жатқанына қарамай, әлем елдері арасында тығыз қатынас орнаған қазіргі уақытта ұлттық тілдердің, соның ішінде әсіресе ономастикалық атаулардың ұлттық бояуы солғындап бара

жатқаны белгілі. Жағдайды қаланың ономастикалық бейнесіне қарап бағалауға болады. Мысалы, Астана қаласы бойынша жекеменшік кәсіпорындар атауларының дені орысша немесе ағылшынша. Мысалы, «Московский», «Арғымак», «Astana Tower», «БЦ Алма-ата», «Expo», «Санкт-Петербург», «Marden», «Silk Way Center», «Нур Тау», «Buro Haus», «Мечта», «Бизнес центр Q», «The avenue», «Конгресс-центр», «Санкт-Петербург», «Шанырақ 2», «Viva plaza» т.б. бизнес орталықтар мен «Ланн Қазақстан, ТОО», «Лаура Плюс, ТОО», «Лига-Полис, ТОО», «ЛИМ-2010, ТОО», «Лингва ГИД, ТОО», «ЛК Зерно Сибири Қазақстан», «ТОО, Локомотив құрастыру зауыты, АО», «МУСН, ТОО», «МажорСity, ИП» т.б. жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер мен акционерлік қоғамдардың арасында қазақша атаулар сирек кездеседі. «Ономастикалық атаулардың ұлттық бояуы солғындап бара жатыр» деуімізге себеп болып отырған осы көрініс. Жекеменшік кәсіпорындар атаулары жеке адамдардың өз қалауымен қойылған, екінші жағынан бұл қоғамдық санадағы жалқы атауларға деген сұраныстың да көрінісі. Келесі мәселе кісі есімдерінің жазылу нормасына байланысты. Ресми құжаттардың көбі орыс тілінің заңдылықтарына бейімдеп жазылған немесе бұрмаланып, қате рәсімделген. Құжатында аты-жөні қате жазылған<sup>1</sup> адамдардың көбі – жоғары білімді азаматтар. Ұлттық ономастиканың осындай жағдайға тап болуына мемлекеттік органдардан бастап, жекелеген адамдарға дейін себепкер десек, қазақ қоғамының елеулі бөлігін кінәлаған болып шығамыз. Алайда оның себепін, ең бірінші, ономастикалық сауаттылықтың төмендігінен көруіміз керек, сауаттылықтың төмендігі және тиісті нормативтік талаптардың әлсіздігі өз кезегінде немқұрайлыққа алып келеді. Тиісті талаптардың қойылуы аса маңызды, алайда жалпы қоғам тарапынан қолдау таппаған талап (мейлі ол құқықтық сипат иеленсін) қызметі өз мәртебесінде атқарылмайды. Оны қазіргі қоғам тәжірибесі көрсетіп отыр, ал бүгінге дейінгі қалыптасқан жағдайды бірер жылдың ішінде оңалтып жіберу оңай емес. Қарқынды әрі үздіксіз даму үстіндегі нарықтық экономиканың заңдары адамзатқа ортақ қажеттіліктерге құрылған, бұндай жағдайда ұлттық құндылықтарын қорғау – әркімнің өз мүддесі ғана. Ал қоғамда жаппай сауаттылық болмағанда, Қазақстан ономастикасы өзінше бағыт ала алмай, күшті ықпалдардың жетегінде кете береді. Құқықтық құжаттарды болып жатқан үздіксіз өзгерістерге лайықтап күнде жаңартып отырудың да жолы жоқ. Әрбір Қазақстан азаматының қазақ ономастикасы мен оның мәні туралы түсінігі болып, ұлттық құндылық ретінде жанашырлықпен қараған кезде ғана мәселе өз шешімін табады. Сондықтан ономастикалық мәселе қысқа мерзімді бола алмайды, керісінше, ол күн тәртібіне стратегиялық мүдде ретінде қойылуы тиіс.

<sup>1</sup>Қазақ аты-жөні тек қазақша ғана дұрыс жазылады, орысша бұрмаланған жағдайда қазақ тіліндегі мағынасын бере алмайды, сондықтан олар да қате жазылғандардың қатарына жатады.

Ең бірінші маңыздылығы – ақпараттылығы. Бір ғана терминнің құрамына топтастырылғанмен, ономастика – ауқымы өте үлкен, түрлі бағыттарды қамтитын сала. Ауқымы жағынан аспан мен жердің арасындағы халық танымы қабылдаған барша жаратылыстың жалқы атулары ономастикаға тән. Аспан денелерінің атаулары, жер-су атаулары, жануарлар атаулары, өсімдік атаулары, адам аттары, этнонимдер т.б. қазақ халқының байырғы мәдениеті мен дәстүрлерінен ақпараттар береді. Түрлі салаларда ашылып жатқан жаңалықтармен бірге сала ауқымы бұрынғыдан да кеңейе түскен (толық мәлімет сәл кейінірек). Топонимдер арқылы білім алушылар тарихи қалалардың, географиялық нысандардың және қазіргі қалалардың, қалаішілік нысандардың атауларымен танысады. Кісі аттары туралы білу тарихи тұлғаларды тануға, еске түсіруге, өз есімінің мағынасы арқылы өзін және қазақ есімдерін тануға мүмкіндік береді. Этнонимдер аясында жеті ата және туыстық қатынас түрлерін, туыстармен тілдік коммуникацияға түсу мәдениетін меңгеруге қол жеткізеді. Ономастика пәні өзінің ғылымдарды тоғыстыратын осындай кешенділігімен ерекшеленеді. Оны қосымша пән ретінде енгізу – география, тарих, тіл, әдебиет, өлкетану, елтану т.б. салалар бойынша алынған білімді толықтырудың тамаша мүмкіндігі. Қазақ ономастикасы пәні ілгеріде аталған және басқа да ғылым салалары бойынша ұшан-теңіз тың ақпараттар береді.

Білім жүйесіне енгізу сағат бөліп, бағдарламасын белгілеумен шектелмейді, оның әдістемелік мәселелері де арнайы ізденістерді қажет етеді. Қазақ ономастикасын білім жүйесіне енгізу әдістемесін дайындауда ескерілуі тиіс мынандай жайттар бар:

- жалпы ономастикалық кеңістіктің көлемін және ішкі мазмұны мен оның құрылымын анықтау;
- ономастикалық кеңістікті игеру немесе білім мазмұнына лайықтаудың жолдары (басымдық берілуі тиіс бағыттар мен жалпы шолу сипатындағы сабақтар);
- сабақ жүргізілуі тиіс білім мекемелері мен оларға лайықталған бағдарламалар;
- ономастика мен елтанудың (отансүйгіштіктің) сабақтастығы;
- адам (немесе ұлт өкілі) мен кісі есімдерінің сабақтастығы;
- ономастика мен ұлттық педагогика сабақтастығы;
- ономастика мен ұлттық дүниетаным сабақтастығы. Бұл аталғандар бағдарламада сабақтың тақырыптары арқылы тікелей және идеологиялық арқауы ретінде көрініс табатын жайттар.

Ономастика – ҚАРАПАЙЫМ әрі МАЗМҰНЫ ТЕРЕҢ сала. Білім жүйесіне енгізуге қолайлы. Жалқы есімдер жеке атаулар болғанмен, олардың таңбалық болмысы, ешқандай түсіндірулерсіз-ақ, тілдік санаға тікелей ықпал етеді. Жеке

атаулардың тарихи-мәдени, ұлттық, тілдік т.б. ерекшеліктерінен ақпараттар бере отырып, осылардың ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы орнын түсіндіру – елін, халқын, туған жерін, туыстарын танудың және бауырмалдық қасиеті мен патриоттық сезімдерін орнықтырудың бірден-бір жолы.

Ономастикалық атаулардың қызметіндегі негізгі ерекшеліктердің бірі – атайды және нұсқайды, түсіндірмейді, керісінше көзбен көруге немесе көңілмен тануға сілтейді. Мысалы, кез келген нысанды атағанда атауының мағынасынан біз нысанның өзін көруге немесе ойша елестетуге ыңғайланамыз. Бізді осыған бейімдеп тұрған атаудың қызметі. Қызметінің осы түрі бойынша онимді сурет-таңбамен салыстыруға болады. Шығыс халықтарындағы «сөз бір затты атайды, сурет көп нәрсені айтады» деген қанатты сөзге сәйкес келеді. Қаладағы түрлі нысандардың атаулары, яғни қаланың ономастикалық келбеті арқылы бала жас күнінен көптеген ақпараттарға қанығады. Егер білім мазмұны арқылы оның сырларын танып, ұлттық атаулардың ұлт пен жеке адамдардың өміріндегі орны туралы дұрыс түсінігі қалыптасса, өзінің туған жеріне деген көзқарасы да дұрыс бағыт алады. Мысалы, ұлт пен ономастикалық атаулар туралы алғашқы түсінік, одан кейінгісі – олардың сәйкестігі, келесі кезекте – мұндағы қайшылықтардың сырлары мен оларды түзетудің жолдары. Есею барысында тілдік санаға біртіндеп сіңірілетін бұл секілді тәрбие ұлт ісін алға сүйреуге дайын ұрпақтың қалыптасуына ықпал етеді. Жасөспірімдерді жер-су атауларымен, өзінің әрі туған халқының ұлттық есімдерімен, туыстық атаулармен т.б. ұлттық таным құндылықтарымен тәрбиелеу, термин тілімен айтсақ, топонимдердерді, антропонимдерді, этнонимдерді, зоонимдерді, фитонимдерді т.б. тәрбие құралы ретінде пайдалануды білім жүйесіне енгізу – қолайлы, жеңіл әрі қызықты және олар мазмұны терең білім қорының көзі бола алады.

Ономастиканы білім мазмұнына енгізуде ескерілетін келесі жайт – көлемі мен қамтитын аумағын анықтап алу. Қолданылу ауқымы жеке адамнан бастап, мемлекеттің территориясын, саясатын, бүгінгі мен өткен тарихын, ұлттық дәстүрі мен танымының және т.б. ұлы құндылықтарына дейінгі кеңістікті қамтиды. Сондықтан атауларды адамзатқа ортақ қызметі мен түрлеріне қарай *жалпы ономастика* және жекелеген ұлттар мен ұлыстарға қатысты жеке мәселелеріне байланысты *жеке ономастика* деп жүйелеу ғылымда қалыптасқан. Аты айтып тұрғандай «Қазақ ономастикасы» *жеке ономастиканың* құрамына жатады. Бұл ономастиканың жалпы адамзатқа ортақ белгілері мен жеке ұлттарға тән ерекшеліктері бойынша топтастырылуы. Ал зерттелуі уақыт өлшемі бойынша *тарихи ономастика* және *сипаттамалы ономастика* болып бөлінеді, оны ғылым тілінде диахрониялық және синхрониялық дейтін терминдермен атайды.

Тарихи ономастика жалқы есімдердің тарихын зерттейді, сипаттамалы оно-

мастика қазіргі мәселелермен айналысады. Жалпы ономастикалық білім мазмұнының құрылымын көз алдымызға осылай елестетуге болады. Енді осыларды өз ішіндегі кіші бөліктерге қарай жүйелейтін болсақ қазіргі Қазақстан халқы мынандай ономастикалық кеңістік аясында өмір сүріп жатыр: *адамның аты-жөні* – антропонимдер (Ердәулет, Нүрәлі, Айшуақ т.б.); *географиялық атаулар* – топонимдер (Алтай тауы, Алтынемел тауы, Саржаз, Сұлутөр т.б.), соның ішінде *су нысандарының атауы* – гидронимдер (Іле, Қаратал, Ертіс, Еділ, Жайық т.б.); *жануарлар атауы* – жалқы атаулар (Құлагер, Тайбурыл, Керқұла, Құтжол, Бөрібасар т.б.). *Жекелеген өсімдіктердің жалқы атауы* – фитонимдер (Әулиеағаш, Әулиетал т.б.); *ғаламның аумағы мен бөлігінің жалқы атаулары* – астронимдер (Тауешкі, Үшарқар, Мерген, Егіздер, Жетіқарақшы (Үлкен Аю), Жебе (Оқ), Жұмақ құсы, Қарақұрт (Кассиопея) т.б. шоқжұлдыздар), *аспан шырақтарының атаулары* – космонимдер (Қызыл жұлдыз, Ақбозат, Көкбозат, Темірқазық т.б.); *мереке күндер атаулары* (Құрбан айт, Наурыз т.б.); *іс-шаралар, науқан, соғыстар атауы* (Ақтабан шұбырынды, Қазақ-жоңғар соғысы, Аңырақай шайқасы, Албан көтерілісі, Желтоқсан көтерілісі т.б.), кәсіпорын, мекеме, қоғам, партия және т.б. *іскер адамдар бірлесіктерінің атаулары* – эргонимдер (ҚР Ұлттық кітапханасы, ҚР Ұлттық архиві, Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театры т.б.); *құлшылық орындарының атаулары* (Әзірет Сұлтан мешіті, Нұр-Астана мешіті, Ғылмани мешіті т.б.); *байланыс жолдарының атаулары* (Жібек жолы, Ханжолы, Жетіқоңыр жолы, Сарысу жолы, Ордашағыл жолы, Өреңшағыл жолы, Түріксіб, Транссібір темір жолы т.б.); *өнер туындыларының атаулары* (Ә.Қастеевтің суреттер: «Мақта жинау», «Қыз алып қашу», «Медеу мұз айдыны», «Түріксіб», «Талас жағалауы», «Қапшағай даласы»); *мерзімді басылымдар атауы* («Егемен Қазақстан» газеті, «Қазақстан ғылымы мен өмірі» журналы, «Балдырған» журалы); *құжаттар атаулары* (ҚР «Тіл туралы» Заңы, Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекара туралы Шарты т.б.); *кітаптардың, әңгімелердің, өлеңдердің, мақалалардың атаулары, тақырыптары* – идеоним («Абай жолы», «Өлгерден қайтып келмейді», «Оянған өлке», «Қан мен тер» т.б.); *орден, медаль атаулары* («Алтын Қыран», «Халық Қаһарманы», «Барыс», «Даңқ», «Айбын», «Парасат», «Достық», «Құрмет» ордендері, «Ерлігі үшін», «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат», «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальдары); *тауар белгілері* – бір заңды немесе жеке тұлғаның тауарларын немесе көрсететін қызметтерін екінші бір заңды немесе жеке тұлғалардың осы тектес тауарларын немесе көрсететін қызметтерінен ажыратуға мүмкіндік беретін таңба («Рахат» конфеті, «Баян сұлу» кондитерлік фабрикасының өнімдері: «Қазақстандық», «Жержаңғақ хош иісі», «Самал», «Бота», «Fruit», «Матис», «BS», «Птичье молоко», «Қазақстан» және т.б.); *өндірілетін өнімдер мен*

селекцияланатын өсімдіктердің сорттарының атаулары («Волга» автокөлігі, «Нәтиже», «Астана өнім» ірімшіктері, «Шунгит» сабыны, «Сирень» одеколон, «Апорт» алмасы т.б.); құдай атаулары (Тәңірі (Алла, Құдай), Алланың 99 есімі (көне. Зевс, Перун); түрлі рухтар атаулары (Қыдыр ата, Ғайып Ерен Қырық шілтен); әдебиет пен фольклордағы кейіпкерлердің есімдері мен мекендердің атаулары (Асанқайғы – Жерұйық, Қарақыпшақ Қобланды – Қараспан тауы, Алпамыс батыр – Жиделібайсын т.б.) т.б.

Ономастикалық жүйенің құрамындағы жалқы есімдердің түрлері осымен шектелмейді, сонымен қатар қазіргі қазақ тілінде зерттелмеген қозғалыс көліктерінің атаулары («Родина» ұшағы, «Космонавт» теплоходы, Ярославль экспресі); материалдық мәдениетке жататын жеке, ерекше құнды заттарының жалқы атаулары («Түйе», «Қоянқұлақ» алтын құймалары, «Шах» гауһар тасы, «Ешкі», «Қой», «Сысой» қоңырауы); табиғи апаттардың атаулары («Флора» дауылы); әртүрлі мифологиялық шындықтардың атаулары (река Лета); гипотетикалық (сыры ашылмаған) географиялық нысандардың атаулары (Санниковтың жері, Берингия) және т.б. секілді басқа да түрлері бар. Терең зерттелмеу себебі бұл атаулар санының шектеулілігіне байланысты болса керек, екіншіден біздің тілімізде жалқы есімдердің бұл түрлері көп кездесе бермейді, сондықтан біз де қазірге атап өтумен шектелеміз.

Ономастика ЖОО-ларда арнайы курс ретінде жүргізіліп жатқанмен, білім жүйесіне енгізудің баршаға ортақ типтік бағдарламасы мен үздік әдістемесі әлі қалыптастып үлгермей жатқаны шындық. Оны дайындау аталған арнайы курстар тәжіриесінің тереңдеуімен бірге келеді. Екіншіден, білім жүйесінің шарттары бойынша, белгілі бір курс оқу бағдарламасына енгізілуі үшін мазмұнға қойылатын талаптарға жауап беруі тиіс. Қазақ ономастикасы мынандай ерекшеліктеріне байланысты білім жүйесінен орын алады:

- тіл білімінің өз алдына дербес саласы бола алатын қалыптасқан өзіндік жүйесі бар;
- кең көлемді әрі жан-жақты зерттеулерге арқау болған бай мазмұнға ие;
- жүргізілген зерттеу еңбектер көлемі білім мазмұнын қамтуға жеткілікті;
- құрылымы мен негізгі заңдылықтары айқындалған;
- ғылым-білім мен өндірістің сабақтастығын қамтамасыз ететін пәнаралық байланысты құрайтын сала;
- түрлі ғылым салаларын тоғыстыратын әмбебап қызметіне байланысты мемлекеттік-саяси және қоғамдық-рухани мәселелердің кешенін қамтиды.

Аталған шарттар өз кезегінде қазақ ономастикасының зерттелу бағыттарын, өзектілігін, маңыздылығын, білім алушыларға берілетін білімнің мазмұны мен көлемін айқындайды.

Білім жүйесінде ғылыми-зерттеулер мен әдістеме өзара сабақтастығын сақтай отырып, қатар жүреді, оларды бірінсіз-бірін елестету қиын. Әдістеме *ғылыми-зерттеу әдістемесі* және *білім беру әдістемесі* болып екіге бөлінеді. Ғылыми жүйелеулерсіз білім беру әдістемесі өз бетімен өмір сүре алмайды. Арнайы курстарды енгізер алдында ғылыми-зерттеулердің жалпы мөлшері мен нәтижелерін анықтап алуға тиіс болатынымыз да сондықтан. Ғылыми ақпараттармен, оқыту құралдарымен қамтамасыз етілуі жағынан алғанда біршама еңбектер жарық көргені белгілі, сонымен қатар орыс тіліндегі еңбектер арқылы да жалпы мәселемен танысуға мүмкіндік бар. Бір айта кетерлігі, олардың көпшілігі ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық бағыттарды құрайды. Ал қолданбалық бағыттағы зерттеулер әлі де жетілдіре түсуді қажет етеді.

*Ғылыми-зерттеудің әдістемесі* бойынша Суперанская А.В., Сталтмане В.Э., Подольская Н.В., Султанов А.Х. секілді ғалымдардың авторлығымен жарық көрген «Теория и методика ономастических исследований» еңбегінде негізгі мәселелер мен бағыттар қамтылған [2]. Осы еңбекті негізге ала отырып, қазақ ғалымы Т.Жанұзақ «Қазақ тіл біліміндегі ономастикалық зерттеулердің тәсілдері мен әдістемесі (методикасы)» тақырыбында зерттеу жүргізіп, жұртшылыққа ұсынды. Осы еңбегінде зерттеу әдістері мен тәсілдерінің 19 түрін атап көрсетеді [3, 80-84 б.]. Қазақ ономастикасы бойынша көптеген теориялық зерттеулер жарық көргенін айта отырып, қолданбалы бағыттағы ізденістердің кенжелеп бара жатқанын да жасыра алмаймыз, өйткені оны дамытудың жолдары мен әдіс-тәсілдерін айқындау тікелей қолданбалы бағыттағы ізденістерге арқа сүйейді. Қазақ ономастикасы бойынша қолданбалы бағыттағы зерттеулер отандық ғылымда өзектілікке ие болып отыр. Сондықтан ЖОО-ларда дайындалатын мамандар үшін осы зерттеу әдіс-тәсілдерінің барлығын жан-жақты біліп шығуы өте маңызды. Экономикалық заңдылықтарға орай қызмет көрсетудің түрлері көбейіп, жаңа атауларға деген сұраныстың артуына байланысты атаулар жүйесінің сомдалып жатқан жаңа келбеті мен байырғы қорын үйлестіріп отыру аса маңызды. Бұл – тікелей теориялық әрі қолданбалы зерттеулердің нәтижелеріне байланысты жүзеге асатын мәселе. Ілгеріде аталған зерттеу әдістері өзінің ертеректе жазылғанына қарамастан, жаңа уақыт талаптарына да жауап бере алатын өміршеңдігімен ерекшеленеді.

Оқу-әдістемелік жұмыстары туралы айтқанда қолданысқа енгізілетін білім мекемелері ретінде орта мектептерді, кәсіптік білім беретін оқу орындары мен ЖОО-ларды атауға болады. Ономастиканы мектеп бағдарламасына енгізу туралы ұсыныстар зерттеуші ғалымдар, әдіскерлер тарапынан біршама көтерілді. Ресейде ономастикалық атауларды мектептегі білім бағдарламасына енгізіп, ол бойынша жұмыстар жүргізу жетпісінші жылдардан басталып кеткен. Топонимика

элементтерін өлкетану, орыс тілі сабақтары бағдарламасында өту туралы әдістемелік ізденістер жүргізіліп, еңбектер жазылды, бастауыш және жоғары сыныптарда топонимикалық атауларды оқытудың әдістемесіне ЖОО студенттері диплом жұмыстарын арнады, ғылыми диссертациялар қорғалды [4]. Отандық ономастиканы оқыту бағытында Ресей ғалымдары жүргізген жұмыстар қазіргі Қазақстан білім жүйесі үшін аса маңызды. Лингвоелтанымдық жұмыстардың білім бағдарламасындағы орны, күтілетін нәтижелер жөніндегі зерттеулер өзінің жемісін берді деуге болады. Теориялық, қолданбалық бағыттағы зерттеулерде елеулі дәрежеде мәселелер көтеріліп, тиісті әдіс-тәсілдер ұсынылды, көп жайттар практикалық шешімін тапты және ономастика әдістемесі бойынша ой-пікірлер бір арнаға тоғыстырылды [5; 6; 7; 8; 9; 10; 11; 12; 13]. Осындай еңбектердің қатарына Дағыстан ономастикасы бойынша зерттеулерді де жатқызуға болады [14]. Қазақ ономастикасының әдістемелік мәселелері өз ішінде жүйелеу, білім беру сатыларының ерекшелігіне қарай арнайы топтастырулар мен сәйкестендірулерді қажет етеді, сондықтан алдағы уақытта арнайы қарастырылатын болғандықтан, зерттеуіне осылай бірнеше сілтеме берумен шектелеміз.

Ал елімізде қазірге дейін алғашқы жекелеген ізденістердің жарық көргені болмаса, біртұтас қазақ ономастикасының әдістемесін жасап, типтік бағдарламасын бекіту мәселелері шешімін күтіп, ашық күйінде қалып отыр. Соңғы он-он бес жылдықта қазақ ономастикасына қатысты көптеген іс-шаралар атқарылып, зерттеу жұмыстары жүргізілгенмен, олардың нәтижесін өндіріске, яғни білім жүйесіне енгізу әдістемесін жан-жақты жетілдіру ісі тым баяу. Т.Жанұзақовтың 1965 жылы жарық көрген «Қазақ тіліндегі жалқы есімдер» атты көмекші құралы жарық көрген [15]. Осыдан кейінгі кезде 2004 жылы Г.Б.Мадиева мен С.Қ.Иманбердиеваның оқу құралы үлгісіндегі «Ономастика: зерттеу мәселелері» атты зерттеу еңбегі басылды. Құрылымының бірінші тарауында «Ономастика ғылыми пән ретінде» қарастырылса, екінші тарауда «Ономастиканың теориялық мәселелері» сөз болады. Жалпы мазмұны жағынан ономастиканың негізгі бөлімдері мен біршама терминдердің түсіндіріме сөздігі, әр тақырып сайын түрлі сұрақтар қамтылған [16]. Сұрақтардың, сөз жұмбақтардың берілуі бұл еңбектің әрі ғылыми зерттеу, әрі оқу құралы ретіндегі мүмкіндігін көрсетеді. Ал А.Әлімхан өз зерттеулерінде топонимдердің елтанымдық мүмкіндіктерін шет тілді аудиторияда қолданудың әдістемелерін ұсынады [16, 131-136 б.]. Ономастиканы оқытуда қазір көбіне осы еңбек пайдаланылып жүр. «Қазақ топонимикасы» атты оқу құралы да топонимиканы жеке пән ретінде оқыту мақсатында жазылған еңбек [17].

Жоғарыда атап өткеніміздей, қазақ ономастикасы – бірнеше саланың тоғысатын жеріндегі ғылым. Аспан, жер, жануар, өсімдік дейтін төрттікті қамтуынан



оның қаншалықты ауқымдылығын шамалауға болады. Осы ауқымдағы материалдарды игерудің әдіс-тәсілдері *сатылай оқыту және сараптай оқыту* арқылы жүзеге асады. Сатылай оқыту мектеп пен ЖОО арасындағы сабақтас-тықты сақтай отырып, жеңілден ауырға қарай принципіне сүйенеді. Ал сарап-тай оқыту ономастикалық жүйенің құрылымындағы өзекті әрі маңызды, негізгі және қосалқы тақырыптарды сараптайды, білім бағдарламасында қамтыла-тын сабақтардың тақырыптары мен мазмұнын анықтай отырып, соның нәти-жесінде ономастиканың тұтас бағдарламасын дайындап, оны жүзеге асыру-дың жолдарын қарастырады.

Ономастикалық атаулардың оқу бағдарламасында қамтылуы қазіргі әдіскер-лерден сауаттылық пен ұқыптылықты талап етеді. Өйткені алуан түрлі тақы-рыптардың арасынан өзіміздің басты бағытымыз бен мақсатымызды айқын-дап алу үшін бұл өте маңызды және оқыту әдістемесінің сапасы осы талапқа тікелей байланысты. Бізге ең керегі барлығын қамту әрі оның білім алушыға қолайлы, жеңіл болуы. Екіншіден, жалпы ономастиканың ішінен жеке ономас-тикаға қатысты мәселелерді айырып тану, білім мазмұнында оның қамтылуы. Үшіншіден, байырғы ономастика мен қазіргі заман ономастикасының арасын-дағы ерекшеліктер мен сабақтастыратын тетіктерді анықтау және оны жетіл-дірудің жолдарын үйретуге мүмкіндік беретін тапсырмалар жүйесін құру.

Қазақ ономастикасының салалары бойынша жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары оның өзіндік әдістемесін қалыптастырды, ендігі жерде оны оқыту әдістемесінде орнықтыру – алдымызда тұрған негізгі міндет. Ономастикалық атаулар топоним, антропоним, этноним, кейде зооним т.б. ретінде әр қоғам мү-шесінің өзімен бірге өмір сүреді, ономастикалық сауаттылықтың негізгі тетігі осы жерде, сондықтан жеке тұлғаларды, ұлттық тұлғаларды қалыптастыруда да оның өзіндік орны үлкен. Білім жүйесі арқылы адамның жеке өзінен бастап, біртұтас мемлекеттік көзқарасты қалыптастыру бала санасына егілетін алғашқы дәнектен басталады.

### Әдебиеттер

1. Жанұзақ Т., Рысберген Қ. Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен бола-шағы. – Алматы: «Азия» баспасы, 2004 ж. – 128 б.
2. Суперанская А.В., Сталтмане В.Э., Подольская Н.В., Султанов А.Х. Теория и методика ономастических исследований. Москва: «Издательство ЛКИ», 2007. – 256 с.
3. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Казахская ономастика. I том. – Астана, «1С-Сервис» ЖШС, 2006 ж. – 400 б.
4. Молчановский В.В. Лингвострановедческий потенциал топонимической

лексики русского языка и его учебно-лексикографическая интерпретация. Диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. Москва, 1984.

5. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. Москва: «Наука», 1988. – 192 б.

6. Парахина М.Ф. Ономастика и методика преподавания русского языка как иностранного. // Русский язык за рубежом. 1973. № 3 - С.76-79.

7. Багомедов М.Р. Ономастика Дагестана в системе школьного образования // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Русский и иностранные языки и методика их преподавания. № 1 / 2010.

8. Дидковская В.Г. Вестник Новгородского государственного университета им. Ярослава Мудрого // № 4-1 (87) / 2015. 148-151 с.

9. Учебное пособие. — Славянск-на-Кубани: ИЦ филиала ФГБОУ ВПО «КубГУ» в г. Славянске-на-Кубани, 2013. – 161 с.

10. Мезенко А.М., Генкин В.М., Деревяго А.Н. Ономастика (учебно-методический комплекс). — Витебск: ВГУ имени П.М. Машерова,

11. Использование элементов топонимики в лингвокраеведческой работе в начальной школе // ads/2016/03/mboucsoh1.68edu.ru/wp-content/uplo Использование-элементов-топонимики.pdf.

12. Бабаевой И.Ю. Использование топонимической лексики на уроках русского языка в начальной школе для формирования интереса к языковой культуре края и воспитания любви к малой родине (на материале топонимов Белгородского района) // <https://refdb.ru/look/1110129.html>

13. Гаврилова О. Использование лингвокраеведческого материала на уроках русского языка в начальной школе // <https://znanio.ru/person/z29831911>.

14. Рут М.Э. Топонимическая работа в старших классах средней школы // Вопросы ономастики. 1974. №7. 101-104 с. <https://docviewer.yandex.kz/view/1304725002/>

15. Жанұзақов Т. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер. – Алматы: «Типография ХОЗУ», 1965. – 145 б.

16. Алимхан А. Топонимиялық деректердің лингвоелтанымдық мәні // «Ұлттық ономастика феномені: ел тарихы, жер тағдыры» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: ЖК «Асыл», 2022. – 268 б.

17. Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.К. Ономастика: зерттеу мәселелері. Алматы: Атамұра, 2005 – 240 б.

## САУЛЕ ИМАНБЕРДИЕВА

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің  
профессоры, филология ғылымдарының докторы*

### ШЕТТІЛДІК ТОПОНИМДЕР МЕН АНТРОПОНИМДЕРДІ ЖАЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі қоғамды нақты әрі тиімді түрде басқару және коммуникацияны қамтамасыз ету үшін стандартты географиялық атауларды қолдану қажет. Ұлттық стандарттау бағдарламалары басқару, өнеркәсіп, сауда және білім беру салаларының барлық деңгейлерінде тиімділікті арттыру арқылы уақыт пен қаражатты үнемдейді. Бұл карталардың түрлерін жасау мен басып шығару; халық санағын жүргізу; ұлттық қорғаныс; ішкі және халықаралық жер үсті, әуе және теңіз қатынасы жолдары; гидрологиялық зерттеулер мен пайдалы қазбаларды барлау; пошта қызметі мен жүктерді тасымалдау; құрлықтағы және судағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету; табиғат апаттары мен зілзалалардың зардаптарын жоюға, сондай-ақ демографиялық, мәдени, әлеуметтік және ғылыми зерттеулер жүргізуге қатысты көрініс табады. Стандарттау процестері бірнеше ұйымдар мен мекемелер атауларының дұрыс және біркелкі қолданылуын анықтаған кезде жұмыстың қайталануын болдырмауы керек. Кез келген елдің халқы географиялық атауларды өздерінің мәдени мұраларының ажырамас бөлігі деп санауы өте маңызды.

Дүниежүзілік қабылданған географиялық атаулардың стандарттары сауда мен халықаралық қатынастардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажет. Мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымы өз қызметін басқаруда жоғары сапалы коммуникацияны қамтамасыз ету және топонимикалық деректермен алмасудың халықаралық стандарттарын әзірлеу үшін нақты географиялық атауларды қажет етеді.

Түсінбеушіліктерге жол бермеу үшін географиялық атаулар мен олардың қолданысын стандарттау мәселесі Бірінші Халықаралық географиялық конгрессте сөз болды (1871 ж. Антверпен).

1891 ж. Берн қ. (Швейцария) өткен V Халықаралық географиялық кеңестегі неміс географы Альбрехт Пенктың ұсынысы – 1:1 000 000 масштабтағы әлем картасын жасау болды. Ол тек дизайн, картографиялық беру ғана емес, географиялық атаулардың стандартталған жазуын да ұсынды (de Henseler, 1992, paras. 4–5).

Мемлекет ішіндегі жер-су атаулары мен шет мемлекеттегі жер-су атауларын ажырату үшін БҰҰ жанындағы Географиялық қоғам ұсынған экзоним және эндоним терминдері мамандар арасында қолданысқа енген. Экзоним – шетел мемлекетінде тілі ресми болып табылмайтын өзге мемлекеттегі лингвистикалық қауымдастықтың ана тілінде топографиялық нысанға таққан атауы болса, эндоним – жергілікті тұрғын өз тілінде таққан географиялық нысан атауы. Қандай да бір жердің экзонимдері туралы сөз қозғағанда, қолданылатын тіл туралы әркез айту керек.

Соңғы кезде ономастикада *вернакулярлы аудан* немесе *топонимиядағы вернакулярлы мәнмәтін* деген терминдер қолданылады. Вернакуляр (ағыл. vernacular – жергілікті, халықтық, жақын) аудан – қоғам не оның бір бөлігінің қарабайыр санасындағы атау мен ерекшелікке ие аумақ бейнесіндегі географиялық аудан түрі. Сонда *топонимиядағы вернакулярлы мәнмәтін* терминін – топонимиядағы жергілікті мәнмәтін, ал *вернакулярлы аудан* – жергілікті аудан деп алуға болады.

Бұл термин о баста жергілікті тіл, аймақтық және диалекті білдіріп, лингвистикада 1960 жылдардан қолданылады.



Сурет – 1 Топонимиядағы вернакулярлық мәнмәтін

Қазақстан аумағындағы шеттілді атаулар ассоциация негізінде қалыптасуы мүмкін, бейресми атаулар сол жердегі тұрғындар арасында ғана қолданылады, яғни вернакуляр аудан. Мысалы, Жамбыл облысында көп қабатты емес, жеке үйлерден тұратын бір ықшамауданды Тайвань деп атаса, Ақмола облы-

сында бір ауылды Шанхай, сол сияқты Қызылорда облысындағы ауылды да Шанхай деп жергілікті тұрғындар атайды. Бұл атаулар ассоциация негізінде қалыптасқан. Ақмола облысындағы тұрғындардың пікірінше, ауылдағы үйлер бір біріне жақын орналасқан және бір қорадан екінші қораға өте беруге болады Шанхайдағы сияқты, екінші себеп – бұл ауылдан мықты спорт шеберлері шыққан. Тайвань, Шанхай аталуларының тағы бір себебі – қылмыс көп жасалатын қауіпті жер дегенді білдіреді.

Қытай атауын орыс тілінен алып отырмыз, бастапқы формасы Катай, яғни кейбір зерттеушілердің пікірінше, «алыс» дегенді білдіреді. Мәскеудегі орталықтың бір бөлігі Китай-город деп аталады. Алайда башқұрт зерттеушілерінің пікірінше, «Катай (Ктай, Кытай) ру атауы көптеген түркі халықтарында – башқұрт, қазақ, қарақалпақ, өзбек, қырғыз, қырым татарларында таралған. Барлық зерттеушілер оны Азия тарихында белгілі кидан этнониміне жатқызады. Кидань/цидань (契丹) – бұл катай этнонимінің қытайша транскрипциясы. Түркі, монғол, славян халықтарының Чжунго мемлекетіне кезінде осы алып елді билеген халық атауына нұсқайтын Қытай экзонимін қолданады» [1]. Мұның іздері Қазақстанның көптеген аймақтарында сақталған. Мысалы, Түркістан облысында: *Қытай* – өзен, Тұрлан асуынан оңтүстік-шығысқа қарай Жаман Қытай мен Үлкен Қытай өзендерінің қосылуынан құралады. Қытайсай өзенінің оң саласы, Ибаата ауылының оңтүстік-шығысында құрғап қалады; Бәйдібек ауданы.

*Қытайөзек* – құрғақ арна, басын Мыңбұлақ ауылының оңтүстік-батысынан алады, Шелекомар құрғақ арнасының бас жағы, Кіндіктөбе төбешігінің оңтүстік-шығысында жоғалады; Бәйдібек ауданы.

*Қытайсай* – өзен, Қытайсай құрғақ арнасының төменгі бөлігі, Ибаата ауылының оңтүстік-шығысында құрғап қалады; Бәйдібек ауданы [2, 226].

Шығыс Қазақстан облысында: *Қытай* – өзен, басын Алқабек өзенінен алады, Қара Ертіс өзенінің оң саласы, Жайсаң көліне шығысынан құяды; Күршім ауданы.

*Қытайкөксай* – жота, Бақай тауынан оңтүстік-шығысқа, Қараой ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; күршім ауданы [3, 72].

Қарағанды облысында: *Қытай* – тау, Ұраңқай тауынан солтүстік-батысқа, Ақсеңгір ауылынан оңтүстікке қарай; Ақтоғай ауданы [4, 105].

Маңғыстау облысы: *Қытай* – төбешік, Қарашық көлінен шығысқа, Қарамаю тауынан солтүстік-батысқа қарай; Қарақия ауданы.

*Қытайайрықты* – тау, Құртұрмас қонысынан оңтүстікке, Жапырақты тауынан солтүстік-батысқа қарай; Маңғыстау ауданы [5, 109].

Ағылшындар Чайна деп атайды, бұл көне хош иісті сусынмен тікелей бай-

ланысты, ал қытайлықтардың өздері өз елін Чжунго деп атайды. Бұл «Орталық мемлекет» дегенді білдіреді, яғни Чжунго – эндоним болса, Қытай, Китай, Чайна – экзоним.

Венгрия және Мадьярорсаг. Венгр «угр» сөзінен қалыптасқан, ал ол өз кезегінде «он-огур» – «он оқ» дегеннен қалыптасқан деген пікір бар. Украин тілінде Венгрия емес, Угорщина. Біз Венгр, Мадьяр, Мажарстан деп атаймыз.

Египет – бұл Мысыр. Египет атауы көне египет «кипет» – «қара жер» дегенінен бастау алады, ал Мысыр араб тілінен ұрпақтары осы жерлерде мекендеген Мицраим кісі есімінен қалыптасқан. Біз Египет, Мысыр деп те атаймыз.

Марокко атауының түпкі атауы *Маракеш*. Топоним «*Марокко*» – Марракеш қаласын испандықтардың бұрмалап атауынан шыққан. Бұл ел Иранда Марракеш деп осы күнге дейін аталады, ал Тәжікстанда – Марокаш, Әзербайжанда Мәракаш, Өзбекстанда – *Марокаш*.

Brunswick – бұл неміс тіліндегі Braunschweig эндонимнің ағылшын тіліндегі экзонимі, ал Köpenhamn – København дат тіліндегі эндонимнің швед тіліндегі экзонимі (ағылшын тілінде – Copenhagen); Moscou – француз тіліндегі экзоним, ал Moscow – ағылшын тіліндегі экзоним.

Топонимиядағы вернакулярлық мәнмәтін негізінде Қазақстан жерінде өзге тілді географиялық атаулар қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес берілуі қажет. Мысалы, *Мәскеу, Орынбор, Бейжің, Ресей, Еуропа* т.б.

Ертең экзонимдер мен эндонимдерді карта және басқа да құжаттарда дұрыс рәсімдеп беру үшін әр облыстағы эндонимдерді зерттеп, мысалдармен дәйектеуіміз қажет.

Шеттілді географиялық атаулар БАҚ ассоциативті негізді бейресми аталып жатады, мәселен: *Жапония – Күншығыс* елі. Тарих беттеріне көз жүгіртсек, ертеде жапондар өз елін «*Ва*» немесе «*Вагоку*» деп атаған. Ал бүгінде Жапония ресми түрде «*Ниппон коку*» немесе «*Нихон коку*» (бұл атау тек жапондар үшін) деген атауға ие болып, тікелей аудармасы «*Күннің Отаны*» деген ұғымды береді. Жапондарды осылай алғаш рет Қытай императоры атаған екен. Бұл жапон императоры мен Қытайда билік құрған Суй династиясының императоры арасында хат алмасу деректерінде келтіріледі. Ал елдердің географиялық орналасуына мән берер болсақ, шындығында, Жапония Қытайдың, тіпті кез келген Азия елдерінің шығысында орын тепкен. Демек, жапондар Күннің шығын бәрінен бұрын тамашалай алады. Жапония үкіметі осы тарихи және географиялық негізге сүйене отырып, 1870 жылы мемлекеттік жалауына қызыл түсті Күннің бейнесін енгізеді [6].

Ұлыбритания – *Тұманды Альбион* деп аталып жүр. Бұл сөздің шығуы ту-

ралы бірнеше болжам бар. Оның ішіндегі ең кең тарағаны мынау: Альбион – Англияның ежелгі атауы. Бұл сөз кельт тілінен шыққан. Ежелгі грек оқымыстысы Птоломей өзінің еңбектерінде Англияны осылай, яғни «*тұманды Альбион*» деп жазған көрінеді. Мұндағы «тұман» деген сөз кәдімгі теңіздің дымқыл қалың тұманын білдіреді [7].

Келтірілген мысалдардан шындыққа жанасатын, яғни ассоциативті атаулар сол елдердің ерекшелігін айқындап тұр. Ал Қытайды «*Аспан асты елі*» деп атау ғалымдардың пікірінше әсірелеу, сонымен қатар қытайлықтар өздерін олай атайматындығына меңзейді. Қалай болғанда да бұл атау БАҚ мейлінше тарап кеткен.

Топонимиядағы вернакулярлық мәнмәтін не вернакулярлық аудан мәселесін көптеген ғалымдар зерттеуде, солардың ішінде ономаст ғалымдар да қалыс қалмаған. Мәселен шетел ғалымдарынан С.Г. Павлюк [8],

А.В. Любичанковскийдің [9] т.б. еңбектерін атауымызға болады. Отандық ғалымдардан бұл терминдерді тікелей қолданбағанмен шеттілді географиялық атаулардың БАҚ ассоциативті негізде бейресми қолданысын Ш.Құрманбайұлы зерттеп, мақала жариялаған [10, 175].

Кісі есімдері жеке тұлғаның құқығы болғандықтан, оны бұрмалауға ешкімнің құқығы жоқ. Мәселен, *Ангела Меркель, Барак Обама* т.б.

Алайда Қазақстанда шеттілді кісі есімдері ұлты қазақ азаматына тағылғанда, қазақ тілінің нормаларына сәйкес ресімделуі керек. Мысалы: *Анель емес, Әнел; Жанель емес, Жәнел* т.б.

## Әдебиеттер

1. Башкиры рода Катай — Реальное время (realnoevremya.ru)
2. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы, 8 том. Оңтүстік Қазақстан облысы. – Алматы. 2015 ж., – 364 б.
3. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы, 5 том. Шығыс Қазақстан облысы. – Алматы. 2013 ж. – 434 б.
4. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы, 6 том. Қарағанды облысы. – Алматы. 2014 ж.
5. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы, 10 том. Маңғыстау облысы. – Алматы. 2015 ж. – 182 б.
6. <https://massaget.kz/layfstayl/bilim/ol-kim-bl-ne/28595/?ysclid=lox2sjm2qm>
7. <https://www.oinet.kz/e/action/ShowInfo.php?classid=46&id=4681>
8. Павлюк С.Г. Ключевые вопросы изучения вернакулярных районов // Вопросы социально-экономической географии зарубежных стран. Вып. 18. М.; – Смоленск: Ойкумена, 2009. С. 46-56.

9. Любичанковский А.В. Вернакулярные районы Еревана как объекты туристской аттракции // Учёные записки Крымского федерального университета имени В.И. Вернадского. География. Геология. Том 8 (74). № 3. 2022 г. С. 95–105

10. Құрманбайұлы Ш. Толғаулы тіл. – Астана: «Мемлекеттік тілді дамыту институты», 2014, – 372 б.



## ГҮЛНАР НИҒМЕТҚЫЗЫ ЗАЙСАНБАЕВА

*Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтының аға оқытушысы,  
филология ғылымдарының кандидаты*

### ҚАЗІРГІ МЕДИА ТІЛІНДЕГІ ЭМОЦИЯ-ЭКСПРЕССИЯЛЫ БАҒАЛАУДЫҢ КӨРІНІСТЕРІ

Коммуникацияның ең маңызды тәсілі жазу арқылы ақпарат тарату қазіргі таңда технологияның ықпалымен қатты өзгеріске түсіп жатыр. Күнделікті ақпарат алмасу ютуб каналы, әлеуметтік желілерде бейнежазба, подкаст түрінде белсенді таратылады. Медиа кеңістіктегі ақпарат беруде адамның болып жатқан жағдайларға баға беруі оқырманға ой салу, көзқарасын қалыптастыру, жалпы қоғамдағы үдерістердің өтуі автордың бағалауы арқылы көрініс табады.

Мақалада қазіргі бұқаралық ақпараттық құралдарда бағалаушылық және эмоция мен экспрессияның берілуіне талдау жасалады. Қазіргі әдеби тілді құндылықтарға қатысты бағалау сипатында зерттеу қазақ тіл білімінде соңғы жылдары қолға алына бастады. Әлеуметтік бағалаушылық бұл тілдің бойында үнемі жүретін үдеріс, өйткені адам өзін қоршаған барлық жағдайға баға беру арқылы қоғамдық пікір қалыптастырады. Сөздің бағалаушылық категориясы туралы ойларды Б.Момынова, М.Оразов, А.Алдашева, З.Ерназарова, Ф.Жақсыбаева еңбектерінен таба аласыздар. М.Оразов «Қазақ тілінің семантикасы» еңбегінде эмоциялық мағынаға талдау жасай келе, әрқашанда объектив дүниедегі заттардың түйсік арқылы қабылданған информациясы адам ойының, санасының елегінен өтіп жататындығы, оған белгілі баға берілетіндігі шындық деп көрсетеді [1].

Баға беретін пікірлердің иллюкутивті функцияларының алуан түрлілігі «әлем бейнесінде» «адам факторын» бірінші орынға қоятын бағалау категориясының прагматикалық сипаты бағалауды зерттеудің прагматикалық функциясы жайында қазақ лингвистері М.Оразов, Б.Момынова, Ғ.Хасановтың еңбектерінде лексикалық мағына мәселесіне қатысты термин ретінде аталып өтілген. З.Ерназарова «Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі» деген зерттеу еңбегінде прагмалингвистика мәселесі жөнінде сөз қозғаса, Ф.Жақсыбаеваның газет мәтіні прагматикалық функциясына арналған зерттеу еңбегінде бағалаудың прагматикасына тоқталады [2], [3]. Бұл еңбектерде бағалау мағынасын прагматикалық тұрғыдан қарастыру нәтижесінде мәтінде автордың ақпаратты тыңдаушыға әсер етуін басты мақсат

ететіні жайлы айтылады. Бағалау – эстралингвистикалық фактор, ол мәтіннің құрылымына, тілдік бірліктердің қолдануына әсер етеді. Бағалау адамның психикалық жүйесінде жүзеге асырылып, *шындық+көзқарас+құндылық* бірлігіне негізделіп жүргізіледі.

Бағалау әлсіз, орташа, күшті қарқындылықпен жүзеге асуы мүмкін, ол тілдік қолданыстың эмоциялы-экспрессиялығына әсер етеді. Лексикалық бірліктердің қолданысы жағдаяттар, құбылыстар, үдерістерді автор қалай бағалайды соған байланысты. Бағалауыштықтың құрамы күрделі. Айталық, бір зат есім екінші бір затпен салыстыра бағаланатын болса, салыстырылып тұрған зат немес соның бір белгісі элемент ретінде бағалауыштықтың құрамына енеді. Бағалау кезінде объект түгелімен емес, субъектіге маңызды болған белгілі бір бөлігі, аспектісі ғана алынуы мүмкін. Бұл бір объектінің әртүрлі бағалануына себеп болады. Мысалы: *«Биылғы қыс қалың қарлы, боранды болды»* (субъект-қыстың объективті бағасы осы аталған табиғи ерекшелігімен сипатталатындықтан, мұндай кезде баға беруде еркіндік болмайды), бірақ *«қыстың суық, қарлы, боранды болуы»* көп жағдайда жолаушы, малшы, жалпы алғанда адамға ауыр тиеді, сондықтан адамдар тарапынан болатын субъективті тұрғыдан баға беру еркіндігі беріледі. Бұл мысалдардан бағаланушы объектінің субъектіге бағынбайтын ерекшеліктері, объективті белгілері болатындығын байқауға болады.

Эмоция – адамның шынайы өмір жағдаяттарына қатысты реакциялары. Ғалымдар тілдік тұрғыдан эмоцияларды қарастыру керек пе жоқ па деп таласып келді. Бұл категорияны түсіну үшін эмоция деген ұғымға тоқталайық. П.М.Якобсон эмоция адамның қоршаған ортаға деген көзқарасы, өзінің субъективті қарым-қатынасы деген ойды айтады [4,195]. С.Л. Рубенштейн эмоцияны тұлғаның өзіне және өзін қоршаған адамдарға деген қарым-қатынасының көрсеткіші деген пікірді ұсынады [5, 712]. Сөйлеуде эмоция маңызды рөл атқарады. Эмоция адамның өзін қоршаған әлемге деген көзқарасын білдіру әрекеті, ол болып жатқан нәрсені бағалаудан кейін туындайтын ми жұмысының нәтижесі. Жазылымда алғашқы эмоция авторға тиесілі және жазылған нәрсеге оқырманның кері байланысы арқылы кері эмоция тудырады. БАҚ қоғамдағы оқиғаларға жылдам реакция беретін сала ретінде ұжымдық эмоцияның дамуына әсер етеді. Сондықтан, БАҚ ұжымдық эмоциямен тікелей байланысты сала болғандықтан, көсемсөз стилінде оның ізі айқын байқалады.

Эмоциялылық сөздердің ішкі мағыналық құрылымына енетін қосымша мағыналар, ол ойды айтушы адамның көзқарасын беру үшін сөздің қолданылуынан байқалады. Сөздер өздері жеке тұрып эмоциялы мағына бере алмайды. Ол тек контексте танылады. Экспрессиялық – тыңдаушыға әсер ету

үшін қолданылатын күшейту әдісі. Ол синтаксистік құрылымдар арқылы, мысалы сұраулы сөйлемдер арқылы немесе қайталаулар арқылы, одағай сөздерді қолдану т.б. жолмен берілуі мүмкін.

БАҚ мақсаты қоғамдық пікірді қалыптастыру, тақырыптарды қозғауда адресатқа әсер ету мақсатында қолданылатын сөз тіркестері, сөйлемдердің құрылысы эмоциялы-экспрессиялық сипатта болады. Бұл тек ақпарат беру үшін ғана емес, сонымен қатар қоғамдық пікір тудыру үшін де пайдаланылады. Эмоциялық сөздердің ішкі мағыналық құрылымында болатын ақпаратқа байланысты туындайды. Экспрессиялық олардың синтаксистік қолданысынан айқындалады.

Медиа тіліндегі бағалаушытық, эмоция мен экспрессия ақпарат жеткізушінің құндылығын оқырманға жеткізеді. Немесе жағымды/ жағымсыз бағалау медиа тұлғалардың қоғамдық жағдайларға қатысты азаматтық көзқарасына байланысты екенін тілдік деректер дәлелдейді.

«Жас қазақ» газетінің «Ақиқатына жүгінсек» тақырыбымен жарияланған Шыңғыс Мұқанның мақаласына тоқталайық. Мақала Наурыз мерекесін тойлау тақырыбы туралы. *«Сонымен, Наурыз да аяқталды. «Наурыз Шымкенттен басталады» атты мегажобаның аясында біраз дүние ойластырылып еді. Алайда эпидахуал ойды толық іске асыруға мұрша бермеді. Десе де Наурызды тек өз жұртымыз емес, халықаралық деңгейде тойлайтын, жылда бүкіл жаһан жұрты көз тігетін мерекеге айналдыруға болады екен. Көз жетті!»*, - деп басталатын мақалада автордың өзіндік құндылығы және сол құндылыққа сай жағдайды бағалауы айқын көрініс тапқан. Сонымен қатар, автор оқырмандардың эмоциясына әсер етуді көздейді.

Ш.Мұқанның сөз саптауындағы *«Қолдан жасаған мейрамдарға қарағанда Наурыздай табиғаттың төл мерекесін неге Қазақстанда, оның ішінде нағыз наурыз келетін жаймашуақ Шымкентте тойламасқа?! Түптеп келгенде егер Наурызды жоғарыда аты аталған масштабқа шығара алсақ, Шымкент емес, бүкіл Қазақстанның креатив экономикасының дамуына түрткі болады. Аймақтық туристік брендіміз осылай қалыптаспай ма?»* деп келетін жолдардың өзі автордың көзқарасын, құндылық бағдарын танытады. Өз идеясы арқылы ұжымдық эмоцияға әсер етуді мақсат ете отырып, автор Наурыз мейрамын тойлатуға жұмсалған қаражаттың орындылығына дәлелдер келтіреді.

Автор оқырманға әсер ету үшін эмоция мен экспрессияны беретіндей тілдік бірліктерді сәтті қолданады. Оқырманына сұрақ қоя отырып, *«неге тойламасқа»*, *«қайдағы креатив»*, *«қайдағы мәдениет»*, *«көз алдыңызға есестетіңізші»*, *«тасадан тас атса»*, *«босқа шабу»*, *«ақпараттық лас технологияларды қолдану»* сияқты сөздер мен сөз тіркестерді тиімді пайдаланады [6].

Осы мысалдардан мақала авторының эмоциясын және оқырманға әсер етудегі экспрессиялық әдістерін байқаймыз. Автор өз мақаласында оқырманмен тікелей тілдесіп отырғандай және оның аргументтері барлығы эмоциялы реңкте айтылып жатқандай әсер береді. Мәтін сұраулы, лепті, қайталаулар мен бейнелі оралымдарға толы құралған. Автордың мақсаты бюджет ақшасы далаға шашылды деген уәжге қарсы аргумент, келіспеушілік таныту және байбалам салушылардың еш дәлелесіз «лас технологияларды» пайдалануда деп қарсы шабуыл жасау мақсатында жазылған.

Адамның эмоциясы жағымды және жағымсыз бағалаудан туындайды дедік. Жағымды бағалаудан туындайтын эмоциялардан: *қуану, сүйсіну, таңырқау, шабыттану, рахаттану, мейірлену, жаны ашу, сыйлау, риза болу, шаттану* т.б. әрекеттері сипатын береді.

Сондай-ақ, жағымсыз бағалаудан туындайтын эмоцияларды атар болсақ, олар: *ызалану, қапалану, ренжу, алаңдау, жабығу, қайғыру, түңілу, сағыну, күйіну, сенбеу, күдіктену* т.б. сипатта білінеді. БАҚ тілінде әрине бұл күнделікті оқиғаларға, саяси жағдайларға, әлеуметтік теңсіздікке, қылмыс жағдайларында құндылықтардың тапталуында белең алуы мүмкін. БАҚ қоғамдағы келеңсіз жағдайлардың сипатына әртүрлі баға беріп, оған эмоциялық-экспрессиялық реңк бере отырып, оқырманына, тыңдарманына ой салады. Оның моральдік-этикалық құндылықтар аясында қоғам тарапынан реакция тудыруын мақсат етеді.

Енді осы эмоциялардың берілуін, яғни эспрессивтілікті көрсететін ақпараттық-оқиғалы жанр мысалдарына талдау жасайық.

БАҚ тілінде қуаныш елдің мәртебесі өскен жағдайда, мемлекеттік мерекелер, тұлғалардың жетістігі басқа да адамға қуаныш сыйлайтын оқиғаларда көрініс табады. Көбінесе қуаныш адамдарды біріктіретін бір айтулы оқиғалар, ерекше құбылыстар, адамның талантының ашылуы, табиғаттан лаззат алу сияқты жағдайлармен байланысты болады. Көсемсөз мәтіндерінде бұл оқиғалар әсерлі, яғни экспрессиялы жеткізіледі.

*«Алматы халықаралық әуежайынан 25 тамыз күні Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ұжымымен бірге Әнелді қазақтың қара домбырасымен әндепін, ерекше қошаметпен қарсы алдық»* <https://kaz.inform.kz/>.

*«Әндепін, қошаметпен қарсы алдық»* деген сөз бен сөз тіркестері қуанышты көңіл-күйді оқырманға әсерлі жеткізуді мақсат етеді.

Жағымды эмоцияны берудің лексикасы әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, *«Дайыдау» – Димаштың оң жамбасына келетін сүйікті әні. Сүйікті әні дейтініміз – Димаш бұл әнді «Славян базары» халықаралық беделді ән байқауында*

тамаша деңгейде орындап Гран-Приге қол жеткізген болатын». (Әдебиет порталы). Осы шағын ақпараттың өзінен эмоциялылық жағымды бағалаудан тұратын лексикадан құралған сөз тіркестерін қолданғанын және ақпараттың экспрессиялығы көрінеді.

Жағымсыз бағалау саясат тақырыбындағы мақалаларда жиі кездеседі. Журналист газет бетінде саяси тақырыптарды қозғай отырып, оған өз бағасын жанамалап беруге тырысады.

Әлеуметтік желідегі Н.Аралбайдың мына бір сөзі: **«Мынау не масқара? Халық кедейшіліктің құзына құлап жатқанда спортқа 775 миллион доллар бөлу сау адамның ақылына сия ма? Ең сорақысы, қисапсыз ақша бөлсек те, жеткен жетістігіміз жоқ»** автордың жағдайға бағасын және тыңдаушының эмоциясына әсер етуді мақсат еткенін дәлелдейді. Эмоция басым, экспрессия айқын.

Құндылықтарға сай бағалауда мақала тақырыптарын дұрыс ұсына білу өте маңызды. Мақала тақырыбы сәтті шықса, оның оқырманы да табылады. Мысалы: adurportal сайтының тақырып таңдауы мақалаға деген қызығушылықты жақсы оятады. **«Түркі саммитінен соң Қытай мен Ресейдің құлағы көрінді»**. **«ОҢҒАР ҚАБДЕН: Ердоған мен Тоқаевтың мәлімдемесін күтіп отырғанда Орбан картотты жарды»**, **«Қарызсыз қоғамға»** қадам. **Депутаттың қарызы, елдің арызы бар»**. Тақырыпта бағалау тілдік бірліктер арқылы экспрессиялы берілген. Оқырман эмоциясына әсер ету арқылы мақалаға қызықтырады. БАҚ тілінде осындай ұтымды тақырыптардың таңдалуы – көсемсөз стиліне тән белгі.

Сонымен қатар, әлеуметтік желіде қазақ қоғамының құндылық жүйесіне сай келмейтін тақырып атауларын жиі кездестіреміз. Мысалы, **«Баланың аяғына неге ала жіп байлайды?»** (Informburo.kz). деген мақаланың тақырыбын қазақ тілді оқырман жағымды қабылдай алмайды. Өйткені қазақ танымында тұсау-кесер ұғымы **«қасиетті, құндылығы жоғары рухани сипаты басым ұғым»**. Ал мақала тақырыбындағы **«байлау»** етістігі танымдық тұрғыда материалдық әлемге жақын. Бұл ырымның басты ақпараты жіп байлауда емес. **«Тұсауды ала жіппен кесу»** басты мәнге ие, сол себепті **«ала жіп байланбайды»**, **«ала жіп кесіледі»**.

Осы сияқты **«Қазақ халқы неге талқан былған жеген?»**, **«Көктемде адамды неге ұйқы қысады және оны қалай жөнге келтіруге болады?»**, **«Ел көгертетін ерекше дәстүр. Батаның қандай түрлерін білесіз? «Иткөйлек. Нәрестеге киімін неге «теріс» кигізген?»**, **«Қазақтың қандай салт-дәстүрлері сақталмай қалған?»** тәрізді сәтсіз тақырыптарды ғаламтордан кездестірдік. Бұл тақырыптар кімге ұсынып отырғаны белгісіз. Егер журналист қазақ қоғамының танымын, құндылықтарын жақсы білсе, осы іспеттес сөйлемдерді жазбас еді. Яғни жазылым мәдениеті автордың ішкі мәдениетіне, біліміне, оқырманға де-

ген құрметке, жеке жауапкершілікке тәуелді. Жаңалық таратушы белгілі сайттардың мәтіндерінде осындай мысалдар көптеп кездеседі.

Тақырып таңдауда жаңалық таратушы белді ақпарат сайттарының тілдік заңдылықтардың сақталуына аса мән бермейтіні қынжылтады. Мысалы, «Абай облысында 14 адамның өмірін жалмаған орман өртінің **себебі аталды**». Себеп аталмайды: *анықталады, жарияланады, нақтыланады, іздестіріледі. «Сенат спикері Мәулен Әшімбаев жалақысын айтты*». Дұрысы: *«жалақысы туралы айтты*». Тағы бір жаңалық тарататын сайтта **«Есінен тандырды»**: *Алматы орталығында жүргізушілердің төбелесі видеоға түсіп қалды*» тақырыбымен мақала ұсынылыпты. Жаңалықта төбелес барысында есінен танып құлап қалған адам туралы айтылады. Осы ретте «есінен тандырды» деген тіркесті жеке алуға болмайды, кім кімді есінен тандырды толық жазылған кезде ғана оқырманға түсінікті болады.

Тағы бір мысал, *«Қарағанды облысындағы шахтада болған апат: облыс әкімі өзін қандай сезімде екенін айтты»* деген сөйлемде апат болып жатқан жағдайда «сезім» сөзі мүлде контекске сай келмейді. Өйткені «сезім» сөзінің ішкі мағыналық құрылымында *«жағымды»* деген жасырын мағына бар. Бұл жағдайда *«қандай күйде екенін айтты»* деген дұрыс болар еді. Эмоциялық-экспрессиялық бағалау туралы сөз қозғағанда, оқырман құндылығын басты назарда ұстану қажет. Қазақ тілді қоғам құндылықтары аударма жаңалықтарда ескеріле берілмейді. Елімізде жаңалықтар алдымен орыс тілінде жазылып, қазақ тіліне аударылады және аударма сапасы сын көтермейді. БАҚ қазақ тілді оқырманның бағалауына кері әсер ететін жайттарға мұқият болғаны жөн. Тіл халықтың басты құндылығы болғандықтан, көсемсөз стилінде сөз қадіріне аса мән берген дұрыс деген ойдамыз. Әлемдік практикада медиа қызметкерлердің кәсіби этикасы мен құндылығы жоғары, өз ісіне адал, сөз бостандығы мен демократиялық ұстанымдарды берік сақтауын жеке адамның эмоциясының субъектілігінен гөрі қоғам мен мемлекет мүддесін көздейтін объектілікке негізделгенін талап етеді. Қоғам сұранысы, заңның үстемдігі және мемлекеттік мүдделердің бірінші болуын басты темірқазық ретінде танып, тілдік құралдарды да орынды қолдана білу кәсіби біліктілікті қажет етеді. Қазіргі ақпараттық алауыздық жағдайында бұл мәселелер өте өзекті болып тұрған жағдайы бар.

Медиа кеңістікте авторлардың сөз саптауларындағы лексикалық бірліктерді кәсіби этика мен құндылықтар шеңберінде дұрыс қолдана алуы оқырманның медиа сауаттылығын арттырып, тілдің қолданысын өрістетіп түсетіні сөзсіз. Медиа кеңістіктегі тілдік сауаттылық – әлеуметтік желіні қолданушылардың барлығына ортақ мәселе. Осы ретте қоғам пікірін қалыптастыруда тілшілердің жоғары адами құндылықтарды басшылыққа ала отырып, бағалауда

эмоция мен экспрессиялықты берудің тәсілдерін меңгеруге жіті назар аударса деген ұсынысымыз бар.

Бұл шағын мақаламызда медиа кеңістікте ақпарат жеткізуде маңызды болып табылатын бағалау мен эмоция-экспрессиялық мағыналарды тілдік бірліктер арқылы жеткізудің кейбір мысалдарын қарастырдық. Көсемсөз стилі – бұл тілдік құбылыстарды және тілдегі өзгерістерді айқын көрсете алатын стиль. Сондықтан да медиа мәтіндердің тіліндегі бағалау мен эмоция-экспрессияны беру тәсілдерін назардан тыс қалдырмау керек деген ойдамыз.

### **Әдебиеттер**

1. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы, Алматы: «Рауан», 1991. – 216 б
2. Ернарарова З.Ш. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. Алматы, 2001. – 215 б.
3. Жақсыбаева Ф.З. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы (Қазақ тілінде шығатын газет материалдары бойынша): фил. ғыл. канд. дисс.- Алматы, 2000. – 153 б.
4. Якобсон П.М. Психология чувств и мотивации: Избр. психол. тр. - Москва: Ин-т практ. психологии, 1998. – 304 с.;
5. Рубинштейн, С. Л. = Основы общей психологии – Издательство: Питер, 2002 г. – 720 с.
6. <https://jasqazaq.kz/>
7. <https://abai.kz/>
8. [https://kaz.nur.kz/s /](https://kaz.nur.kz/s/),
9. <https://aikyn.kz/>
10. <https://adyrna.kz/>
11. <https://informburo.kz/>

## ҚҰРАЛАЙ ҚАЙЫРБАЕВА

Өскемен қаласы әкімдігінің «Оралхан Бөкей атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты

### ОРАЛХАН БӨКЕЙДІҢ «ҚАЙДАСЫҢ, ҚАСҚА ҚҰЛЫНЫМ» ПОВЕСІНДЕГІ «ӘКЕ» КОНЦЕПТІСІ

Ана тілінің жауһарларымен, төл әдебиетінің маржандарымен сусындап өскен жас ұрпақ бойында биік адамгершілік, ізгілік, ұлтжандылық сынды қасиеттер қалыптасып, туған жерге, өз еліне деген сүйіспеншілік сезімі артады, тілдік санасы жетіліп, қоршаған әлемге деген көзқарасы кеңі түседі, шығармашылыққа бет бұрады, В. фон Гумбольдт көрсеткендей, өз тілімен қоршалған ұлттық шеңберде ұлттық кодты тануға мүмкіндік алады. Осымен байланысты халықтың алтын тұғыры, рухани-мәдени қазынасы ретіндегі тілді ұлт болмысымен, дүниетанымымен, халық мәдениетімен астастыра оқыту рухани жан дүниесі бай тұлға қалыптастыруға негіз болады. Сондықтан да бүгінгі күнде *«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі»*, – деген ұлағатты ойшыл Әбу Насыр әл Фараби пікірінің құндылығы артып отыр. Тәрбиелі, ақыл-парасаты мол, адамгершілігі зор, еліне қамқор, ұлтына жанашыр перзент – еліміздің жарқын болашағының кепілі. Ендеше Хакім Абайдың *«Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп»*, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының *«Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры»* деген асыл ойларын негізге алсақ, тілдің құдірет күші арқылы саналы, зерделі, парасатты ұрпақ тәрбиелеу ісі өзекті мәселелер қатарында. Мұның өзі рухани білімді кодтау және жеткізу қызметін атқаратын тіл арқылы іске асады. Бұл орайда қазақ халқының өзіндік рух кеңістігі – рухани байлық, тілдік қазына. Осы орайда Оралхан Бөкей былай дейді: *«Өзінен кейінгі ұрпағына мұра жинау иісі қазақтың табиғатына өгейлеу болса, ал сіңірі шыққан қара сирақ кедейден теректен ойған келіден, шеті жырық астаудан өзге не қалушы еді. Бұл халық артына рухани байлықтан, ұлағатты сөз бен ұлттық дәстүрден өзге дүние жинауға салақ-ақ»* (О.Бөкей. «Сайтан көпір»). Яғни, сөз өнері, тіл құдіреті арқылы адам бойындағы күллі құндылықтар жүйесінің іргетасы қаланады. *«Меніңше, – деп ойлайтын Қойшы, – менің дүниедегі ең пайғамбар жазушым – өз ана тілінде жазып-ақ әлеми аспанға көтерілу – өз ұлтының жілікті де сіңірлі дәстүрі мен бар керемет қасиетін, кесепат мінезін*



тарамыстан, қайып суреттеу» (О.Бөкей. «Өліара»), – дегендей, Алтайдың ақиығы, асқан дарын иесі, біртуар сөз зергерінің осы сынды пайымы ұрпақ тәрбиелеуде адам жан-дүниесінің өзегі рухани байлыққа, ұлағатты асыл сөзге, сөз құдіретіне, ұлттық дәстүрге негізделуі қажет екендігін барынша негіздейді, өз кезегінде қазақ ұлтының рухани болмысын, жан әлемін айқын танытады. Жазушылық бұл тұжырым – Оралхан Бөкей туындыларының негізгі мәйегі. Ал жақсылыққа ұмтылыс, рухани құндылықтарға құштарлық – биік рухты адам болмысының сипаты. Шын мәнінде, қаламгер әр туындысында қазақ ұлтының ұлттық келбетін, қанына сіңген абзал қасиетін, өзіне тән, қайталанбас төл мәдениетін суреткерлік шеберлікпен көркемдейді. Жазушы ана сүтімен, ана тілі арқылы берілетін ұлттық тәрбиені барынша дәріптейді. Бұл орайда суреткердің кесек туындыларының бірі – «Қайдасың, қасқа құлыным» повесі. Аталмыш шығармаға байланысты Т.Мәмесейіт былай дейді: *«Мінеки, халқының басындағы трагедияларды осылай ишарамен, меңзеумен жеткізген жазушының «Қайдасың, қасқа құлыным» деп тынымсыз, мәңгі өлмес арман-мақсатының қара қасқа құлынын аңсап іздеуі тегіннен тегін емес. Халқының тағдырына жаны ауыратын қаламгердің – елінің, жерінің болашағын ойлайтын, ел-жұртының салт-дәстүрін қастерлейтін, тілін сүйетін, ата-бабалар өсиетіне адал жаңа ұрпақты армандап, аңсауы бұл»* [1, 187]. Сол сияқты *«Оралхан геройлары – біздің бүгінгі замандастарымыз. Кәрісі бар, жасы бар – қайсысы болмасын, қазіргі дәуірдің азаматтық міндеттерін белсенді атқарып жүрген іс адамдары. Жазушы солардың іс-әрекеті, мінез-құлқы сырларын ашып қана қоймайды, өткенімізге ой тоқтатып қарайды, болашағымызға көз жібереді. Ол характерлерді шебер ашады, солардың көзқарасы, ұғым-түсінігі арқылы дәуірдің өзекті проблемаларын батыл көтереді»,* – дейді С.Қирабаев [2, 194].

«Қайдасың, қасқа құлыным» повесінде қазақ отбасындағы ұлттық құндылықтар, рухани діңгек, ата-баба дәстүрінің даналыққа толы астары, қазақ танымындағы Әке тұлғасы шыңына жете суреттеледі. Шығарманы сезімсіз оқу мүмкін емес, өйткені бұл – өз тағдырымыз, ата жолынан қол үзе бастаған біздің болашағымыз. Сүлей суреткер өз шығармасында қилы тағдыр иелерінің қайталанбас болмысын көркемдікпен сомдайды, өз басынан өткен өмір иірімдерін де тілге тиек етеді. *«Қара сөзбен жырлаған» көркем проза жанрының шебері Оралхан Бөкей өз туындыларының тереңіне өз жанының, өз рухының бір бөлшегін әспеттей орап, өз жүрегінің лүпілін мұқият жасырып кеткендей көрінеді»* [3, 319]. Бұл орайда қаламгер ұшқан ұясындағы әке қамқорлығы мен әке тәрбиесін өз шығармашылығында негізге алады. Осыған қатысты жазушының қарындасы Ғалия Бөкейқызы былай дейді: *«Біздің өңірдің сайсала, жыра-жықпылына дейін білетін бір адам болса, ол – әкем еді. Алтайдың*

арғы шежіресі жайлы тарихи деректерді, жер-су атауларының шығу төркіні туралы небір қызықты хикаяларды айтқанда құлақ құрышын қандыратын. Шабанбай, Тарбағатай жайлауларындағы Алтықаз, Қарасаз, Жетіірек, Жетікезең, Мұзбел сынды жерлердің өз ерекшеліктерін жеке-жеке бір-бірінен даралап айтатын. Әкем осы жерлерді бәрімізге аралатты» [4].

Жазушы өмір сүрудің мәнін, адам болудың пайымын, ата салтын, баба дәстүрін қасиет тұтып, атаның салған жолымен жүрудің мән-маңызын асқан көрегендікпен түйіндейді, халқымыздың ұлттық мінез-құлқын бойымызға сіңіріп, ұлттық рухани әлемді жүрегімізге ұялатудың жолын көрсетеді. Мұның өзі бүгінгі, қазіргі жаһандану кезеңінде аса құнды екені шындық. Мәселен, қазақ отбасындағы әкенің орны, асқар таудай әкеге деген кіршіксіз махаббат, ер-азаматтың абыройы мен ар-намысы, ер адамның отбасының қамқоршысы, ел қорғаны сынды биік тұлғасын барынша шынайы, бояуын қалыңдатпай, сол қалпында суреттейді. Бір сөзбен айтқанда, жазушы шығармасындағы Бөкен – қазақ отбасындағы әкенің, әкелердің типтік бейнесі, жиынтық образ. Бұл орайда «Қайдасың, қасқа құлыным» повесі әлемнің тілдік бейнесіндегі «Әке» тұлғасының ұлттық сипатын айқын танытады. Ал әлем бейнесі дегеніміз не? Г.Гачев сөзімен айтсақ: «Барлық халыққа тән құндылықтар (өмір, нан, жарық, баспана, отбасы, сөз, өлең) әртүрлі қарым-қатынаста орын алады. Бұл – барлық халықтарға тән айрықша құрылым ұлттық бейнені, қысқаша түрдегі – ғалам бейнесін құрайды» [5, 47]. Бұл орайда тіл – таным бәйтерегі, сондықтан да ол қаншалықты мәуелі болса, ғалам моделі ұлт санасында соншалықты көркем түрде дамыған болып есептеледі. Кез келген тілдегі ғалам бейнесі екі жақты сипатқа ие: бір жағынан, кез келген тілдегі ғалам бейнесі адамның әлемге көзқарасымен байланысты болса, екінші жағынан, нақты әр тілдегі әлем моделіне әлеуметтік-мәдени қоғамдағы ұлттық «әлем бейнесі» жалғасады, әрбір тіл өз ерекшелігімен «әлем картинасын» өзгеше қалыптастырады, ол дегеніміз – тілдің өзінің ерекше концептуализациялық (әлемді ұйымдастыру) әдістері. Әлемнің қарапайым бейнесі когнитивтік модельде айқындалады. Ол өз кезегінде ұлттық санамен, көзқараспен, ұжымдық философиямен байланысты болады. Сондықтан сөйлеуші осы модельге байланысты өз ойын жинақтап, баяндайды.

Ментальды ақпараттың нәтижесі ретінде әлемнің тілдік бейнесіндегі когнитивтік модельдің, яғни «Әке» концептісінің негізі әлемнің тұтас күйі емес, біздің ата-бабаларымыздың маңызды, құнды деп таныған, ұлттық санаға сіңген тілдік суреті екендігіне көз жеткізуге болады. Мұның өзі антропоцентристік пен этноцентристікті, концепт астарындағы ұлттық таным-парасатты, ұлттық идеяны, қазақ рухын, халық санасын, ұлт келбетін зерделеп, айқындауға

мүмкіндік береді. Осы орайда «Концепті танытатын негізгі қағидалар мыналар: концепт құндылықтар жүйесін анықтап, оны сипаттайды; концепт саналы және бейсаналы түрде ұғымдар жүйесін таңбалайды; концепт тіл арқылы жүзеге асады, қызмет етеді; концепт адамның, тіпті толық ұлттың білімі мен мәдени деңгейінің, танымдық стилінің көрсеткіші болып табылады; концепт арқылы білім шексіз айналымда болады, яғни білім тарайды, сақталады және өңделеді; концепт мәдени ақпарат беруші, яғни ұлт мәдениетін, тілін, ұлттың болмысын, өткені мен бүгінінен мәлімет береді», - дейді А.Б. Әмірбекова [6, 9]. Осыған сәйкес Оралхан Бөкейдің «Қайдасың, қасқа құлыным» повесіндегі «Әке» концептісінің күрделі құрылымын төмендегідей саралауға болады.

**«Әкенің» тұлғалық келбеті – бала үшін аса таныс және сонымен қатар бейтаныс, шуақ шашар көз бен мейірім тamar көңілге толы парасат әлемі.**

*«Әкеміз иығындағы осынау бас маған ес білгеннен бермен таныс, көз алдымнан күн-күн сайын кетпейтін жұмыр жердің өзі сықылды: бірақ біз жұмыр жерді қаншалықты білеміз, сыралғымыз десек те, бәрін білмейміз, тіпті біле түскен сайын – білмейміз, өйткені ол (жер) – бәріміздің, бар тіршіліктің әкесі, жаратушы иеміз, тусақ та, өлсек те, қайта айналып өзін табамыз. Ендеше әкемнің басы, анау қысықтау келген өткір көз... осы көз баяғыда бір... тым ертеректе, менің бала кезімде болар, жұмыла жаздап, мәңгіге жарық дүниемен қоштаса жаздап, шие ттей бала-шағасының көз жасы сақтап қалған еді ғой; осы көз ол шақта әлдеқайда отты, әлдеқайда ойлы, ұшқын атқан жастықтың, өмірге деген іңкәрліктің жалынына толы болатын. Иә, ол кезде мен әкемнің көзінен қазіргіден әлдеқайда мол қуат көргем; бірақ сол қуаттың өзі бүгінгідей асау мінездің саябыр тапқан, салқын тартқан шағында ұлы ақылға ұласқандай емес, әлдеқайда, әлдеқайда тәкаппар...».*

**«Әкенің» ерекше, қайталанбас рухани болмысы – перзент үшін ең жақын, ең қымбат, ең аяулы, сүйікті жан ретінде танылуы.** Әке бойындағы асыл қасиеттер: *«Дүниедегі ең мықты, әрі ақылды, әрі мың жасайтын тек қана менің әкем екенін, менің әкемнен асқан адамды осы жасыма дейін көрмегенімді, талай ауылды, талай қаланы аралап сандалсам да, таппағанымды, тіпті енді мың жылдан соң да таба алмайтынымды, өйткені әкем мені дүниеге әкелгенін, өйткені менің әкем...».* «Біздің шешемізден гөрі Бөкемді әлдеқайда жанымыздай жақсы көретініміз талай жұртты таң қалдыратын...». Әлбетте, әр бала, әр перзент үшін туған әкеден артық жанына жақын адам жоқ.

**«Әке» – балаға қамқор, балажан жан, жанашыр, сезімтал, мейірім иесі:** *«Әкем: «Мынау қара тастың құпиясын ұлыма айтудың керегі бола қоярма екен? Дүниедегі ең жаман нәрсе – жүрегіңді жастай жаралау. Жүрегің*

жастай жаралаған адамның оңғанын көргенім жоқ. Бір бітеу жара жарылмай сыздап, еңсеңді еңсеріп басады да жүреді. Біз балалықты тым-тым ерте жоғалттық. Ал қазіргі жас сол балалықтан арыла алмай дал». Жазушы өз тарапынан бала жүрегінің дүрсілін сезіп, жан-дүниесін туған әкеден артық түсінетін жан болмайтынын аса сезімталдықпен, ұлттық психология тұрғысынан баяндайды. «Сенің әкеңе мен де ұқсағым келген, – деді Қаршыға. – Аса қайратты, сіңірі берік кісі. Сенің өмірің менікінен гәрі бір мысқал бақыттырақ өтсе, ол сөз жоқ әкеңнің арқасы».

**«Әке» – отбасының ұйытқысы, шаңырақтың тірегі:** «Түні бойы әкемнің жанында болып, таң сібірлей ұйықтап кеткенде, әжем оятып: «Күн шығып келеді, әкеңнің саулығын құдайдан тілеңдер», – деп мазалайтын... «Ұлымды он беске толтырып кетсем, арманым не, кім-кімдерден таяқ жеп, кімнің босағасында телмірер екенсің», – деп әкем даусын шығарып, қатты солқылдап жылады-ай кеп, біз бәріміз, бүкіл үй-ішіміз боп еңіредік. Өйткені біздің шаңырақтың іргесі берік еді. Ал қазір біздің үйдің шаңырағы мен керегесі әкем ыңқылдаған сайын шайқалатын». Қаламгер шаңырақтың шайқалуы фразеологизмін қолдану арқылы отбасындағы ахуалды, күйзелісті тереңдете түседі. Ұлт мәдениетінде маңызды семиотикалық мәртебеге ие шаңырақ этнографизмі – отбасылық қасиетті мұра, күннің символы. Көк күмбезіндегі Күннің кішірейтілген жердегі бейнесі шаңырақ мәңгілік өмірдің, мейірім мен шапағаттың, бақыт пен қуаныштың, әр әулеттің үрім-бұтағының өскендігінің белгісі болып табылады. Қазақ танымындағы «шаңырақтың» мәні мен маңызы қара шаңырақ, шаңырақ көтерді, шаңырағың биік болсын, шаңырағы құлады, шаңырағына қобыз ойнатты, шаңырағы ортасына түсті, шаңырағы шайқалды т.б. тұрақты сөз тіркестерінен айқын көрінеді. «– Ақсақал-ай, ендігі тілек осылардың амандығы зой. Бір немере сізде де бар. Өзіңіз айтқан, соғыс жылдары өлім мен өмір белдесіп жатқанда дүниеге келіп, әкесінің қадірін ерте түсінді ме, тым бауыр-мал, әкежанды, – деді Бөкем шалдың жастығын биіктетіп».

**«Әке» – тәрбиеші, ақылшы, кешірімді, зерделі, ақ көңіл, кең пейілді, білімдар жан, ақыл-парасат иесі:** «Маған көзінің қырымен қарап қана қойғаны болмаса, «мұның теріс» деп беттен қақпады. Мұның бәрі де жастықтың желігі екенін, ондай айқұлақ ерке қылықтар өзінің де басынан өткенін түсінгендіктен шығар. Әкем менің көп ағаттықтарымды кешіретін, мүмкін ондай шайқы-бұрқы тентектіктер дүниежүзі балаларына ортақ қылықтар екенін зерделегені-ау. Мен әкемнен сескенетінмін, ол оқымаған оқымысты еді». Жазушы қазақ отбасындағы қылау түспес әке тәрбиесін, қабақпен қана ұғысар әке мен бала қарым-қатынасын ерекше көрегендікпен өрнектейді. Яғни, «Әкеден — ақыл, Анадан – мейір» дегеніңіз осы.

**«Әке» – жомарт, мәрт адам, қолы ашық, елге қамқор жан:** *«Ал өзі он бес жылғы табан ет, маңдай теріне алған қозы қарын сары майды дәл осы жерде шығарып салуға келген жұртқа таратып беріп еді»... «Арып-ашып Марқакөлден келе жатқанымда астыңдағы атыңды түсіп беріп едің, ақылды азаматтың мәрттігінен айналып, сүйер ұлға сүйсінгенмін. Дертті боп жатыр деген сөз естіген соң, құстай ұшып жеткенім осы»* (Қаржаудың сөзі).

**«Әке» – қайсар да қайратты, рухы биік тұлға:** *«Бірақ сен мойыған жоқсың, өлсең ақы сұрамайтын қара жер бар екенін білдің, сонсоң ежелгі қайсарлығыңмен міз бақпастан көндің...Жаның қысылғанда ыңқылыңды естірпеймін деп тісіңді шақыр-шақыр қайрар едің; жаныңда көзі жаудырап біз отырғанда, үніңді шығармай, қатты демігер едің; сен түні бойы көз ілмейтінсің, сонда әпкелерім кезек-кезек кітап оқып, аяғыңды сипап, олар да жарғақ құлақтары жастыққа тимейтін»... « – Ерлер ғана шын жылай алады, – дейтін менің әкем».* Шығармада әке тарапынан ұл баланың ер болмысты, өр келбетті болып ер жетуінің маңыздылығы айқын суреттеледі. Мұның өзі ұл тәрбиесіне қатысты ұлттық тәрбиенің, тамыры тереңге тартар қазақ танымының, ұлттық психологияның көрінісі деуге толық негіз бар. Осыған сәйкес тілдік деректер қазақ болмысында ұл баланың ер атануын барынша ардақтайтынын көрсетеді: *«Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені, Емен ағаштың иілгені – сынғаны», «Аққу құсқа оқ тисе, қанатын суға тидірмес. Ер жігітке оқ тисе қиналғанын білдірмес», «Айнымас жүрек, ер көңіл ер жігіттің серігі», «Ақ найзасы болмаса, ерді қайдан танырсың. Ен, таңбасы болмаса, малды қайдан танырсың», «Ақсұңқар ұшар жем үшін, Ер жігіт туар елі үшін», «Ер сүрінбей ел танымас, Ат сүрінбей жер танымас», «Ер талабы өр мезгер», «Ер тамыры елде, Ел тамыры жерде», «Ер-тоқымы жаман деп ерді мазақ қылмаңыз. Еккен егін жаман деп жерді мазақ қылмаңыз», «Ер туған жеріне келер, Ат тұрған жеріне келер», «Ер шекіспей, бекіспес», «Ер шеруде ерінуді білмейді, шепте шегінуді білмейді», «Ер шешуде, нар кешуде сыналар», «Ер – ырыстың кілті».*

**«Әке» – перзенті үшін үлгі болар, балаға жөн сілтеп, қазаққа тән сабырлылыққа, байсалдылыққа үйретер идеал тұлға.** *«Таң өте сұлу кеспірде. Тау іші болған соң жұқалаң шық түсіпті, күннің алғашқы сәулесінен-ақ көзі жаудырап, бу боп бусанып жатты. Бұта-бұтаның басынан бозторғай шырылдап, мәз өмірінің күйін шертті. Тау алып ұйқысынан енді-енді ғана серпіліп, ал дала кеудесін дүбірлетіп, алғаш қытықтаған біздерге жүз жасар ғұмыр тілегендей еді; өзіне деген айнымас махаббатын сыйлағандай еді. Мен өзімді мәңгірген күйден тез арылып, сергек сезіндім. Ертеңгіліктің таза да дымқыл ауасын құштарлана жұтып, егер әкем болмаса, торы биені шықпыртып-шықпыртып, қиқулап шапқылап кеткім бар. Мұндай пизғылымды аңсарған*

ол: «Ақырын жүріп, анық бассаң ғана алысқа барарсың», – дейтін. Сонда ғана мен көңілдің де, көк дөненнің де тізгінін тартатынымын. Жас шақта шапқылап-шапқылап алудың сөкеттігі жоқ, ол – балаға тән ерке қылық екенін әкем түсінбейді дейсіз бе? Жо-жоқ. Сондығынан да ессіз есіртпейтін шығар». Халқымыз «Шешеге қарап қыз өсер, Әкеге қарап ұл өсер» дегендей, шығармада қазақ отбасындағы әке тәрбиесінің өзіндік алтын ережесі бар екендігі айқын аңғартылады.

**«Әке» – ар-намысты қорғаушы:** *«Бөкем бізбен қоштасқысы келмеді, бар айтқаны: елде бардың ерні қимылдайды, халқың аман болса, жетімдік пен жесірлік көрмесіңдер. Аш жүріңдер, жалаңаш жүріңдер – адалдықтың ала жібін аттамаңдар».* Халқымыз адамшылық қасиетті бәрінен жоғары қойып, адам бойындағы баға жетпес рухани байлық деп пайымдаған, адамның барлық іс-әрекетін ар таразысына салып баға берген, бойында ар-ұяты, намысы бар ұрпақ тәрбиелеуді мақсат еткен, соған ұмтылған.

*«Мүмкін әкем айтатын ердің белгісі пышақ деген ырым бойынша еркектік үшін, әлде намыс үшін тағына ма?»* Қазақ мәдениетінде қару-жарақ ерлердің жеке мүлкі болумен қатар, ер-азаматтық намысының символы ретінде танылды. Қаруды сенімді адамына ұстауға, кепілдікке бере алды, құрметтеді, қасиет тұтты, онымен ант етті, серт берді. Қару-жарақ – жігіттің ел қамқоры, ер атануының, жауынгерлігінің, жаужүректігінің белгісі, қайратының қайрағы, жігерінің жебеушісі, намысының медеті. Бұл орайда «Ұлдың ұяты – әкеге, қыздың ұяты – шешеге» дейді халық.

**«Әке» – сүйікті жар:** *«Шешем әкемді о дүниеде де бар болмысымен жақсы көріп өтетін секілді. Бөкем бір ауырса, анам екі ауыратын..». «Біздің шешемізден гөрі Бөкемді әлдеқайда жанымыздай жақсы көретіміз талай жұртты таң қалдыратын. Бірақ әкемді ғұмыр бойы сүйіп өтуі сол айналайын анамыздың өзі үйреткен еді. Көңілі қалып, сезімі суымайтын, қайта ерінің амандығын мойнына бұршақ салып тілейтін, ерінің алдында бұл дүниеден аттанып-ақ кетуін тілейтін, өз күйеуінің ғана ма, иісі ер адамның амандығын тілейтін. Анам айтатын: еркектер болмаса, қай-қай дұшпанның күңі болып кетер едік, қай-қай елдің етегіне жабысып, етігін жалап кетер ек; ерлер болмаса, батқан күніңнен, атқан таңыңнан не пайда, ерлер болмаса, тар құрсағың кеңі ме, тас емшегің жібі ме...».* Автор қазақ отбасындағы әке мен ана қарым-қатынасын, қазақ мәдениетіндегі әкеге, ер адамға деген ерекше құрмет пен сыйластықты, сенім мен сүйіспеншілікті, қадір мен қасиетті дәріптейді.

**«Әке» – жолбасшы, көреген, көшбасшы, рухани тірек.** Автор қазақ дүниетанымына сәйкес бала үшін адам болудың жолын, әкенің салған ақ жолын, адастырмас тура жолды барынша паш етеді: *«Біз нұр толқынды таң теңізін*

кешип, таңгажайып ертектегідей ертеңгі шақтың кәусар ауасына орандық, сол ауамен оразамызды аштық. Біздің әлі қанша жол жүретімізді, қайсымыздың аяқ артар көлігіміз ерте шалдығып, қайсымыздың ерте бой алдыратынымызды әкем болмаса, мен білмеймін: әкеме ерсем ғана адам боламын, әкеме ерсем ғана адаспаймын. Әкем ғана мені ерте оятып, таңгажайып таңды жұрттан бұрын көрсете алар. Тек әкем ғана арайлы шақта аялап оята алады».

**«Әке» – туған жерін шексіз сүйген, туған жерге туын тіккен, туған жерге кіндігімен байланған ерекше жан:** «– Көрмеген жұрттың ой-шұңқыры көп дегендей, барсам да, жұртты сағынып, қайта көшіп келем бе, айғай-шуы көп қала тірлігіне көндіге алмай, құса болам ба деп қорқамын. Ана жылы қатты қысылып ауырғанда көкसेгенім рас, бірақ қалаң таппаған шипаны даладан тауып едім, содан бері осы өңірдің топырағын бұйыртуды жатсам-тұрсам тілеймін. Онымен бірге мына жалғыз ұлым мен үшін жылында бір рет келіп қайтады Алтайға, әкесін жанына көшіріп алса, ат ізін салмай, жатбауыр болып кетер деп және секемденемін. Басымыз қарайып отырсақ, бұлар қайда барар дейсің, бәрі бір айналып қазығын табар да»... «Біз Әуликөлді жағалай жүріп, арғы бетке құлдағанда, менің оқу мүжіп, ақ жемін шығарып тастаған миым жаңа бір қуатты нұрға шомылғандай... Кеудемде мың-миллион гүлсәрі тұлпар тасыр-тұсыр жарысып бара жатқандай. Кеудемде мың-миллион құс тамылжытып сайрап тұрғандай... Мен тұңғыш рет кіндік қаным тамған жердің не себептен ыстық боларын сезіп, алғаш рет әкемнің не себептен осынау қоңырқай шаруасымен ата мекенін қимайтынын сездім. – Мен өзіме сұрақ қойдым: Әке ізімен келемін бе?»

**«Әке» – перзенті үшін отқа да, суға да түсетін, балаларының бар ауыртпалығын мойнына артып, күн-түн демей қажыр-қайратын аямай жұмсайтын жан:** «Күн бұл қалпында күн бағарға ұқсаған, шет-шетіндегі тарам-тарам шашағын шашыратып, әкем екеуіміздің көз жанарымызды жібек нұрмен жалғады. Қысық көзі жылт-жылт етіп, қабағын көтерген сайын ғаламат жарқылды от тұтанып қалғандай болады. Астындағы шабдар ат та күннің алғашқы қою алтын арайын қақ жарып келеді.

Бұл – әкемнің талай таптаған сүрлеуі, талай асқан асуы. Мен болмасам ол алқынбайтынын білемін. Өмірдің ащы-тұщысы әбден пісіріп, сүрлеп тастаған әкемнің әлі уыз езу бошалаң менен әлдеқайда сіңірлі де қажырлы екенін білемін; менің тартар тауқыметімді қоса енішлеп, қара нардай қасқая тартып, зұмыр кешкенін де білемін, дегенмен мен көп нәрсені білмеймін – әсіресе, әкемнің не ойлап зұмыр кешкенін, әсіресе, әкемнің не себептен тым-тым бұйығы, тым-тым ерте қартайып бара жатқанын, дүниенің бәріне сын көзімен қарайтынын... Мен тіпті бүгінгі биеден қарақасқа құлынның неге тумамай кеткенін

сұрағанда, алысқа қарап көзі боталап күрсінетінін білмеймін... Ол қазір де терең ойға шомулы. Бірақ маған айтпады. Меніңше, жетіскен ой оралмаған секілді санасына, өйткені қабағын кіреукелендіріп Таңатар тасына қараған».

«Әке» – рухани ұстаз. Автор өз суреттеуінде қазақ отбасындағы ұлттық этиканың бір қыры ретінде вербалсыз қарым-қатынасқа мән береді, сондай-ақ Бөкен сынды әкенің рухани байлыққа толы жан-дүниесін айқын танытады. «Білесіз бе, оған үнсіздік жарасатын. Білесіз бе, оған көсіле сөйлеу жарасатын, көсемси сөйлеу жарасатын. Оған бәрі жарасатын. Ол көріп-білгеннің бәр-бәрін маған айта бермейтін, мүмкін жас жүрегін жаралап, ауыр әңгіме айтып қайтейін дейтін шығар. Әйтеуір, әкемнің үлкен бір тірі кітапхана екенін сезінетінмін».

«Әке» – бала үшін еркіндіктің, тәуелсіздіктің шамшырағы, ешкімге, ешнәрсеге мұқтаж болмай өмір сүрудің кепілі. Шығармада Әке образын ашуда жазушы қалыпты, дәстүрлі танымнан өзгеше теңеуді, символды қолданады. «Маған әкем: найзалы шың, жақпар-жақпар тас қоржындаған кәрі таудың – табиғаттың тағы құбылыстарының қалтарысында оқыстан туып қалған, жез топшылы қаршығаға тым ұқшасатын; маған әкем: Алтайдың арда еркесі, бұғысы сықылданатын... Менің әкем, менің әкем дүниедегі ең асыл, ең алып жігіттің марқасқасы болатын; бұл менің көкейіме оралған бір ой, менің көкейіме оралған тағы бір ой: ол – бұғы секілді еді: ұзақты күнге еркіндікті аңсайтын, түн ұйқысын төрт бөліп, күресті сағынатын...». Жалпы бұғы, құс атаулары жазушы шығармаларында ерекше символдық мәнде қолданылып, қаламгер туындыларының көркемдік қуатын арттыра түседі. Бұл орайда қаршыға – батылдық пен тазалықтың, алғырлық пен қайсарлықтың символы. Мұның өзі ұлтымыздың құсты қашанда киелі, қасиетті санауымен, оның жоғарғы әлемнің – Тәңірінің елшісі ретінде қабылдауымен де байланысты болса керек. «Бұғы бақыт пен сәттілік әкеліп, жолаушыларға жол көрсеткен. Ежелгі шеберлердің бұғыны алтынмен мүсіндеуі кездейсоқ емес. Бұғы жайындағы нанымдар қазақтар мен қырғыздарда әлі күнге дейін сақталған», - деп жазады Ә.Марғұлан [7, 31]. Шығармада бұғы еркіндік, тәуелсіздік, асқан ақыл мен биік парасаттың, ер мінездің символы ретінде қолданылады. Қаламгер әке тұлғасынан осындайлық қасиеттерді паш ете, ұлықтай түседі.

«Әке» – текті, жүрегінде иманы бар жан. «Бөкем тіпті де тексіз емес, асылдың сынығы»... «...Жол торыған қашықын қазақтар Таңатарды өлтіріп, атын алыпты, сол түні әкем арманда кеткен арыстың сүйегін арулап қойып, өзі кері елге қайтты»... «Жығылды, сүрінді, бірақ түңілген жоқ».

«Әке» ұрпағымен мың жасайды. «Білем, әкем бүкіл әлем білмек емес, бірақ рухын мың жасататын тағы да біз».



**«Әке» – асқар тау, ұрпағы үшін ғұмыр кешетін жан.** *«Менің әкемнің өмір жолы басқа еді ғой. Тіпті оның басып өткен ізінен садаға кетер едім. Ол жолды қайталау менің қолымнан келмейді де. Дегенмен, әркімнің дара, ешкімге ұқсамайтын өмірбаяны және бар, тек біздердікі әкелерімізге қарағанда әлдеқайда оңайырақ басталды, өйткені бүгінгі біздің қуанышымыз солардың қайғысынан, қанынан көктеген гүл секілді».*

**«Әкесі» бар адамдар бақытты:** *«Мен айттым: бәрінен де әкеңнің болғаны жақсы»... «Біз анамның әкеме деген ұлы сүйіспеншілігімен дүниеге келдік, әкеме арқаланып, мәре-сәре ғұмыр кештік, әлемдегі ең сұмдық сөз жетім жесір деп ешкім табаламады. Біз сондықтан да бақытты едік, сондықтан да жер жаһанда бірде-бір баланың әкесіз, аңырап қалмауын, қайыр сұрап, алақанын жайып, ешкімге телмірмеуін мінәжаттар едік, әкелер рухы алдында басымызды иер едік».* Сондықтан да халқымыз «Әкесі бардың ырысы бар, інісі бардың тынысы бар» дейді.

**«Әке» – мынау бізді қоршаған табиғатты, сұлу да ғажап әлемді танытатын, перзентінің жүрегінде жер анаға деген сүйіспеншілікті оятатын жан.** **Автор-кейіпкер өз қаламгерлігінің сырын осылайша ақтарады:**

*«Балама бұғының мүйізін кескенін көрсетіп қайтайын, кешке сіздің шаңыраққа тірерміз аттың басын.*

*Әлбетте, менің миымдағы бықыған жүздеген фамилиялар мен шығармалар тізімі, сақалы сала құлаш данышпандар бейнесі, өзгенің қайғысы, өзгенің қайыршы халі, өзгенің байлығы мен әлемді әлдилеп тұрған даңқы – бәр-бәрі де анау сұлап жатқан сұлу табиғат, дүрия жонды көргенде, үрке қашып, өз құрлығына бас сауғалаған секілді. Енді менің санам туған жерімнің ағарып атар таңындай таза, жарықтық Әулікөлдей майда ғана еркелей толқиды. Әулікөлдің бетіне ұсақ толқыншалар төсеген жұп-жұмсақ қылықты желемік мүмкін менің де қоқыр-соқыр ұйықтай бастаған сезімімдегі ласты айдап әкетіп жатқандай да. Әне, басқаның жазғанын жаттаған қайран аңғалдық енді ғана өз болмысындағы балауса дарынның шын парқын жыға танып, осына жұмыр жерде қалар қансонарын аңсағандай еді; қанша оқыдым, асыл нақылдарды жаттадым, тыраштандым, ойлап қараса, кім-кімдердің жазғандарын көз майын тауысып жаттағаныңмен, маңдайың тайқы, зердең қаңсық болса, пайдасы шамалы екен, мен бес жыл батыс-шығыс классиктерінің том-том еңбектерін парақтадым, бірақ бес бет жазған шығармам жоқ; рас, сан рет қолыма қалам алып, көрер таңды көзбен атқыздым-ақ, сан рет пайгамбар жазушылардың кітабын басыма жастап ұйқтадым-ақ, амал не, аян берген ешкімі жоқ...; енді міне, енді міне Әулікөлді мыңдаған жыл жалғызсыратпаған саумал самал «ақыл» ыстап тастаған көңілімді тазартып, ал*

тордағы балапандай секемиіл сезімін өре түрегеліп сайрайды-ай; алдымдағы бір-біріне иек артқан раушан жота-қыраттар – анау алып таулардың маңына топтастырған үбірлі-шүбірлі ұрпақтарындай... Мен ақынмын! Ақылшым – туған жер, ұстазым тәкаппар да қатал Алтай!».

Осы орайда Галия Бөкейқызы былай дейді: «Шын мәнінде, Әкемнің мені тауға алғаш ертіп шыққаны әлі көз алдымнан кетпейді. Сондай қалың бұғыны, сондай қалың елікті осы күнге дейін көрген емеспін. Әкемнің табиғатты аялауы сондай, тік қарағай жыққан емес, ылғи айдаладағы көлденең ағашты жинап, тазалап жүретін. Осы күні шығысқа барған жұрттың көзіне қан елестеп, бұғы мүйізінің қанын ішіп, сорпасына түсіп жатады ғой, әкем де, ағам да бұғы мүйізінің қанына түскен де, ішкен де емес. Ағам жылдың төрт маусымында да Алтайға келетін. Шығармаларының дені Шыңғыстайдағы шағын ғана үйде жазылды. «Тауға қараған сайын ойдан ой туады» дейтін. Өзінің: «Ұстазым – Алтай, тақырыбым – адам» дейтіні де сондықтан шығар. Әкемнен қалған сол әдет оны ылғи табиғатқа тартып тұрды» [4].

**Әке жаққан отты ұлы сөндірмес болар:** «– Отты неге сөндірмедік? Немен сөндіреміз? Асудың үстінде өртеніп кетер ештеңе жоқ. Сонсоң өзі жаққан отқа өзі су құймас болар. Сонсоң, – деді сәл ойланып, бұл ретте жалт етіп шапшаң бұрылды. – Сонсоң... әке жаққан отты ұлы сөндірмес болар, қарт бабадан қалған талай салттың бықсып өшіп қалғаны, тапалап, таптап кеткені бір бұл емес шығар, ербимей, шаужайлай түс биені». Қазақ танымында отты сөндіруге, отқа түкіруге, сондай-ақ оттың орнын басуға, үстінен аттауға тыйым салынған. Өйткені от – халық түсінігінде әлемді тазартушы, болмыстың бастауы, мәңгілік өзгерістің, үйлесімділік пен қарама-қайшылықтың, бір күйден, екінші күйге өтудің рәмізі, болмыстың мәңгілігінің белгісі. Сонымен қатар от – үйдің киесі, шамшырағы, отбасының символы, қазандағы ырыстың қамқоршысы, яғни мәңгілік өмірдің символы. «Балаға қайтарған әке жауабына зер салсақ, көне сенімді қасиетті қағидадай қабылдау заңдылығын байқаймыз. Көне мифтерде отты киелі санау желілері көп ұшырасса, кейінгі дәуірлерде сол сенім негізінде «өзі жаққан отты өзі өшірмеу» ережесі туындаған. Отқа табынудың түп тамырына үңілсек, оны көктегі күннің бір бөлшегі түрінде бағалаған ежелгі адамдардың таным-түсінігі деп түсіндіреміз» [8, 82]. Автор сонымен қатар **«бабадан қалған талай салттың бықсып өшіп қалғанына»** өкініш білдіріп, аһ ұрады.

Кісілікке тұнған, адамдық болмыстың жанды үлгісіне айналған, жүрегі перзентіне деген махаббатқа толы «Әке» – баланың арманын асқақтатып, бақытқа қол жеткіздіртер, өмір баспалдақтарында рухани күш-қуат беріп, алға жетелер, тұлғасы күн сайын биіктей түсер ардақты жан.

«– Қазір толастайды, өткініші зой, – деді әкем жарғақ сулығын Қаршыға екеуіміздің басымызға жауып. «Сонсоң мен сендерге Мұз тауын көрсетемін. Сұлушоқының үстінде тұрып, Мұз тауын көрген адам лайым бақытты зұмыр кешеді дейтін аңыз бар. Ал киелі тау кез келген адамға күні кез келген күні көріне бермек емес».

Мұз тауы – Алтай тауларының ең биік шыңы. Бала кезімнен бір рет көрсем деп көксеп жүр едім.

«– Анау аппақ болып шоғырланып, тарамай жатқан бұлтты көрдіңдер ме? – деді әкем қамшысымен нұсқап. – Әне, сол бұлттың арасында Мұз тауы бар. Көз алмай қарап тұрыңдар, қазір сол бұлт қақ жарылады да, көкті тіреген шың көрінеді. Қараңдар, кірпік қақпай қараңдар. Қазір көрінеді, қазір анау бұлт қақ айырылады да, әне... әне... айырылды... әне... жарықтық мұз тауы көрінді. Қараңдар, қарақтарым!

Көзімнің алды көкпеңбек буалдыр сағымға толды да, әлгі шоғыр-шоғыр бұлт баяу ғана екіге жарылды, сонсоң, бұрын-соңды көрмеген асқан сұлу шың қақтаған күмістей жалтырады-ай. Қандай керемет құбылыс! Қандай таңғажайып жұмбақты табиғат! Мен осы сәтте Мұз тауын ғана емес, сол таудың ұшпа басында күнге қарап кісінеп тұрған қара қасқа құлынымды да көрдім, тіпті шырқырай кісінеген үні де құлаққа келгендей болды... Аппақ бұлт қайта бүркеді де Мұз тау гайып болды...

Әке! – дедім мен, – әке, мен қара қасқа құлынымды көрдім!».

Осындағы Мұз тауы туралы Б.Бияров былай дейді: «Мұзтау – (Белуха) – тау (4506 м), Катонқарағай ауданы, Алтай тауының ең биік шыңы. «Мұзы бар, мұзды тау» мағынасын береді. Түркілердің тарихи атамекені болған таудың тарихи аты Мұзтау (Мұзтағ) еді...Түркі-монғол қасиетті тау деп табынған...» [3, 259].

Иә, жазушы Оралхан Бөкей тарапынан берілген осынау таңғажайып құбылыс, керемет көрініс негізгі кейіпкердің арманына қол жеткізгенін аңғартады. Сол сияқты *Қара қасқа құлын* образы да көңіл аударарлық. «Ат – ер қанаты» дейді халқымыз. Қазақ үшін жылқы – мәңгілік қозғалыс, өмір сүру, тіршілік ету. Жылқы қазақтың қанына сіңіп, сана-сезімін жаулаған, кең байтақ өлкеге алып шығып, оның сырын сездірген, даланың әдемілігін, кеңдігін танытқан. Қазақты ат үстінде тану қажет, өйткені ат үстіндегі адам қанаттанып, ерекше шабытқа ие болады, арқаланады. М.Аджи сөзімен айтсак: «Сахара адамы үшін жылқы – жан мен тәннің жалғасы, оның екінші «мені» [9,64].

**Күнге қарап кісінеп тұрған қара қасқа құлын** – күннің, қозғалыстың символы, айырықша күш-қуаттың, күн нұрынан дарыған ғажайып қасиеттің, ер атанудың белгісі, ер жігітті шырқау биікке, шексіз кеңістікке, рухани әлемге,

тәуелсіздікке, еркіндікке, жеңіске жетелер киелі, тылсым әлем, жазушылық құдіреттің киесі дерсің! Жазушының өзі де: *«Мен өзімнің ерігімде атым болуын өне бойы көксем жүрдім. Тіпті, осы қиял, осы үміт ересек тартқанда да бәсеңдемей, қайта қаулай түсіп, астымдағы арғымаққа қос қанат біткендей болып көк зеңгір аспанда ұшып жүргендей сезінетінмін... Аттың қуатына тәңірдей табынған тек менің әкем ғана ма? ..Миллион-миллард жылқының тұяқтары-ай! Сені алып жүрген не? Күш пе? Рух па? Адам жылқы мінезді дейтіні рас. Сондығы болар, ер басына күн туып, қысылтаяң шақ таянғанда иесін иенге тастамай ажал аранынан ала қашқаны»* [3, 145-146]. Бұл орайда Ғалия Бөкейқызы: «Ағамның «Қайдасың қасқа құлыным», «Тортай мінген ақбоз ат», «Құлыным менің» шығармаларын жазуы, тіпті 1965 жылы венгр жазушысының жылқы туралы элегиясын аударуы оның жылқыға ерекше жақындығынан еді», - дейді [4]. Ендеше... *«Ұлылық – жалған дүниені майға шалқыған жалпақ табанымен жалпағынан басу емес, артыңа өшпес із қалдырып, арғымаққа мінгендей асығыс зулап өту»* (О.Бөкей) екені анық. Сондықтан да *«Әке жаққан отты ұлы сөндірмес болар»* (О.Бөкей. «Қайдасың қасқа құлыным»).

### Әдебиеттер

1. Оралхан Б. Естеліктер, эсселер және мақалалар. – Алматы: Өнер, 2000 – 320 б.
2. Қирабаев С. Талантқа құрмет. – Алматы, 1988. – 230 б.
3. Гачев Г. Национальные образы мира. – М., 1988, – 448 с.
4. Әмірбекова А. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшеліктері. Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2006. – 125 б.
5. Маргулан А. Казахское народное прикладное искусство. Т.1. Алматы, 1986, – 256 с.
6. Аймұхамбетова Ж. Миф дүниесі және көркемдік әлем. – Астана, 2004. – 102 б.
7. Аджи М. Полынь половецкого поля. М., 1994. – 349 с.
8. <https://bokey.kz/index.php/ru/>
9. Бөкей О. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2013. – 132 б.

## ЛӘЙЛӘ ДЕМЕСІНОВА

*Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-  
практикалық орталығы  
Әдістеме бөлімінің ғылыми қызметкері*

### **ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ МЕН МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ҚҰС АРХЕТИПІНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ**

Қазақ қоғамында құстың орны мен маңыздылығы, халық санасындағы құс бейнесінің көрініс табуы мәселесі әлі күнге дейін оқырманға қызықты тақырыптардың бірі болып отыр. Көркем шығармалардағы құс тақырыбы, қазақ дүниетанымындағы құстың мәні, тарихи ескерткіштердегі құсқа қатысты иероглифтердің табылуы барлығы да қазақ тарихында құстың тотем бейнесінен кем еместігін аңғартады. Жалпы түркі халықтарының ұлттық рәміздерінде құс бейнесінің келуі, ежелгі ою-өрнектеріміздегі «құстандай», «қазтабан», «құсізі», «аққу мойын» сияқты оюлардың болуы, космогониялық мифтер мен «құс жолы» түсінігі, қазақ би өнеріндегі «Аққу», «Бүркіт» билерінің әлі күнге дейін қазақ сахнасында қойылып келе жатуы, қазақтың баласын құсқа теңеп, Қарлығаш, Бүркіт, Сұңқар, Лашын, Қаршыға деген есімдердің берілуі мен тіпті ақын-жазушыларымызды өз ерекшелігіне байланысты құсқа теңеп жатуымыз, мысалы «Жыр аққуы Мафуға», «Ақ Жайықтың шағаласы» деп Ақұштап Бақтыгерееваны айтуымыз, бұл үрдістің әншілердің арасында да белең алуы қазақ дүниетанымындағы құстың орнын, оның қасиетін аңғартса керек. Баланы тіл-көзден қорғасын деп бесіктің басына үкінің қауырсынын іліп қоюы, жаңа түскен келінге немесе қыздардың тақиясына үкі тағуы, ер адамдардың батырлық пен батылдықтың символы ретінде бүркіттің тұяғын сыйлыққа алып, көліктеріне қоюы ешкімге таңсық емес. Ал тіліміздегі құс атауларына қатысты нақыл сөздер мен мақал-мәтелдер: «қарға қарғаның көзін шұқымас», «қыран құс шашып жейді, қара құс басып жейді», «құс патшасы – бүркіт», «жас бала құстың көлеңкесінен де тоңады», «қарға баласын әппағым дер, кірпі баласын жұмсағым дер» деген сияқты қанатты сөздер жетерлік. Құстардың шығуына байланысты түрлі аңыздар мен әпсаналардың ел арасында кеңінен танылуы, музыка өнеріндегі ырғақтар мен «гакку» сияқты үндердің кездесуі де құсқа қатысты болып келеді, қазақтың дәстүрлі аңшылық өнеріндегі құстардың алар орны туралы зерттеу өз алдына бөлек тақырып.

Аталмыш мақалада қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі құс бейнесін лингвомәдени тұрғыдан қарастырып, халқымыздың ұжымдық бейсанасында сақталып қалған архетип түсініктерге нақты мысалдар арқылы талдау жасап, жаңаша тұжырымдар ұсынылды. Мифологиялық шығармалар мен халқымыздың салт-дәстүрінде, наным-сенімі мен өнерінде кездесетін құс бейнелері мен мотивтерінің архетип сипаты салыстырыла отырып талданды.

Қазақ тарихында құс бейнесі «көк бөрі» тотемінен кем зерттелмеген. Себебі көшпелі қазақ халқы өзін ешқашан табиғаттан бөле-жара қарастырмаған, тіпті адамзаттың «сәбилік дәуірінде» өзін табиғат арқылы танып, қоршаған ортасында болып жатқан барлық жағдайларды сол табиғатпен бірлестікте, тұтастықта қарастырып отырған. Сондықтан да болса керек қазақ үшін жан-жануарлар мен құстардың орны ерекше. Сол себепті де құстың орны қазақ мәдениетінде тоғемдік деңгейге дейін көтеріліп, күнделікті тұрмыс мен көркем өнер түрлерінде көрініс тауып отыр.

Зерттеу мақаласында К.Г.Юнг [1] ұсынған архетип концептісі негізінде қазақ және шетелдік ғалымдардың еңбектері негізге алынып сараланды. Сонымен қатар, архетип әдеби сынын қалыптастырған Н.Фрай [2], Э.Нойманн [3], М.Бодкин [4], В.И.Телия [5] сияқты ғалымдардың лингвомәдениеттану мен архетип концепциясы, психоанализ бен әдебиеттің, көркем шығармашылықтың байланысты туралы ғылыми тұжырымдары негізге алынды.

Құстар туралы көлемді еңбектер жазбаса да, өз зерттеулерінде құс тақырыбын, оның болмысы мен қазақ тарихындағы маңыздылығын айқындайтын еңбектер Ш.Уәлиханов [6], Ә.Марғұлан [7], Е.Тұрсынов [8], А.Сейдімбек [9], С.Қондыбай [10] еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Мәселен қазақ қоғамында алғаш құстарға, саятшылық өнерге қатысты көптеген этнографиялық мәліметтерді жинақтаған Ә.Марғұланның «Саят құстары» атты еңбегінде құсбегілік пен саятшылыққа жан-жақты тоқталып, аталмыш өнердің қыр-сырын, саятшылықта қолданылатын құрал-саймандар мен саятшы құстардың түрлеріне де жекелей тоқталып, *«Саятшылық ерте заманнан қазақ халқының сүйген бір кәсібі болғандықтан, қазақ аңшылары оны осы күнге дейін аса құмар қылып ұстады. Саятшылық өнерін өркендету – мәдени істің бірі болуға тиіс»* [7, 203] деген пікір келтіреді.

Құс архетип образы мен құс архетип сюжеттер көне әлемдік және қазақ мифологиясы мен қазіргі әдебиетте де өз жалғастығын тауып келе жатқан архетип екені даусыз. Құстың архетип түсінік боуының бірден-бір себебі, оның адамзат қалыптасуының алғашқы сатыларынан бастап адамдар тіршілігімен біте қайнасып, «құстар біздің досымыз» қағидасының қалыптасуы негізінде әлі күнде дейін бір-бірінен ажырата алмай келуі заңды.

Құстарға қатысты мифтік таным-түсініктер турасында С.Қондыбайдың «Арғықазақ мифологиясы» [10] еңбегінде кеңінен қарастырылады. Зерттеуші адамзат дамуының алғашқы сатыларындағы құстардың образын, олардың адам өміріндегі маңызын, құстарға қатысты түрлі мифологиялық шығармалар негізінде салыстыра отырып талдау жасайды. Себебі адамзаттың мифологиялық кезеңінің өзінде құстардың орны ерекше болған, оған дәлел үйсіндерден жалғыз қалған баланы бөрі емізсе, оған ет тасыған қарға болған деген де аңыз кездеседі, сондықтан да қазақта «қарға тамырлы қазақ» деп бекер айтпаса керек. Ал қазақ түсінігіндегі «бақ құсы», «дәулет құсы» деген түсініктердің қалыптасуы да мифтік дәуірден қалған, алайда бақ немесе дәулет құсының нақты қай құс екені айтылмаса да, елде патша немесе хан сайлауда дәулет құсын ұшырып, құс кімнің басына қонса, сол елге басшылық етеді деген сияқты архетип сюжеттер «Қарахан», «Дәулет құс», «Ермек» сияқты ертегілерде кездеседі. Немесе қазақ түсінігіндегі «басынан бағы ұшты», «басынан дәулет ұшты» түсініктері негізінде ұшу, яғни басқа жоғары әлемге кетті деген түсінік жатыр. Ал, «бақ құсын» қондыру, жаңа өмірге қадам басып, келіншек алу түсінігі де қазақ дүниетанымында бар үрдіс. Мифологиялық таным бойынша құстар әлемнің фертикалды үш кеңістік: жоғары, орта, төменгі әлемді жалғастырушы жасампаздық қабілетке ие деп түсінеміз. Мәселен орта және жоғары әлемде бірдей тіршілік ететін құстарды екі дүниені байланыстырушы деп түсіндірсе, аспанда ұшып, құрлық пен суда да жүзе алатын құстарды жерасы әлемімен де байланыстырған. Мысалы, аққу, қаз, үйрек сияқты құстардың қасиеттілігі де содан болса керек. Ал Еуропа халықтарында жерасты әлемін күзетуші құс ретінде «қарға» сипатталады.

С.Қондыбай мифологияда кездесетін құстардың атқаратын қызметі мен маңыздылығы негізінде төмендегідей топшылау ұсынады:

1. *құсы тотем ретінде, яғни белгілі бір ұлттың жаратушысы;*
2. *құстың жасампаз тәңіріе болуы, яғни әлемді жаратушы ретінде кездесуі;*
3. *құс тәңіріелердің елісі: періште, тасымал саяғы, Ілкі Төрдің қорғаушысы;*
4. *құс – рухтың келбеттенуі;*
5. *құстардың дуализм сипатқа ие болуы;*
6. *құс кейпінің басқа да жаратылыс иелерімен араласа алу қабілеті (қанатты адам, пырақтар, қанатты жылан);*
7. *құс – аса маңызды келбеттеуші. Адам жанының ұшуы сияқты мысалдар» [10, 141].*

Жоғарыда көрсетілген топшылау бойынша құстардың ежелгі мифтерден бастап қазіргі әдебиеттегі архетип бейнесін сипаттап, зерделер болсақ. Қазақ әдебиетінде көптеген ақын-жазушыларымыз өз шығармаларында түрлі ішкі

сезімдерін, көңіл-күйді сипаттауда «ұшу» сөзін қолдануынан мифтік танымдағы басқа әлемге ұшып кету деген мифтік таныммен сабақтастығын аңғарамыз. Абайдың «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» өлеңінде:

*Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа,*

*Адам ойы түрленіп ауған шақта.*

*Салған ән – көлеңкесі сол көңілдің,*

*Тактысына билесін ол құлаққа* [11, 5] – деп келетін өлең жолдарында ақын шығармашылықтың ерекшелігін, шабыттанған жанның бұ әлемнен тыс басқаша күйге бөленіп, адам қиялы мен қабілетінің шексіздігін көрсетсе керек. Адамның көңілі мен қиялын ұшып кететін құсқа теңеуінің астарында мифтік таным жатқаны белгілі. Бұндай ерекшеліктерді лингвомәдени тұрғыдан зерттеп ұлттық тіліміздің ерекшелігін таныта аламыз.

Құстардың жасампаздық сипатына тоқталар болсақ, алғашқыда үйректің бейнесі, кейіннен қаз бен аққуды да осы қатарға қосып келеміз. Әлем фольклорында бұл үшеуіне қатысты ертегілер жетерлік. Мәселен, «Қисық үйрек» ертегісінде кәрі шал мен кемпірдің қанаты сынған үйректі тауып алып, үйінде емдеп, жазған соң, олар орманға кеткенде үйректің сол үйді жинап, ата мен апаның асын дайындап, суын тасуы, яғни қажет болғанда адам кейпіне ауысуы, қорыққанда қайта үйрек кейпіне енуі. Бұл туралы С.А.Қасқабасов «Жаназық» [12] еңбегінде қазақ фольклорында адамның басына қауіп төнгенде немесе қиналғанда жан-жануарға айналып, кейін қорқыныш басылған сол қайта өз қалпына келу туралы айтылады немесе бұғыға айналған қыздың бұғы болып жүріп жүкті болып, кейіннен қайта қызға айналуы кей елдердің тотемдік символдарының қалыптасуына қатысты мифологияда жиі кездесетіні белгілі. Қазіргі қазақ әдебиетінде аталған архетип мотив А.Кемелбаеваның «Қоңырқаз» әңгімесінде көрініс тауып отыр. Кішкентайынан өз қатарластарынан бөлек өскен кішкене қыздың құстардың мүсіндеріне құмар болуы, кейіннен арқасынан қос қанаттың өсіп шығу мен шығарма соңында айналасынан жәбір көргенде құстармен ұшып кетуі. Магиялық реализмге құрылған бұл шығармада қыз бала арқасына өсіп шыққан қанаттан еш қымсынбайды, керісінше көршінің баласымен төбелесіп қағанда ызаға булыққан қыздың қанаттарының жайылып ұл балаға қарсы айбат шегуі, яғни шығарма кейіпкерінің қорқынышы мен мифологиядағы мотив ұқсастығын аңғаруға болады. Яғни адамның басына қауіп төнгенде басқа тіршілік иесіне айналу архетип мотивін аңғарамыз. Тағы бір ескере кететін жайт, шетел әдебиетінде кездесетін архетип мотивтердің бірі жаманшылық жасаған немесе өтірік айтқан адамның торғайдың құйрығы сияқты артынан қауырсындардың шығуы мен шығарманың



өзегі болған анасының қалада жүріп алданып, ауылға келгенде құстың жұмыртқасына жерік болып, ұрланып жұмыртқа жеуі мен кейіннен қызының арқасына қанаттың өсіп шығуы тегін емес. Бұл жерден құсқа қатысты архетип мотивтің жалғастығын аңғаруға болады.

Лингвомәдениеттану негізінен тіл мен мәдениеттің тоғысында әр халықтың тұрмысы мен өмір салтындағы ұлттық ерекшеліктердің тілдегі көрінісін зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Зерттеу барысында қазақ халқының өмірінде ерекше орын алатын құс бейнесіне лингвомәдени талдау жасау арқылы халқымыздың ұлттық ерекшеліктерін айқындау мүмкіндігі жоғары. Қазақ түсінігіндегі ит-құс түсінігі, құмай құс пен ит, Ұмай ана, қазақ атауының шығуына қатысты мәліметтер негізінде ит пен құстың арасындағы байланыс немесе түркі халықтарының тотемі болған бөрі (ит тұқымдас) мен қыран құстың қандай байланысы бар дегенге көлер болсақ. Қазақ мифологиясында түрі аңыздар бар. Мәселен, кәрі бүркіттің екі жұмыртқа басып, бірінің құмай тазы, екіншісінің қыран құс болуы туралы аңыз немесе адам баласы бара алмайтын, ағаштың ұшар биігіне ұя салған қара құстың күшіктер басып шығаруы, күшік сөзінің этимологиясында «құс ит» тіркесімен байланысын көруге болады. Қалай болғанда да қазақ танымында бөрімен қатар қыран құс та өте қасиетті саналған. Тіпті Ұмай ананың құмаймен байланысы барлығы белгілі. Аю батыр туралы аңыздарда Айсұлуды құтқарушы, кейіннен толғақ кезінде де ұшып келіп, жәрдем берген, яғни құс келбетіндегі Ұмай ана бейнесін білеміз.

Байғыз құстың шығу тарихы туралы аңызда да Ұмай ана бар. Кәрі шал мен кемпірдің қартайғанда көрген қызығы Мұратәлі есімді баланың әрекетіне бір отырыста қатты кейіген Ұмай ананың оның құсқа айналдырып жіберуі мен, кейіннен қашада сұңқылдап отырған құсты жұрт «байқұс-ай, байқұс-ай» деп мүсіркеуінен уақыт өте «байғыз» болып кетуі туралы аңыз да ел аузында. Бұдан байқағанымыз қыз-келіншектердің қорғаушысы Ұмай анамыздың да құс келбетінде келуі құс симфолының қазақ өміріндегі маңыздылығын айқындап отыр.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі А.Алтайдың «Таужат» шығармасында да бөрі мен қыранның арасындағы үндестікті көруге болады. Шығармада бас қаһарман бесікте жатқанда жайлауда болған алапат апаттың салдарынан ағаштың басына бесігімен ілініп қалған баланы үш күн, үш түн көкте ана қыран мен жерде бөрілердің қорғауында да мифологиялық танымның жатқаны айдан анық. Осыған ұқсас мифологияны еске алар болсақ, жоғарыда айтылғандай, бұл жалғыз қалған баланы емізген бөрі мен ет тасыған қарға құс туралы мифологияның сюжетімен сабақтас болып келеді.

Құстың қазақ халқының мәдениеті мен өнерінде көрініс табуына келер болсақ, күнделікті тұрмыстан бастап, қолөнері мен тұтас мәдениетін құспен бай-

ланыстырған халқымызда құсбегілік өнер: құс салу, құс қайыру; тұрмыстық заттар: құс жастық пен құс төсек; әшекей бұйымдардағы құс символикасының болуы; құсбегі, құс биі, дауылпаз билері; табиғат құбылыстарына қатысты: құс айырған құбидың желі, құс құйрығы түсініктері барлығы да қазақ танымына сіңісті болып кеткен түсініктер. Бұндай сөздер арқылы ұлттық тіліміздің мәдени ерекшелігін айқындауда мүмкіндіктер көп.

Дегенмен әлем халықтарында бұл үрдіс кездескенімен, әр елдің географиялық, климаттық жағдайларына байланысты әр халық үшін белгілі бір құстар қасиетті, қадірлі болып келеді. Мәселен, қазақ халқы үшін қыран құстың маңызы зор болса, еуропа халықтарында қарға қасиетті саналады, өзен, көлі көп аймақтар үшін үйрек пен қаз тотем болып келеді.

Сонымен қатар, әр құстың өзіндік ерекшелігіне байланысты белгілі бір қасиеттермен сипатталады. Мысалы, бұлбұл әнші құс болса, үкі даналықтың символы, ал қыран қырағылықтың, бүркіт батырлықтың, көкек уақыт, аққу сұлулықтың, қарлығаш мейірім, көгершін бейбітшіліктің белгісі болып келеді.

Зерттеуші Н.Костомаров құстар туралы зерттеуінде оларды басты ерекшеліктерін ескеруді ұсынады:

- 1. белгілі бір құстардың физикалық ерекшелігі мен сол құсты қадір тұтамын ел табиғатындағы ұқсастықтың болуы;*
- 2. құстардың хабаршы немесе модератор болуы;*
- 3. құстар туралы мифологиялық танымды ескеру [13].*

Бұл топшылау С.Қондыбай зерттеулерімен де сабақтасып жатыр. Бұдан байқайтынымыз құстардың тек көшпелі халықтар тіршілігінде ғана емес, әлем халықтары тарихында да ерекше орын алатындығы. Оған себеп жалпы адамзатқа ортақ әмбебап архетип түсініктер екені ақиқат. Адамзат алғашында өзін табиғат арқылы танып, өзін табиғатпен тұтастықта таныды, қабылдады. Ежелгі ру-тайпалардың атауларының құспен байланысы немесе бүркіт адамдар, Ин династиясының тотемі қарлығаш болуы, қазақта да Арыстан баб, Қарға баб деген мекендердің болуы соның айғағы.

Қазақ халқының этнографиялық зерттеулеріне сүйенер болсақ, қазақта «жыл құсы» деген түсінік бар. Жыл құстарының келуі мен кетуіне байланысты түрлы ырымдар сақталған. Мәселен, сол уақытта баланы сүндетке отырғызбайды немесе құлақ теспейді, себебі жара ұзақ жазылмай құс құйрығындай ұзаққа созылып кетеді деген. Ал жүйке ауруына шалдыққан адамдардың да осы кезде аурулары өршіп отырған, бұл қазақ үшін құстың қасиетіне сеніп, оны қадірлегеннен туған түсініктер. Қазақта аққу құсты да ерекше бағалап, киелі санаған. Сондықтан да аққуды атпаған, ал егер мәжбүр болған жағдайда, атқан аққудың орнына құрбандық шалған. Қарлығаш құсты қадір, қасиеті туралы аңыз

эпсаналар жетерлік. Солардың бірі Қарлығаш би атанған Төле би туралы хикая ел аузында. Бұндай архетип сюжет «Алтын сақа» ертегісінде де кездеседі. Сақасын іздеп жұртқа келген баланы жалмауыз кемпірден қарлығаштар құтқарады. Себебі киіз үйдің төбесіне ұя салған қарлығаш ұясын бала әрдайым қорғап жүреді. Ал ол өз кезегінде баланың сәлемін төбеттеріне жеткізіп, баланы құтқарып қалады.

Қазақтың зергерлік өнерінде де құс бейнесінің келуі тегін емес. Қазақта күйеуге шықпаған қыз құстың тұмсығы сияқты бір жағы сүйірленіп келетін «құстұмсық» немесе «құсмұрын» жүзік таққан. Ал ұзатылған соң ол жүзікті артындағы сіңілісіне болмаса қайынсіңілісіне сыйға артқан. Кейіннен бұл дәстүр жалғастық тауып анадан қыз балаға мұра ретінде беріліп отырған. Бұл да өз кезегінде түркі халықарының көне тотемдік танымдары негізінде қалыптасқан дәстүр. Қазақ халқыныда бұндай құста қатысты наным-сенімдер, дәстүрлер жетерлік. Құстардың бейнесі арқылы біз халқымыздың көне тарихын, мәдениеті мен өнерінен хабардар боламыз. Ұлтымыздың құстарға деген құрметінен тұтас ұлтымыздың болмысын аңғарамыз. Жоғарыда көрсетілген ұлттық ерекшелігімізді айқындайтын тілдік оралымдарды лингвомәдени тұрғыдан саралаудың маңызы зор.

Жалпы байқағанымыздай үш әлемді байланыстырушы, жоғарғы әлемнің елшілері, жақсылықтың жаршысы, рух пен жанның символы, адамдарға әрдайым көмекші, қамқоршы болып келетін құстар қазақ және әлем халықтары мәдениетінде ерекше орын алатын тіршілік иелері. Тіпті еліміздің рәміздерінде де құс қанатының келуі тегін емес, құс қанаттарының туымызда көрініс табуы, еліміздің қырандай қанаты талмасын деген ниетпен жасалуы, құстың қазақ үшін маңызды екенін көрсетеді.

Қорыта айтар болсақ, бүгінде қазақ ғылымында заман талабына сай ұлттық рухани құндылықтарды жаңаша көзқараста зерделеу, рухани жаңғыру идеясы негізінде жоғалып бара жатқан ұлттық ерекшелігімізді қайта жаңғырту уақыт күттірмес мәселелердің бірі. Осы ретте, ұлттық болмысты танытатын архетиптерді зерттеуде лингвомәдени зерттеу әдісіне жүгінудің маңызы зор.

### Әдебиеттер

1. Юнг К.Г. *Психология бессознательного*. – Москва: Когито-Центр, 2010.
2. Фрай Н. *Анатомия критики*. – Москва: Московский университет, 1987.
3. Юнг К.Г., Нойманн Э. *Психоанализ и искусство*. – Ваклер: Рефл-Бук, 1998.
4. <https://castalia.ru>: Бодкин М. *Архетипические модели в поэзии*. Электронды ресурс: <https://castalia.ru/tags/art/articles>
5. Телия В.И. Русская фразеология: Семантический, прагматический и лингво-

- культурологический аспекты. – Москва: Языки русской культуры, 1996. – 288 с.
6. Уәлиханов Ш. *Зерттеулер, ғылыми жазбалар, хаттар*. – Алматы: Рауан, 2014.
7. Марғұлан Ә. Саят құстары: *Этнографиялық оқу-әдістеме*. – Астана: Жарыс, 2014.
8. Тұрсынов Е. *Қазақ ауыз әдебиетін жазушылардың байырғы өкілдері*. – Алматы: Ғылым, 19767
9. Ақселеу Т. *Күй шежіре*. – Алматы: КРАМДС-Яссауи, 1992.
10. Қондыбай С. *Арғықазақ мифологиясы*. 4 том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004.
11. Құнанбайұлы А. *Шығармаларының екі томдық толық жинағы*. 1 том. – Алматы: Жазушы, 2005.
12. Қасқабасов С. *Жаназық. Әр жылғы зерттеулер*. – Астана: Аударма, 2002.
13. <http://ecoethics.com>: Костомаров Н. Электронды ресурс: <http://ecoethics.com.ua/old/b11a/11.html>

## МЕРУЕРТ КӨПБАЕВА

*М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,  
«Журналистика және филология» кафедрасының профессоры,  
филология ғылымдарының докторы*

### ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОЙ-ПІКІРЛЕРІ

XX ғасырдың басында ұлттық тілімізге төніп келе жатқан қауіпті алғашқылардың бірі болып байқаған ұлы лингвист Құдайберген Жұбанов болатын. Тумысынан дарынды, көкрек көзі ояу, көрегендігі зор Құдайберген Жұбанов өз дәуірінде туған тілінің сақталып, мәңгілікке айналуы үшін қаламымен де, қызметімен де күресті. Қеменгер жан ендігі тұста қазақ тілінің сақталып, өз халқына қызмет етудің басты құралына айналуы керек екенін көре білді. Сол үшін де саясат сахнасын да жүріп-ақ тіл мен әдебиетті оқытудың әдістемелік құралдарын жазуға баса ден қойды. Басқа да өз заманының озық ойлы қайраткерлері сияқты Құдайберген Қуанұлы Жұбанов та өзінің жарық жұлдыздай қысқа өмірінде қазақ қоғамында болып жатқан әртүрлі жаңалықтардан хабардар болып қана қоймай, оларды талдап, түсіндіріп отырды. Білгір ғалым, білікті әдіскер, дарынды публицист, қоғам қайраткері ретіндегі сан-салалы қызметі бірін-бірі толықтыра келе, халқының мұң-мұқтажын өтеуге мүмкіндік берді. Сол сан-салалы міндеттердің бірі – халықты жаппай сауаттандырып, ілім-ғылым негіздерімен сусындату және осы жолда ана тілінің бар мүмкіндігін пайдалану болса, бұл міндет қазақ тілін ғылыми пән ретінде бастауыш мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейін оқытудың әдістемесін ғылыми негізде жасау арқылы ғана шешілетінін профессор Қ.Жұбанов терең түсінді. Сондықтан өзінің әдістемелік еңбектерінде өзіне дейінгі және өз заманындағы әдістемеге қатысты әдебиеттермен (әлемдік және отандық) танысып қана қоймай, оларды қазақ халқының ұлттық дүниетанымына сәйкестендіріп беруге ұмтылды. Қазақ тіл білімі және оны оқыту әдістемесі салаларының ғылыми негізін қалыптастыруда А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов сияқты ғұламалардың орны ерекше. Олардың еңбектерін зерттеп, зерделеп, салыстырып, анықтауда көптеген сындарлы пікірлер айтылып жүр. Осы ретте белгілі ғалым, академик Ә.Қайдаров қос ғұламаның қазақ ғылымы мен мәдениетіндегі орнын былай пайымдайды: *«Қ.Жұбановты А.Байтұрсынұловпен салыстыра келіп, айырмашылық олар өмір сүрген уақытта азарту ісі мен*

тіл біліміне қосқан үлесі мен шешпек, шешілмек проблемаларында әр ғалымның өзіне ғана тән қайталанбас тамаша ерекшеліктерінде деген болар едім. Мәселен, А.Байтұрсынов тіл табиғатын терең түсінуі арқылы халық ағартуға қажетті мәнді де маңызды еңбектерімен танылған ғұлама. Ал Қ.Жұбанов болса, сол кездегі Европаша жан-жақты білім алған, бүкіл отандық түркологияның классикалық тамаша дәстүрінде тәрбиеленген, ғылыми даярлығының молдығымен де, өресінің биіктігімен де өз ортасынан оқшау тұрған бірден-бір дарынды ғалым еді. Біз бұл ғалымдардың екеуін де қазақ тілінің іргетасын қалаушылар деп айтуға праволымыз. Бірақ Қ.Жұбанов басқалардан ерекше, қазақ тіл білімінің ғылыми негізін қалаушы деп аталуға тиісті» [1,78].

Сондай-ақ қос алыптың қазақ ғылымы мен мәдениетін дамытудағы ерекше орындары туралы сүбелі пікірді профессор Р.Сыздықованың төмендегі пайымдауларынан да анық аңғаруға болады: «...осыған дейін тарихи бір шындықты айта алмай келдік. Ол – қазақ тілін белгілі бір жүйемен зерттеп, ана тілімізді талдап-таныту ісі үстіміздегі ғасырдың 10-жылдарында басталғандығы, оны қолға алған А.Байтұрсынов екендігі еді. Тілді зерттеудің мақсаты мен сипаты әртүрлі болады. Солардың бірі – тілдің фонетикалық-грамматикалық құрылымын мектепте оқытып-үйрету қажеттілігінен туған зерттеу, яғни мектеп оқулықтарында талдап баяндау. Бұл орайдағы ізденістер тіл білімінің алғашқы нышандары болмақ. Міне, А.Байтұрсыновты қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ретінде танығанда, ғылымның бұл саласының практикалық мақсат көздей басталған кезеңін сөз етеміз. Іргелі ғылымның алдында сол ғылым саласының қаңқасы тұрғызылып, объектілері айқындалып, терминдері жасалып, негізі салынуы керек. Осындай негізді салған А.Байтұрсынов болса, қазақ тіл білімінің таза ғылыми, теориялық сипат ала дамуының өрісі Қ.Жұбановтан басталады. Сондықтан қазақ тілін зерттеу тарихында бұл екі асқардың әрқайсысы өз орнында, өз биігінде танылады» [2, 114].

Олай болса, ХІХ ғасырдың аяғында қазақтың тұңғыш ағартушысы Ыбырай Алтынсарин негізін салған ағартушылық идеясы ХХ ғасырдың басында А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, С.Көбеев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Қ.Кемеңгерұлы, Т.Шонанұлы еңбектерінде жалғасып, халықтық сипат алды деуге толық негіз бар. Қазақтан шыққан тұңғыш лингвист-профессор Қ.Жұбанов та сол кезде дәл осы қатардан табылды. 1929 жылға дейін ағарту саласында, атап айтсақ, уездік, губерниялық, республикалық оқу-ағарту бөлімдерінде инспектор, әдіскер (методист), педтехникум мұғалімі бола жүріп, ол мектеп мұғалімдерінің жол сілтейтін басшысы бола білді. Ғалымды кейін мектеп бағдарла-

малары мен оқулықтарымен айналысуға түрткі болған осы ағартушылықтан басталған іс-тәжірибесі болатын. Сондықтан Қ.Жұбановты тек ірі ғалым деп қана танып қоймай, қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымының негізін салушылар қатарындағы ірі ағартушы ретінде танығанмыз абзал.

Қ.Жұбановтың ірі ағартушы, білгір ғалым ретінде танылып, құнды ғылыми-әдістемелік ой-пікірлерінің қалыптасуына сол жылдары осы салада қызмет еткен жоғарыда аттары аталған қазақ зиялыларының ықпалы орасан зор болды. Ғалымның өзі қазақ тілін зерттеушілердің алдыңғы қатарында қазақтан шыққан ірісі Ш.Уәлиханов екенін айта келе: *«Беріде қазақтың өз ішінен шығып, қазақ тілін зерттегендер қазақтың ескі оқығандары болды. Олар – Байтұрсынұлы Ахмет, Кемеңгерұлы Қошке, Омарұлы Елдес, Шонанұлы Телжан, Досмұхамбетұлы Халел...»* [3, 33], - дейді. Мұнан кейін Т.Шонанұлы мен А.Байтұрсынұлының қазақ тілін зерттеуге арналған еңбектеріне тоқтап кетеді. Сөйтіп, Қ.Жұбанов өзіне дейінгі ғалымдар еңбегін байыпты қарап, лайықты бағасын береді.

XIX ғасырдың аяғында дүниеге келіп, XX ғасырдың 20-30-жылдары қазақ қоғамындағы түрлі мәдени, қоғамдық, ғылыми ізеністердің басы-қасында болған қазақ зиялыларының қай-қайсысы да өздеріне заман жүктеген міндеттерді үлкен азаматтық парыз ретінде абыроймен атқарып, кейінгі ұрпаққа жеткізе білгені анық. Әдістемелік мұрасы сөз болып отырған қазақтың тұңғыш профессоры, көрнекті ғалым Қ.Қ.Жұбанов – өз алдына ерекше тұлға. Ол қазақ тілінің теориялық өзекті мәселелерін жан-жақты зерттеп, зерделеп, оның ғылым мен техника тілі ретінде қалыптасып, ілгері дамуына сара жол салды. Оған ғалымның сол кездері қазақ тілінде шығарылған математика, химия, физика, жаратылыстану оқулықтарының жалпы редакциясын басқарғаны дәлел бола алады. Ғалым қазақ тілінің бастауыш мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейін оқыту жүйесін талдап, мұғалімдерге арналған әдістемелік еңбектер жариялады. Жас ғалымның еңбектері көзі қарақты қауымның ыстық ықыласына бөленді. Бұл тұрасында жазушысы Ғ.Ормановтың өткен ғасырдың 30-жылдары республикалық баспасөз беттерінің бірінде жас ғалым Қ.Жұбанов туралы мына пікіріне назар салалық: *«Астанамыздың орта, жоғары дәрежелі мектептерінің отыз оқушысы осыдан үйреніп, енді біраз уақытта тіл ғылымы жөнінде жоғарғы дәрежелі білім иесі боламыз деп қуанып отырған жоқ па? Талай институттарымыздың тіл кафедраларында қаниама жастарымыз ұйып, осы жігіттің ғылыми сабағын тыңдап отырғанын көресің. Ол - оқу істері халық комиссариатының председателі, жаңа әліп комитетінің секретары, ғылым Академиясы қазақ бөлімшесі Тіл ғылымы секторының бастығы. Ол қазақтың әдебиет тілі мен басқа ғылымдар жөніндегі терминдерін жасасты. Орта мектептердегі*

қазақ тілінің ғылыми грамматикасын жасап беріп отыр. Мұғалімдерге орта мектеп грамматикасының жайын түсіндіретін «Емле, термин мәселелері» деген кітап жазып жатыр. «Қазақ тілі жайын зерттеу» деген тақырыпта орыс тілінде он кітапша жазып алды, баспадан шықты. «Қазақ тілі мәселелері» деген ғылыми жинақтың редакциясын басқарды. Қазақтың ғылыми /академиялық/ сөздігі жасалып жатыр. Бұл жұмыс 1942 жылы бітеді. Соны да бұл басқарады» [4,78].

Қай салада еңбек етсе де, ғылымның қай тармағына қалам тартса да, Қ.Жұбанов өзінің өзгелерден ерекше дарын иесі екенін көрсете білді.

Профессор Қ.Жұбановтың ғылыми-шығармашылық жолын зерттеп-зерделей отырып, оны үш кезеңге бөлуге болады:

1.1918-1927-жылдар. Ғалымның Темір уездік және Ақтөбе губерниялық ағарту бөлімдерінде инспектор қызметінде жүрген кезеңі.

2.1928-1932-жылдар. Ғалымның Республика халық ағарту Комиссариатында қызмет еткен және Ленинград аспирантурасында білім алған жылдары.

3.1932-1938-жылдар. Ғалымның ғылым жолындағы ізденіс жылдары: ғалым - ұстаз, мемлекет және қоғам қайраткері ретінде кемелдену кезеңі.

Қ.Жұбановтың ғылыми-шығармашылық және ағартушылық жолын осындай кезеңдерге бөлу оның ғылыми-әдістемелік мұрасының қайнар көздерін анықтауға, оны жан-жақты зерттеп-зерделеп, бүгінгі күні өміршеңдігін айқындауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ оның ғұлама ғалым, ірі әдіскер, қоғам қайраткері ретінде қалыптасуына тарихи-әлеуметтік тұрғыда қайшылығы мол сол дәуірдің ықпалы күшті болғаны нақты көрінеді. Ғалымның өз заманындағы және өзіне дейінгі әлемдік және отандық әдістеме ғылымының алдыңғы қатарлы идеяларын терең меңгеріп, әдістеме мәселесін басқа ғылымдар саласымен бірлікте, біртұтастықта қарастырғаны анық. Бұл Қ.Жұбановтың қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің іргетасын қалауда ерекше орын алатынын, оның күрмеуі көп күрделі мәселелерді шешуде алдыңғы топтың қатарында болған ірі әдіскер-ғалым екенін дәлелдейді.

Қазақ даласындағы осындай тартысты кезеңде сауатын ашып, білім іздеп, шарқ ұрған Құдайберген Жұбановтың ағартушылық жолды таңдауы да кездейсоқтық емес еді. Алдымен болашақ ғалымның бұл жолды таңдауына ұстазы, сол замандағы Ақтөбе өңіріне танымал көзі ашық азамат Ғабдолла Беркіновтің ықпалы күшті болғанын атап айтқымыз келеді. Ол шәкірті Құдайбергеннің білімге деген құштарлығын байқап, Орынбордағы «Хұсайния» медресесіне оқуға дайындап, өмірге жолдама береді. 1915 жылы «Хұсайнияның» алғашқы оқу жылын аяқтаған 16 жастағы білімді балаң жігіт Құдайберген Жұбанов сол кездері аты біршама танылып қалған ағартушы - журналист Ж.Тілепбергено-



впен бірлесіп, атақты «Қазақ» газетінің бетінде «Өнегелі мұғалім» атты хабарлама жариялайды. Бұл мақалада төмендегідей жолдар бар: *«Темір уезі, Темір-Орқаш болысының 3-ауылында өткен октябрьден бастап, бір мұғалім төте жол, қазақ емлесімен отыз шамалы бала оқытып жатыр, ай ішінде балалары тіпті жақсы болып кетті. Баста жады деп жақтырмаған адамдар осы күні дұрыстығын түсіне бастады. Бұл мұғалім-Ғабдолла Беркінов, ескіше оқыса да, пікірі түзу, зерек көрінеді. Ағайындарға айтып қарағанмен, ештеңе шықпаған соң, өзінің шағын дәулетімен ықтият етіп, 50-60 сом ақша шығарып, балаларға керекті кітап-саймандар алып, өз үйінде оқытып жатыр»* [5,78].

Жас шәкірттердің өз ұстаздары туралы тырнақалды мақаласын «Қазақ» газеті бетінде жариялауының өзі кездейсоқтық емес еді. Газеттің төңкеріс алдындағы кезеңде қазақ даласында кең тарағанын жоғарыда айтқанбыз. Қ.Жұбанов пен Ж.Тілепбергенов те газеттің тұрақты оқырмандары ретінде оның бетінде көтерілген мәселелерге үлкен қызығушылықпен қарап, өз ой-пікірлерін ортаға салып отырғаны анық. Шәкірт Қ.Жұбановтың Ж.Тілепбергеновпен бірлесе жазған туындысын «Қазақ» газеті бетінде жариялауын ұстазының өнегелі істерін қалың қазаққа үлгі етуді мақсат тұтқаны және ағартушылық идеясын уағыздаудың бірден-бір жолы деуге болады.

Сөйтіп, 1916 жылы Қ.Жұбанов Орынбордағы атақты «Хұсайния» медресесін бітіріп, еңбекке араласады. Осы ретте болашақ ғалымды алғаш білім нәрімен сусындатып, өмірге қадам бастырған «Хұсайния» медресесі туралы тарихи деректерді келтіре кету қажет. Бұл оқу орны сол заманда гуманитарлық білім салалары бойынша ұлт зиялыларын дайындауға айтарлықтай ықпал еткен және мұсылман қауымы арасында ағартушылық идеяларды таратуды мақсат еткен бірден-бір алдыңғы қатарлы оқу орны болды.

Медресе қабырғасында білім алғандардың ішінде түркі тілдес халықтар өкілдерінен шыққан (татар, башқұрт, қазақ, өзбек, Кавказ халықтары) ірі мәдениет, ғылым, ағарту салаларының білгір мамандары болды. Олардың барлығына тән басты қасиет білімге деген құштарлық болатын. Сондай білімге құштар, көкірегі ояу, көзі ашық шәкірттердің бірі Құдайберген Қуанұлы Жұбанов болды. Медресені бітіргеннен кейін, ол білім ордасы – Күйікқаладағы (Илецк) екі кластық орыс училищесін аяқтайды. Осылай болашақ ғалымның білім нәрімен қуаттанып, елге оралу уақыты қазан төңкерісінен кейінгі елдегі әлеуметтік-саяси өзгерістермен тұспа-тұс келеді. Сөйтіп, ол еңбек жолын туған жері – Темір-Орқашта бастайды. Қ.Жұбановтың өмірі мен шығармашылығының дәл осы тұсы туралы ғалым Ғ.Ниязова төмендегідей мәлімет береді: *«Қ.Жұбанов Ақтөбе губерниясы Темір уезінің оқыту-ағарту қозғалыстарының ұйымдастырушысы, мектеп мұғалімі, уездегі оқу бөлімінің меңгерушісі бола жүріп,*

сауатсыздықты жою қозғалысының қызыл штабын ұйымдастырады, оны басқару, елге шығып, сауатсыздар тізімін алып, шұғыл көмек көрсету тәрізді шараларды жүзеге асырудың басы-қасында болады» [6,78].

1922 жылы Темір уездік оқу бөлімінде нұсқаушылық қызметте жүрген кезінде Қ.Жұбанов «Ай» атты қолжазба журнал шығарып, оның беттерінде «Шекті», «Қараша бала» деген бүркеншек аттармен мақала, фельетон, өлең, пьесалар жариялап тұрады. Журналдың эпиграфы ретінде алынған болашақ ғалымның өзі шығарған «Ай» деген өлеңінде төмендегідей жолдар бар:

*«Сұлуларды мақтаса жұрт айдай дер,  
Болар ма еді нағыз айдай, бай-бай!-дер.  
Арыстан да Айға ұмтылып мерт болған,  
Оған жету қайда бізге, ойбай,-дер.  
Жарық қылдың, сиқырладың жер жүзін  
Сен - сұлудан айырмайды ел көзін.  
Бір қараңғы түкпірге әкеп туғыздым,  
Ал нұрландыр, ал, қызықтыр, кербезім... »* [5,78].

Бұл өлең автордың қазақ халқын надандық пен сауатсыздық түнегінен шығарып, өнер-білімге жетелеу мақсатында қолжазба журнал мүмкіндігін барынша кең пайдаланғанын көрсетеді.

Өткен ғасыр басында көтерілген аса маңызды саяси науқандардың бірі халықты жаппай сауаттандыру, оқушы жастармен бірге үлкендерді де оқыту мәселесі екені жоғарыда айтылды. Бұл істерді ұйымдастыруда ауыл мұғалімдері белсене жұмыс атқарды. Қ.Жұбанов та осы игілікті істердің басы-қасында болып, белсенді жұмыс атқарды. Мәселен, 1927 жылы сәуір айында Шалқар, Темір уездеріне барып қайтқан сапарынан кейін губерния оқу бөлімдеріндегі мәжілісте жасаған мәлімдемесінде ол: «Ауыл мұғалімдерінің еңбегі өте ауыр. Олар күндіз бала оқытса, кешке үлкендерді оқытады. Онымен қоса ауыл-ауылды жаяу аралап, ел арасында кеңес өкіметінің саясаты жайында әңгіме өткізеді, қызыл отауда ойын-сауық ұйымдастырып, халықтың көңіл-күйін көтереді. Соған қарамастан, уездік атқару комитетіндегі байшыл-бюрократтар кеңес мұғалімдеріне менмендікпен қарайды. Олардың шағымына құлақ аспайды. Кей жерлерде ауыл мектептері байлардың қараңғы ат қорасына орналасқан. Мектепте отын жоқ, мектеп үйі суық. Мұғалімдер кейбір ауылда айлық жалақысын да уақытында алмайды», - деп, үлкен жанашырлық білдірген. Сол жылдары мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған Қ.Жұбановтың «Сауатсыздықты жоятын нұсқаушы мектеп», «Халық ағарту ағысындағы төңкеріс толқыны», «Басшылық күшейтілмек. Мұғалімдер, зер сал. Губатком, жәрдем ет» (1925 ж.), «Коммуна мектебі 7 жылдық болсын», «Мұғалімдер курстары тарады» (1926 ж.), «Жаңа әліп-

пені алу мәселесі туралы», «Жаңа әліппе сабақтары», «Ойыл коммуне мектебі кімге тиіс?» (1928 ж.) сияқты мақалаларында сауатсыздықты жою, жаппай оқу-ағарту, мәдениет деңгейін көтеру сияқты өзекті мәселелер көтерілген. Аталған мақалаларды Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында және Ақтөбе облыстық мұрағатында сақталған губерниялық «Кедей» газетінің 1925-28 жылдардағы ескірген номерлерінен кездестіруге болады.

Мысалы, газеттің 1925 жылғы 62-санында жарияланған Қ.Жұбановтың «Ойыл коммуне мектебі кімге тиіс?» атты мақаласын оқи отырып, оның ұлттық мектеп пен ұрпақ тәрбиесі сияқты өзекті мәселелерді шешіп, өткен ғасырдың 20-жылдары өлкеміздегі ағарту майданының бастауында тұрғанын көреміз. Енді осы мақаладан үзінді келтірейік: *«Ойыл коммуне мектебі тұрған жер – Ойыл болысы, Адай уезіне кету себепті ондағы коммуне мектебі де Адай уезіне кетпекші. Бүгінде тиісті тізіммен мектепті барлық мүлкімен арнайы кемесие алып та қойыпты, бірақ ол мектеп кеткенмен, оның есебі Темір уезінде қалуға тиіс. Себебі Қазақстан халық комесерияеті Ақтөбе губернесіне 5 коммуна мектебінің тиісті қаржысын бюджет жылының аяғына дейін беріп тұрмақшы. Бұл 5 мектептің бірі-бұрынғы Ойыл коммуне мектебі, ол мектептің құрылысы Адай уезіне кеткенімен, қаржы есебі Ақтөбе губернесіне қалуы керек»* [5,88].

Мұнан әрі ғалым бұл мәселені нақты шешу ісімен Қазақстан кемесерияеті айналысып жатқанын, жауабы жуырда берілетінін хабарлайды. Бұл арқылы ағартушы-ғалымның жұртты жаппай сауаттандыру, панасыз жетім балалар үшін коммуна мектептерін ашу мәселесін шешкенін, яғни ұлт тағдырына байланысты өзекті мәселелерді баспасөз арқылы халық талқысына салып, санасына ұғындырып, келелі мәселелерді қозғап отырғанын анықтауға болады.

1920-1927 жылдар Қ.Жұбанов орыс тілін өте жоғары деңгейде меңгеруге ден қояды, сонымен бірге неміс, ағылшын, француз тілдерін үйренуді қолға алады. Психология, педагогика ілімдерін терең зерттеуі де осы кезден басталады. Мұның бәрін ғалым өзінің күнделікті ағартушылық қызметімен шебер ұштастыра отырып жүзеге асырады. Қ.Жұбановтың уездік және губерниялық ағарту бөлімдеріндегі ағартушылық қызметі, педтехникумдағы мұғалімдік еңбегі, мерзімді баспасөз беттеріндегі құндылығы аса жоғары мақалалары, елдегі мәдени іс-шаралардың ұйытқысы болуы, бір сөзбен айтқанда, сол кездегі халық игілігі үшін жасаған сан қырлы еңбегі – заман талабы мен қажеттілігіне сай туғаны сөзсіз. Осындай үлкен дарын иесінің ағарту ісіне қосқан мол үлесі ескеріліп және ұлттық маман кадрларды орталыққа тарту мақсатында 1928 жылы Республикалық Халық Ағарту Комиссариаты тәжірибелі әдіскерді

өз қарамағына, яғни сол кездегі Республика астанасы – Қызылордаға жұмысқа шақырады. Халық Ағарту Комиссариатындағы қызметімен қатар бұл жылдары болашақ ғалым басқа да қоғамдық жұмыстарды қатар атқарады, оқытушылық қызметін де жалғастырады. Ол алдымен Ленинградтағы шығыс тілдері институтын экстерн ретінде бітіріп шығады.

1928-1932 жылдар – Қ.Жұбанов өміріндегі ерекше кезең болғаны анық. 1929-1932 жылдары ол өзі тәмамдаған Ленинградтағы шығыс тілдері институтының аспирантурасында «Түркі тілдері және жалпы тіл білімі» мамандығы бойынша білімін жалғастырады. Оның бұл кездегі ұстаздары атақты академиктер Самойлович, И.И. Мещанинов, профессорлар В.А. Богородицкий, Е.Д. Поливанов болады. Ал ғалымның ғылыми жұмысына академик Н.Я. Марр жетекшілік етеді.

1932 жылы ол аспирантураны аяқтап, Алматыға оралғанда, оған мемлекеттік педагогикалық институттың қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасын басқару тапсырылады. Бұл 1932 жылдың 25 қыркүйегі мен 1937 жылдың 19 қарашасы аралығы еді. Осы кезден бастап Қ.Жұбановтың ғылыми шығармашылығының кемелдену кезені басталады. Ғалым бұл жылдары өзінің негізгі жұмысынан басқа (тіл мен әдебиет пәндерінің оқулықтары мен бағдарламаларын жасау, сол пәндердің көлемі мен мазмұнын айқындау, қазақ тілі терминдерін тәртіпке келтіру, т.б.) көптеген қосымша қызметтер атқарады. Олардың ішінде орыс тілінен қазақ тіліне аударылатын оқулықтардың дұрыс шығуын қадағалау, Қазақстан тарихын оқыту туралы ұсыныстар жасау, математика оқулығын редакциялау және тағы басқалар бар еді.

Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының қабырғасында алғашқы жылдары еңбек еткендердің ішінде қазақ мәдениеті мен ғылымының көрнекті өкілдері С.Сейфуллин, А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, С.Мұқанов, Х.Досмухамедов, С.Асфендияров, О.Жандосов, Қ.Жұбанов және тағы басқалар болды. Аталған зиялы қауым өкілдерінің ішінде Қ.Жұбановтың ағарту саласына қажетті қазақ тілі пәнінің білікті мамандарын даярлауда және қазақ тіл білімінің өзекті мәселелерін зерттеуде қосқан үлесі зор болды.

«ҚазССР тарихының» «Социализм дәуірі» деп аталатын бөлімінде берілген келесі жолдар профессор Қ.Жұбановтың сол жылдарда қазақ ғылымын дамытуға қосқан ерекше үлесін көрсетеді: «Екінші бесжылдықтың тұсында Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институты ірі оқу орнына, маңызды мәдени ошаққа айналды. Қазақ әдебиеті мен тіл білімінің, ҚазССР тарихының көкейкесті мәселелері осында зерттелетін-ді. Институттың профессоры Қ.Жұбанов қазақ тілінің ерекшелігіне лайықталған жаңа жазуы мен емлесін түзіп, қалыптастыруға елеулі еңбек етті. Қазақ тілінің алғашқы

оқулықтарын жазу, оның грамматикасы мен тарихын зерттеу Қ.Жұбановтың үлесіне тиген еді».

Қ.Жұбановтың абыроймен атқарған сан қырлы қоғамдық қызметінің бірі – Қазақ ССР Ағарту халық комиссариаты жанындағы әдістеме, бағдарлама, оқулықтар секторының меңгерушілігі болды. 30-жылдардың басында бұл сектор мектепке арналған оқу бағдарламалары мен оқулықтар жазуды қолға алады және бұл міндетті жүзеге асыруды білікті мамандарға жүктейді. Олардың ішінде Қ.Жұбановтың өзінен басқа Ғ.Бегалиев, С.Жиенбайұлы, І.Кеңесбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев сияқты жас ғалымдар болды.

1935 жылы Қазақстан тарихында алғаш рет мәдени құрылыс қызметкерлерінің бірінші Бүкілқазақстандық съезі өтіп, онда ғалым мектепті басқару, мұғалімге дұрыс әдістемелік нұсқау беру мәселелері туралы баяндама жасайды: «... Мектепке бару сапасын түбегейлі жақсарту керек. Инспекторлар күнделікті қандай да бір мектепте болғандарын жазып қана қоймай, мұғалімге өз жұмысын қайта құруға көмектесіп, әр барған сайын мектептің жұмысының сапалы болуына атсалысуы қажет. Ол үшін инспекторлардың өздерінде жеткілікті білімі болып, басқаларға жетекшілік жасауға дайын болуы керек», – деген нұсқау береді [5, 324].

Мұндағы назар аударарлық мәселе, Қ.Жұбановтың мектепті тексеруге барған инспектордың әдістемеден жан-жақты хабары болуын талап еткенін және олардың мектепке тек жай барып қайтпай, мұғалімдердің сабағына кіріп, білімді меңгерудің жақсы әдіс-тәсілдерін үйретіп қайтуы керектігіне баса мән бергенін көреміз. Сонымен қатар оқушыларға білім беруде, сабақ сапасын арттыруда мұғалім білімділігінің басты көрсеткіш болатындығын да ғалым атап көрсетеді: «Егер мұғалім пәнді білетін болса, онда ол әдістерді де таба алады. Мен мұнымен әдістердің маңызын төмендеткім келмейді, дегенмен пәннен білімі болмаса, құры әдісті білуден ештеңе шықпайды» [5, 324]. Сондай-ақ ғалым мектеп оқулықтарының сапасын жақсарту мәселесіне де тоқталып, орта мектептерде ана тілі мен әдебиеті, Қазақ ССР тарихын оқыту, ана тілінде терминдерді тұрақтандыру секілді өзекті мәселелерді саралап көрсетеді.

Қ.Жұбанов жасаған баяндама негізінде съезд қаулы қабылдап, оны жүзеге асырудың басты шарасы – қазақ тілі мұғалімдерінің мамандығын арттыру, білімін көтеру мақсатында курстар, семинарлар ұйымдастыру болды, себебі ол кезде мектептерде қазақ тілін оқытатын адамдардың теориялық білімі жоқ немесе төменгі деңгейде болатын, қазақ тілі туралы жазылған ғылыми еңбектер де жоқтың қасы еді. Сондықтан 1935 жылы 25 маусымда Қазақстан Халық Ағарту комиссариатының №406 бұйрығымен «Қазақ тілінің жоғары курсы» құрылады. Кейін бұл курстар негізінде Білім Министрлігіне қарайтын ғылыми

зерттеу кабинеті өмірге келеді. Оның тұңғыш директоры Ш.Әлжанов, пән мұғалімдері мен сектор меңгерушілері Қ.Жұбанов, С.Логвинов, Ш.Кәрібаев, А.Сытдықов және тағы басқалар болады. Аталған кабинет кейін Ы.Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институтының іргетасын қалауға негіз болды. Бұл деректер Қ.Жұбановтың өз заманында қазақ тілінің теориялық мәселелерін практикалық тұрғыда шеше білуге ұмтылған білікті әдіскерлердің алдыңғы сапында болғанының дәлелі.

1936-37-жылдары Қ.Жұбановтың ғылыми шығармашылығы үшін аса жемісті жылдар болды. 1936 жылы ол орта мектептің 5-6 сыныптарына арналған «Қазақ тілінің програмы» мен 5-сыныпқа арналған «Қазақ тілінің грамматикасы (жалпы морфология)» оқулығын жариялайды. Олар орта мектепте арналып ғылыми негізге сүйеніп жазылған тұңғыш еңбектер еді.

Ал 1937 жылы ғалым өзі дайындаған қазақ тілі грамматикасының ерекшеліктерін көрсететін және оны қалай пайдалану керектігін түсіндіретін «Жаңа грамматиканың жаңалықтары» мақаласын жариялайды.

Тіл білімінің теориялық мәселелері ғана емес, білім беру жайы да толық шешіле қоймаған ғалым өмір сүрген заманда бұл мәселелерді нақты көтеріп, халықты жаппай сауаттандыруға, ілім-білімге жұмылдыруы – Қ.Жұбановтың Қазақстан мәдениеті мен ғылымын жаңа сатыға көтеру бағытында жасаған батыл қадамдары еді. Алайда ғалым өзінің тіл білімі мен оны оқытуға қатысты жаңаша саралап пайымдаған құнды ойларын, ғылыми тұжырымдарын толық жүзеге асыра алмай, нағыз кемелденген шағында репрессия құрбаны болды.

1938 жылы 25 ақпанда 39 жастағы Қ.Жұбанов «халық жауы» ретінде ұсталғанда, оған тағылған айыптардың ішінде 1936 жылы жарық көрген оқулығында «халық жаулары» С.Сейфуллиннің, Б.Майлиннің, І.Жансүгіровтің шығармаларынан үзінді берілген деген жолдар бар. Сондай-ақ Қ.Жұбановтың қазақ орфографиясына қатысты мақаласында А.Байтұрсынұлының пікіріне сүйенуі де ғалымды «халық жауы» деуге негіз болды. Ал, шындығында, тілді оқытуда қандай материалға сүйену керек деген өзекті мәселеде қазақтың белгілі ағарушы-ғалымдары (Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ш.Сарыбаев, Ғ.Бегалиев, т.б.) бірауыздан көркем әдебиет тілі басшылыққа алынатыны туралы ортақ пікір айтады. Олай болса, профессор Қ.Жұбановтың сол кезде қазақ әдебиетінің негізін салушы ірі ақын-жазушылар шығармаларынан тілдік сан алуан құбылыстарды дәлелдеу мақсатында үзінді беруі – өз саласының талабы тұрғысынан маңызды мәселе болғаны анық. Тіл ғылымының өзекті мәселелерінің басын ашуда мұндай ізденістердің тиімділігі ғылымда дәлелденді. Бірақ сол кезеңде күрмеуі көп күрделі мәселені шешуде ақиқаттың басы ашылмай, «саясат» мәнінде үстірт танылды.

Сонымен, профессор Қ.Жұбанов өмір сүрген замандағы тарихи-әлеуметтік жағдайларға шолу жасай отырып, сол кезеңде қалыптаса бастаған әдістеме ғылымының бастауында тұрған ғалымдардың мұраларымен таныса келе, ғалымның әдістемелік еңбектерінің қайнар көзі Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, Абай, А.Байтұрсынұлы т.б. ұлы ағартушыларының еңбектерінен бастау алатынын байқауға болады. Ғалым еңбектеріндегі дидактика мәселелері жоғарыда аталған ұлы тұлғалардың ілімі негізінде ұлттық ерекшеліктерге сәйкес қарастырылған. Сонымен қатар ғалымның әдістемелік ой-пікірінің қалыптасуына оның көп жылдық ағартушылық қызметі мен өз заманындағы әдістемелік ой-пікір де айтарлықтай ықпал еткені анық.

Қ.Жұбанов 1957 жылы 3 қазанда азаматтық тұрғыдан толық ақталғаннан кейін, оның құндылығы аса жоғары сүбелі мол мұрасын жарыққа шығару мәселесін шешу міндеттелді. Зерттеу-зерделеу барысында ғалымның кейбір еңбектері мұрағаттардан табылса, енді бір топ еңбектері білім алған шәкірттерінен жинақталды. Жалпы Қ.Жұбанов ақталғаннан бергі уақытта оның еңбектері 1966 және 1999 жылдары «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» деген атпен жарық көргені белгілі. Мұндағы ғалымның қазақ тіл білімі мен оны оқыту әдістемесіне, философия мен тарихқа, әдебиет пен психологияға қатысты мол мұрасын зерделей отырып, аталған ғылым салаларының барлығының сол кездің өзінде жүйелі зерттеле бастағалғанын және бұл жұмыстың бастауында Қ.Жұбанов секілді ірі зерттеушінің болғанын ілтипатпен атағанымыз абзал.

Қ.Жұбанов – қазақ тілін оқыту туралы сындарлы көзқарас танытып, оның өзекті мәселелері турасында дәстүрлі талдау ауқымынан шығып, жаңаша саралап, үлкен сын тұрғысынан қарап, жеке ғылым ретінде қалыптасып, дамуына сара жол салған озық ойлы ағартушы ғалым. Бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда, оқыту теориясында ғалым пікірлерінің сабақтастық тауып, үйлесуі заңды құбылыс.

### Әдебиеттер

1. Қайдары Ә. Ұлт мәдениетінің Хантәңірі // Егемен Қазақстан. – 1993. - №23. 28-қаңтар.
2. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. – Алматы: Ғылым, 1990. –288 б.
3. Құдайберген Жұбанов. Шығармалар мен естеліктер. – Алматы: Ғылым, 1990. –251 б
4. Беркінов А. Зейінді шәкірт еді ол // Қ. Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. (ғылыми еңбектер жинағы). – Алматы, 1990. – Б.30-302.
5. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы: Ғылым. -1999. -581 б.
6. Ниязова Ғ. Темір-Орқаштан шыққан қос ағартушы. // «Жұбанов тағы-

лымы»-4 атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. -Ақтөбе, 2004. -218- 226 бб.

7. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: «Ғылым», 1966. 362 б. Исследования по казахскому языку. Алма-Ата: «Наука», 362 с.

8. «Жұбанов тағылымы – VII» халықаралық ғылыми конференция материалдары (Қазақ тілінің теориялық негізін қалаған лингвист, қоғам қайраткері, профессор Қ. Қ. Жұбановтың 110 жылдық және белгілі лингвист ғалым, профессор Е. Қ. Жұбановтың 80 жылдық мерейтойларына арналған). I-II томдар. –Ақтөбе, Қ. Жұбанов атындағы АқМУ РББ, 2009. I том – 370 бет; II том – 264 бет.

9. Жұбанов А. Өнегелі өмір, 81-86-бб.

10. Қ.Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. К.Жубанов и казахское советское языкознание. Ғылыми еңбектер жинағы. Сборник научных трудов. –Алматы: «Ғылым», 1990. –368 б.

11. Алимбаева Б. Б. Құдайберген Қуанұлы Жұбанов и медресе «Хусайния» // «Жұбанов тағылымы–6» атты Халықаралық ғылыми–практикалық конференциясының материалдары. – Ақтөбе, 2005. – Б. 411-413.

12. Имахамбетова Р., А.Байтұрсынов пен Қ. Жұбанов арасындағы байланыс // «Жұбанов тағылымы – 6» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары. – Ақтөбе, 2005. – Б.197–200.

13. Шалабай Б. Қ. Жұбановтың синтаксиске қатысты еңбектері // Республикалық «Жұбанов тағылымы-4» атты конференциясының материалдары. – Ақтөбе: 2004. – Б. 106-109.



## **БЕКЕН САҒЫНДЫҚҰЛЫ**

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,  
филология ғылымының докторы, профессор*

### **КЕСЕК БІТІМДІ, КЕМЕЛ БІЛІМДІ ЕСЕНОВ**

2021 жылы тіл білімінің білгірі, грамматист ғалым Қайырболат Мұқанұлы Есенов 90 жасқа толар еді. Бары 65 жыл ғұмыр кешті. 80 жасы да, 70 жасы да елеусіз өтті. Қазақ тіл білімінің синтаксистік құрылысы да Есенов есімінсіз 27 жылын артқа тастады. Қ.Есеновтің тұлғасын қалай әспеттесем деген ой баурайтын да жүретін. Бір шыққан монографиямызда «Ғылым жолындағы аяулы ұстаздарым, есімімен елеулі Қ.Есенов пен Т.Сайрамбаев бейнелерінің мәңгі сақталуына арнаймын» деп қана түгесіліппін. 2006 жылы «ЖОО үздігі» грантын иеленгенімізде, жоғарыдағы оқулығын қайта басып шығарып, бүкіл жоғары мектеп кітапханаларына жіберуді ойластырдым. Тіпті, «Білім» баспасымен келісіп, алғашқы жарнасын төледім де. Бірақ тетелес автор болуымды ғалымның қызы қаламады. Оқулық екінші қайтара шықпай қалды. Өткен жылы биылғы мерейтойына орайластырып ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыру сайысына беріп едік, оның да сәті түспеді. Соңы осы баяндамалық/мақалалық ойымызбен тиянақталды.

Қазақ тіл білімі саласында көші ілгері озып кеткен және маңдай алды ғалымдарымыздың бірі Қайырболат Мұқанұлы Есенов еді. Туған жері Омбы облысына қарасты Назыбаев ауданы деп көрсетіледі. Омбы – қазақтың көзі қарақтыларының қатарын жинақтаған өңір. 1931 жылдың терең көктемінде дүние есігін ашыпты. Тағдырдың қиын тауқыметі де есінде жоқ. Балалық шақтан бозбалалық дәуірге бірден аттап өткендей әсер қалдырады. Ес біліп есейген шағынан оқы, оқы және оқы пәлсәпасымен өмір сүрді. Мектеп қабырғасында терген тәлімі аздық еткені сөзсіз, ал Омбы педагогикалық училищесі біліміне білім қосты. Тіпті, осы аз білімінің өзі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беруге жарады. Жеті жылдық мектеп табалдырығын мұғалім ретінде атағанда, небәрі он алты жастағы бозбала болатын. Үш жыл уақытын мектепте өткізді. Әлі де болса оқығысы келді. Қазақтың астанасы алыстан қол бұлғағндай әсерде жүрді. Сәті түскен уақыт өткен ғасырдың ортас тұсы. 1950-1955 жыл әсем Алматыда білімін тереңдетті. Айтуға оңай, әйтпегенде КазГу атты қара шаңырақ кез келгеннің маңдайына бітпей-тұғын.

Ендігі тағдыры Қазақстанмен байланысты болатындығы айқындалып қалды.

ЖОО кейінгі алғашқы еңбек жолы Қазақстан қаласымен байланысты болғандығы қуантты. Өзінің туған жерінен алыс емес Көкшетау қаласындағы мұғалімдердің білімін жетілдіретін мекемеде қазақ тілі мен әдебиеті кабинетінің меңгерушісі қызметін атқарды. Әйтсе де арманы Алматы шаһарында қалып қойғандай күйде жүрді. Көкшетауда да екі жыл еңбек етті. Ақыры қазіргі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтынан дәм бұйырды. Мұнан кейінгі білімі мен ғылыми ғұмыры осы институт қабырғасында өтті. Бойында жүрген білімін өзі оқыған қара шаңырақ КазГУ, қазақстандық алғашқы жоғары оқу орны КазПИ мен Одақ көлеміндегі жалғыз ҚызПИ студенттеріне жеткізді. Ғылымдағы өрісі де өресі де кеңіді. Қазіргі уақытта классикалық еңбектер қатарынан табылатын ғылыми «қазбалары» өзі еңбек еткен мекемеде туды.

Қ.Есенов қазақ тілі ғалымдарының асыл туған жұртынан еді. Шын мәнінде, сөйлеммен сөйлеген Есенов болатын. Сонау 1960 жылдың соңы мен 1980 жылдарға дейінгі шыққан ғылыми жинақтар, университет пен зерттеу институттарының хабаршысын ақтарып қарасаңыз, екі нөмірдің бірінен Қ.Есеновтің қолтаңбасын табасыз. Ғалымның монографиялық еңбектерінің өзі бір төбе және тек қана бір тақырып. Құрмаластың сабақтас түрін жан-жақты, әрі түбегейлі қопарған Қ.Есенов екеніне көзіңіз жетеді. Алғашқы ғылыми мақаласы «Сабақтас құрмалас сөйлем жайында» деген атпен 1958 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының №10 санында жарық көреді. Соңғы ғылыми мақаласы «Әдеби тіліміздің синтаксисі» деген атпен С.Аманжолов тағылымын тарқатқан «Қазіргі қазақ тілі теориясы мен оны оқыту әдістемесінің мәселелері» атты ғылыми мақалалар жинағында (Алматы: Абай атындағы АлМУ, 1995) көрініс тауыпты.

Қ.Есенов құрмалас сөйлемнің бір ғана түрін қаузады десек, ақиқатқа қиянат болар еді. Ғалымның өресі жай сөйлемнің күрделенген түріне деген көзқарасымен ғылыми ортаны дүр сілкінтті. 1970 жылдың ортасына жетпей осы бағыттағы докторлық диссертациясын «алаңға» тастады. Тасадан тас атқандар кезікті ме, қанаты қайырылды. «Қорғау» деген тас қамалдың көбесін сетінете алмады. Тіпті, түңіліп кеткен уақыты болды-ау деймін. Жан жары Серікгүл апамыз бір сөзін «Қатты торықты. Қалам мен қағаздың қарасын көрместей қашқақтап жүрді. Маған оны үйірге қосу көп қиындық тудырды» деген сипатта жеткізіп еді. Қайта тұрғаны сол болса керек, «Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдер» атты монографиясын шығарды. Оны да олқысынса керек, 1992 жылы осы еңбекті орысша сөйлетті. Тегі, «басқа жұрттан мені түсінетіндер табылар» деді ме екен деп ойлаймын.

Дәл осы сөйлемнің күрделенген мәселесін басқа жұрт көп кейін қолға алыпты. Бірақ сол жұрттағылар сөйлемнің күрделенуіндегі ғылыми тұжырымдарды өз ғалымдары айтқандай сөз өрбітіп жүр (Р.Вафеев, Р.Саурбаев. Структурно-

семантическое осложнение предложения в разноструктурных языках (на материале татарского и английского языков). Менің ағам «Сөйлемнің бірыңғай мүшелері» деп емес, «бірыңғай мүшелі сөйлемдер» деп толғаған. Анау «қабыспалы оралым» мен «жанаспалы оралым» деген мәселені басқа жұрттың ғылым тергендері әлі сөйлете алмай әлек. Өз басым, ғалым ағамның «жай сөйлемнің күрделенген түрі» сыпатындағы тұжырымынан кемшілік таба алмай жүрмін. Мүмкін, «оңашаланған айқындауыш» пен оқшау сөздің «қаратпа» түрінің көлеңкелеу тұсы бар болар, ал басқа дәлелдемелерінен көңілге селкем түсіретін көлеңке таба алмайсыз.

Ғалым ағам ғылымға жас шамасы жағынан уақытында келді. Есімін елі елер еңбек етті. Айналырған 5-6 жылдың көлемінде кандидаттығын қорғап, онан кейінгі он жылдың ішінде докторлық диссертациясының тамырын тарқатты. Асылы, ортасы тәрбиеледі-ау деймін. Дәл сол уақыттың шеңберінде құрмалас сөйлемдік құрылымның бәсі жоғары болып тұрғандай әсер етеді. 1950 жылдың ішінде Н.Сауранбаев пен С.Аманжоловтың атақтары жер жарып тұрды. Бұл екеуі де құрмаластың қай түрінің болмасын қалыптасу, даму тарихын бүге-шігесіне дейін таратып отырған. Бүкілтүркілік форум, симпозиум таластарда олардың сөзіндегі теориялар қисындығымен түркі ғалымдарының басын идіретін. Морфоілімдегі А.Ысқақов пен синтаксистік тіркесімділіктегі М.Балақаевтың орны тіптен жоғары-тын. Синтаксистің тарихын түгендеген Т.Қордабаевтың қордалы еңбектері де көптің аузында жүретін. Мұндай ортаның ортасындағы Қ.Есеновке кем түсу мүмкін де емес еді. Сондықтан да болса керек, көп ізденді де, көп жазды. Газет беттері мен әр алуан журналдардағы мақалаларының өзі теориялық тұжырымға толы болатын. Орынсыз тұжырымдар емес еді, керісінше толыққанды талдаулар сол мақалардың иесі Қ.Есеновтің жеке көзқарасын қалыптастырып та қойған.

Тағдыр маған ғалым ағамды табыстырды. Алғаш көргеннен әкемнің бейнесін көз алдыма әкелді. Екеуіне де тән қалың да қою қас менмұндалап тұрды. Екі әкемнің көздері де ұқсаушы еді. Екеуінен табылған осы екі белгінің ұшпағы өзімнің бойымнан ұшырасқанына марқайып та жүретінмін. Қателеспесем, үйінде екі болдым. Шағын кабинетті тіптен тарылтқан кітап сөрелерінен басқа көзге ештеңе шалынбады. Біздің алғашқы мақаламыз шыққанда, аспанға бөрікін атып қуанғандай болыпты. Өзіме білдіртпегенімен, ғылымға қатар келген әріптес-достарыма мысал етіп айтып отырады екен. Қолымнан жетелегендей болып, ғылыми конференцияларда сөйлеттірді. Алдымен өзі сөйлейтін. Құрмаластың құрдымға кетер тұстарын түгендейтін. Аралас құрмалас сөйлемді неге арашалайтынын алға тартатын. Мына тұсын басыңқырап айт дейтін. Ағамның алдында сөз алу мәртебе-тұғын.

1994 жылдың күзі бітіп, қысы басталар тұста Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің (көбіне, КазПИ аталушы еді) аспиранты атандық. Тегі, осында 0,5 жүктемеде істейтін болу керек. «Сенің жетекшің – Қ.Есенов болады» деген кафедра меңгерушісі Н.Оралбайқызының сөзінен кейін оның алдынан өтпек болып Тіл білімі институтының қабырғасын жағаладым. Грамматика бөлімінің басшысы екен. Амандық-саулық сұрасқаннан кейінгі сөз басы – Синтаксисті кім оқытты? болды. Қ.Шаяхметұлының есімін атадым. Езуінде жымиюдың табы білінді. Қуанышы да көп жасырынбай, сыртқа шықты: – Ә, онда дұрыс бала екенсің? Алдын ала келісілді ме кім білсін, – Сенің тақырыбың аралас құрмалас сөйлем болады, - деген лебізді олжалап қайттым.

Күн ара барып мазасын алдым деп айта алмаймын. Оның үстіне аптаның екі күнін ғана жұмыс орнында өткізеді. Бірақ сол аз уақыттың өзі шын корифейлердің кездесуінен тұрады. Синтаксист-грамматистердің басы қосылса, олардан гөрі менің мауқым басылып қалады. Оның өзінде шет тұрып, төмен қараумен күнімді өткізем. Ә.Абылақов, Ә.Ибатов, Т.Сайрамбаев, Ә.Құрысжанов сынды тұлғалар грамматика бөлімінен табылап жатады. Әңгімелері де тартымды. Бір күнгі әңгіме орайы құрмалас сөйлем құрамындағы бастауыш-баяндауыш тұлғаларының қатысуына ойысты.

– Осы аға ғалымдарымыз (Қ.Жұбанов, С.Аманжоловты айтып отыр) құрмалас сөйлем сыңарларының бойына жеке-жеке бастауышты тели алмап еді. Біздің Қайрекең таразының осы басына салмақ түсіріп, қазақ тіл білімінің көшін бастады. Соңы қалай болатынына көзің жетті ме, Қайреке? – деп жанамалады. Әбжапар ағамның сөзі. Сөз тіркесімдерінің арғы-бергі жағын түгендеп алған ағам құрмаластан шын қауіптеніп жүр ме, болмаса құрдасқа жақын ағасына тиіскені ме, маған белгісіз. Бірақ сол уақытта құрмалас сөйлем өлшемдеріне қатысты дау-дамайдың шешілмей тұрған тұсы бар екені ақиқат еді.

– Сөзің аузыңда, - деп іліп әкетті Талғат көкем. – Өз басым анау сөзжасамды морфологиядан бөлшектегенге де көндіге алмай жүрмін. Тұғы бір саулығынан айырған қозы іспеттес, - деп бір қайырды. Ол шамада алғашқы сөзжасамдық еңбек (Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі) жарық көріп, авторларының бірі Қ.Есенов аталатын.

Ғылыми жетекшім екінші сұрақты қалыс қалдырды. Ал алғашқысын жауаптамау өзіне сын еді. Бірақ мұны да бүкілқазақ іліп алып кете алған жоқ. Сондықтан да қазіргі күні мектеп қабырғасынан ұшып шыққан бала-бауырларымыз жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің айырмашылығын айыра алмай өсіп-өніп келеді.

– Мұны мен айтпасам, басқаларыңның шамаларың жетпейтін сияқты - деп,

бір түйреді. – Құрмалас сөйлемге екі предикаттық ортаны өлшем етпесек, осы шатасқанымыз шатасқан.

Дәл сол уақытта ғалым ағам «Құрмалас сөйлем синтаксисі» атты ЖОО студенттеріне арналған оқулығын даярлап жүрген болатын. Жоғарыда айтылған өлшемін соған негіз етті. Кейіннен, қайтыс болардан бір-екі ай бұрын, бұл оқулықтың қолжазбасының бірін маған ұстатып тұрып, «Басынан бастап тексеріп шықшы» деген өтініш айтты. Теориясына сын немесе жол айту қайдам болсын, бірақ бірер сөйлемінің өз өлшеміне сәйкеспейтін көрсетіп бергенім бар. Толық жарық көрген нұсқасында бұл қате жоқ. Тегі, қайран ағам түзетіп үлгерген-ау, шамасы!

Бүгінгі күні ғалым ағамның еңбектерінің бәрі қалың мұрағатта қалғандай әсер қалдырады. 2010 жылы Керекудің жоғын түгендеген ел азаматы Ерлан Арын «Қазақ тіл білімінің антологиясының» қатарына ғалымның бір еңбегін қосып, баспа бетінен шығарып еді. Онан кейінгі уақыт тіл білімінің үнсіздігін пайдаланып жатыр. Есенов «еленбейтіндер» деген тізімнің қатарында тұр.

1996 жылғы қаңтардың 19-ы суық хабармен атты. Оның алдында Министрлер кеңесіне қарасты ауыруханада екі рет ем қабылдағандай болған. Дәрігерлер ғалымның мұрынынан аққан қанды тоқтата алмай әуреленгені есімде. Қасында едім. Ғалым ағамды ақтық сапарға шығарып салу да менің пешенеме жазылыпты. Мүрдесін арулап жууға қатысып, Кеңсайдың кең алқапты жұмақ жеріне шығарып салдым.

**САЛИМА СИМБАЕВА**

*Maqsut Narikbayev University (KazGUU)*  
*Жоғары гуманитарлық мектебінің профессоры,*  
*филология ғылымдарының кандидаты*

## **АУДАРМАДАҒЫ БАЛАМАЛЫЛЫҚ**

Ғаламдық жаһандану, әлемдік кеңістікке кірігу сияқты процестер қоғам өміріне ғана емес, онда өмір сүріп отырған халық, оның болмысы мен тіліне де үлкен өзгеріс енгізіп жатыр. Ұлт тілінің саф алтындай таза сақталуы, тілдік экспансияға төтеп беруі - күрделі мәселелердің бірі. Сонымен қатар аударма арқылы тілдік қолданыс та үлкен өзгеріске ұшырап отыр. Аударманың әсерін екі түрлі қырынан қарастыруға болады. Мақаланың мақсаты да - аударма процесінің тілге тигізер оң ықпалы мен кейбір кері әсерін саралай отырып, тіл мәдениетін арттыруға ықпал ету.

Аударма – адам қызметінің ең көне түрі. Ол – бір тілдегі ойды ауызша немесе жазбаша түрде екінші тілде беру. Аударманың шығуын ғылым адамзат қауымының алғашқы даму дәуірімен, яғни тілдік құралдың шығуымен байланыстырады. Қарым-қатынастың құралы ретінде әртүрлі тіл пайда болғанда, бір тілде сөйлейтіндердің екінші тілде сөйлейтіндермен түсінісу қажеттілігінен аударма туған.

Мәдени-рухани табыстарды ортақтастыруда, халықтардың қарым-қатынасын нығайтуда нағыз жалғастырушы күш. Әлемде әралуан ел өмір сүріп отырған жағдайда аударма мәселесінің күнделікті қажетті іске айналуы заңды. Елмен елді табыстырып, халықпен халықты жақындастыруда аударма ерекше рөлге ие. Егер біз дүниежүзінің халықтарының бәріне ортақ мәдени, әдеби, тарихи мұраларын оқи алатын халде болсақ, ол тек аударма нәтижесі. Аударма қай заман, қай кезеңде болмасын қоғам өмірінің ілгері жылжи, дами түсуіне қалтқысыз қызмет етіп келді.

Аударма саласы – мәдениет пен әдебиеттің көне мүлкі, үлкен дүниесі. Ол о бастан-ақ әлеуметтік қызмет атқарып, халықтардың өзара түсінісуіне мүмкіндік туғызды. Жабаша аударманың таралуы басқа халықтардың мәдени-әдеби жетістіктерін танып білуге жол ашты. Шет тілін білу кітаптың түпнұсқасын оқып тануға мүмкіндік ашады. Бірақ, шет тілін меңгеріп кете бару екінің бірінің қолынан келмейді. Ал бұндай жағдайда аударма – таптырмас құрал [1, 68].

Аударма жасау арқылы тілімізде сөз құраудың, ойды бейнелеудің жаңа

тәсілдері туды, жазу шеберлігі артты. Ол халықты рухани жағынан дамытудың пәрменді құралы: бүкіл адамзат мәдениетінің қазыналық қақпасын ашатын кілт, ғылым мен білімнің қайнар бұлағы, тіл ұстартудың мектебі. Аудармашылық - нағыз шығармашылық өнер. Аудармашы екі тілді жетік білумен қатар, әрі жазушы, әрі ғалым болуға тиіс. Аударма сапасы оның талантына, біліміне, жалпы мәдени дәрежесіне және тәжірбиесіне байланысты. Нағыз шығармашылық көркем аударма дегеніміз түпнұсқаның стилдік, тілдік ерекшеліктерін түгел ескере отырып, оның көркем-идеялық қасиеттерін толық жеткізу. Адамзат тарихында әрбір ұлттың, әрбір қоғамның алмасуы, ауысуы, араласуы нәтижесінде өмір ағымы алға жылжиды, өседі, өркендейді.

Аударма тілдің сөздік қорын байытады. Аудармашы жеке сөздерге балама іздеу арқылы ана тілдің барлық мүмкіндіктерін пайдаланады. Сөйтіп кейбір қолданыстан шығып бара жатқан көне сөздерге екінші тыныс сыйлауы да ықтимал. Аударма қызметі жағынан жаңа сөздерді тілімізге енгізіп қана қоймай, күн сайын аударылып жатқан сансыз көп еңбектер олардың жұмсалып аясын кеңейтіп, қолдану нәтижесін тұрақтандыруға халықтың ойы мен тіл байлығын өсіруге, сол сөздің ұғымдық шегін қалыптастыруға себепші болады.

Аударма түпнұсқаға ешқашан дәлме-дәл болмайды. Олардың екі арасын тек қана бір сәйкестіліктің болуымен ғана, яғни эквиваленттілікпен анықтауға болады. Түпнұсқаға абсолютті тепе-теңдікте боларлық аудармаға қол жеткізу мүмкін емес. Аударма үдерісінде әртілді мәтіндерді коммуникативті салыстыру және теңестіру үшін алып тастаулар, қосулар мен өзгертулер енгізу керек. Аудармада түпнұсқаның қандай да бір элементі коммуникативті тұрғыдан мәндірек біреуін сақтап қалу үшін мәжбүрлі түрде құрбан етіліп отырады. Мысалы, *«Между тем никому не приходило в голову, что в той или иной мере кочевое хозяйство характерно всем народам мира, особенно на ранних этапах их развития»*, - деген сөйлемдегі *«в той или иной мере»* дегенді аударудан ештеңе ұтпаймыз, сол себепті ол тіркестерді құрбан етуге, яғни түсіріп тастауға болады. Одан сөйлем мағынасына нұқсан келе қоймайды. Түпнұсқа мазмұны мен аударма мазмұны арасында тепе-теңдік толығымен болуы мүмкін еместіктен, шартты түрде «эквивалент» немесе «баламалылық» термині енгізілген.

Жалпы баламалылық - аударманың ұтымды тәсілдерінің бірі. Себебі *сөз-бе-сөз аудармада* ұғымға емес, оның тілдік қабығына ғана мән беріледі. Еркін аударма дәлдікке жетпей жатса, сөзбе-сөз аудару асыра сілтейді. Осыған жете мән берілмеген жағдайда тіл шұбарлығына жол беріледі. Өрескел атау, ұғымдар

пайда болуы ықтимал. Мысалы: «Доброе слово – душе опора» дегенді алайықшы, бұл шығармашылықпен жұмыс істемей, екі тілдің ерекшелігін ескермеген бұрмалаушылықтардан туған «Мейірімді сөз – жан тірегі» дегеннен гөрі, «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген қазақша баламасын алса анағұрлым ұтымды шығары сөзсіз. Осы тұрғыда көптеген мысалдар келтіруге болады. Қазіргі қолданыстағы хабарды, ақпаратты «сарафанды радио» арқылы таралды деген тіркесті қарайықшы. Бұл фраза орыс тілінде 1920-30 жылдары пайда болған екен. Ол кезде сарафан әйел адамдардың жаппай күнделікті өмірде киетін киімі болған. Ал жаңалықтың басым бөлігі әйелдер арқылы таралғанын ескерсек, сөздің этимологиясын болжау қиын емес.

А.С. Архипова пікірі бойынша фразеологизм этимологиясы сәл басқаша беріледі. XIX ғасырда поштаны қайықпен судан өткізу ісінде ескекті әйелдер ескен көрінеді. Пошта арқылы хат-хабар жететіндіктен, алғашқыда «сарафанды пошта» деген әзіл аралас тіркес туған екен де, кейіннен хабар жылдам таралуына байланысты және о бастағы мағынасы сақтала отырып, «сарафанды радиоға» ауысқан көрінеді [2, 3]. Бұл, әрин, радионың пайда болуынан кейін қолданысқа енген. Ал қазірде ресми арналардан таралмаған, дереккөзі белгісіз ақпарат түрін атауда қолданылып, бастапқы қоданысынан аздап ауытқушылығы бар екендігі байқалады. Қалай болғанда да, қолданыстан шығып қалған жоқ.

Енді осы тұрақты тіркесті қазақ тілінде сол қалпында қолдану қаншалықты дұрыс деген мәселе бар. «Одним из таких коммуникационных ресурсов в свое время выступало степное «сарафанное» радио – «ұзынқұлақ». Основная информация передавалась из уст в уста, новости доходили до слуха людей достаточно быстро и в относительно точной интерпретации» [3, 352], - деген немесе «Ұзын-құлақтың айтпайтын әңгімесі жоқ, білмейтін нәрсесі жоқ. Соған қарағанда ұзынқұлақ бүгінгі қазақ қоғамында өз қызметін әлі де атқаруда, кәдеге жарауда. Тіптен ұзынқұлақтан естуімше, «Ұзынқұлақ» аталатын БАҚ құралдары да бар сияқты. Қалай деген мен де қазағымның қайран ұзынқұлағының жаны сірі екен» [4], - деген Қорғанбек Аманжолдың пікірін ескерсек, тап-тамаша баламасы бар. Бұдан шығатын қорытынды калька жасап немесе сөзбе-сөз аудармай-ақ, тіліміздегі баламасын тапсақ, оғаш тіркестерден гөрі болмысымызға сіңісіп, ара-жігі жымдасып, қолданысқа еркін түсері хақ.

Соңғы кезде қазақ тілінде термин сөзін «атау», «аталым», «атауыш» деген қазақша балама сөзбен ауыстырып қолдану кездеседі. Алайда бұл сөздер ғылым тілінде қалыптасып кетті деп айта алмаймыз. Көптеген басқа да терминдер сияқты халық тарапынан наразылық тудырып жүргені рас. Қазіргі таңда Кеңес дәуірінде білім алып, ең сауаттылар қатарынан саналатын мамандары-



мыздың өзідеріне жаңа терминдерді меңгеруде қиындықтар туып отырады. Өйткені өмірімізге күн санап көптеген терминдер еніп отырады.

Байырғы лексиканы терминдік ыңғайда қолдануға аударманың ықпалы тигені сөзсіз. Мысалы, *бәсеке* (конкуренция), *табан балық* (лещ), *егемен* (суверенный). Бұлар - орыс сөздеріне балама іздеу, солардың мағынасын дәл беру әрекетінен пайда болған, терминдік қызметі айқындалып қалыптасқан лексика. Қарапайым сөйлеу тілінде халық арасында бұрыннан қолданылып жүрген сөздер. Тек «егемен» сөзі ғана – диалектілік ерекшелік, «ие» сөзінің «еге» деген нұсқасынан жасалып тұр. Осы сияқты әуелде толық қанды балама ретінде қызметі сараланған сөздер қазір дәл осы қалыптасқан қоғамдық өмірдің барлық саласында қолданылып сіңіп кетті. Яғни, бұларды көркем әдебиет тізімінде де радио, теледидар және өнер-білімнің неше алуан салаларында да кездестіре береміз. Олар қазақ тілінің негізгі сөздік құрамында бұрыннан болғанымен, көбіне дәл осындай жаңа қызмет жүктелмеген болатын. Бұрынғы сөздер жаңаша қызметке көшті. Соның нәтижесінде тілдің икемділігі, байлығы нақтылығы артады.

Терминжасам үрдісіндегі әрекеттің бәрі орыс тілінің әсеріне, сол тілде қалыптасқан неше алуан ұғым, түсінікті қазақша дәл де нақты жеткізуге байланысты туған. Терминологияның ең басты амалы мен көзі ретінде аударма рөлі ерекше, яғни орыс тілі не шет тілдерден енген жеке де, күрделі, терминдерді тұлғалық-мағыналық, құрамдық ерекшелігін сақтай отыра, өз тілімізге сөз-сөз аудару кең өріс алып отыр.

Қазіргі кезде әдеби тіл нормаларының өзгеруі жиі кездесіп отырады. Қазақ тілі сөздерінің стилистикалық тұрғыдан «бейтараптануы», бұрыннан келе жатқан сөздердің жаңа мағынада қолданылуы т.т. көптеген жаңалықтар енуде. Дегенмен, ол сөздердің бәрін халық тең дәрежеде қолданып кетті деп айту қиын. Мысалы, *үнпарақ* (газета), *жозы* (стол) сөздері халық тарапынан қолдау таппады. Ал *шәкіртақы* (стипендия) сөзі сынақтан ұзақ өтті. Олай дейтін себебіміз, бір модельмен жасалған *зейнетақы*, *төлемақы*, *өтемақы* сөздері де «*шәкіртақы*» сикты өткен ғасырдың 90-жылдары, яғни терминжасамның алғашқы он жылдығында халық сынына ұсынылған. Алайда, басқа сөздер тез қабылданды да, «шәкіртақы» сөзі осылардың еңсоңында ғана қолданысқа енді.

Сөйтіп жаңа атаулардың барлығын талғаусыз қабылдау норма талабына сай келе бермейді. Олай ету әдеби тілді шұбарлау болып табылады. Қазақ тілінің енді жандана бастаған қызметіне нұқсан келтіреді және тілімізге деген кері пікір қалыптастырады.

Сонымен терминдерді аудару барысында терминнің ұғымдық мәнін толық бере алуы, я болмаса аударылатын сөз бен балама сөздің арасында мағыналық

байланыс сақталуы қажет. Жаңа балама сөздің жұртшылыққа қаншалықты таныс екендігі, сөздік қорда бұрыннан бар болуы ескерілуі тиіс. Ал сөзжасамның белгілі бір тәсілдері арқылы жаңадан жасалса, оның сыртқы түрі мен айтылу жағдайының жұртшылықтың эстетикалық талабына сай келуі қадағалануы қажет. Мұндай жағдайлар ескерілмеген кезде қолданысқа түскен терминдерді халық қабылдамауы да мүмкін. Халық қабылдамаған, қолданысқа түспеген терминдер өміршең бола алмайды. Бір кездері болған кітаби тіл сияқты ат төбеліндей ғана қауымға қызмет етуден аса алмай қалады. Ондай сөздердің мағыналары сол терминді аударған немесе енгізген мамандарға ғана түсінікті болудан ары аспайды.

*Балама аударма* – түпнұсқаны бұлжытпай, дәл беруде таптырмас құрал. Аударманың бұл тәсілі – алдыңғы екеуіне қарағанда неғұрлым дамыған, жетілген тәсіл. Сөзбе-сөз аударудағыдай сөздікте берілген сөздің аудармасы талғаммай, таңдалмай, сол қалпында мән-мәтінге сәйкес, сәйкессіздігіне қарамастан алына бермейді. Сонымен қатар, еркін аудармадағыдай көсіле сілтеп, аударма өлшемінен ауытқып та кетпейді.

Балама аударма ғылымын жетік меңгерген кезде, аударылатын және аударатын тілдің ерекшеліктерін ескерген сәтте ғана жүзеге асады. Аудармада екі халықтың немесе ұлттың өзіндік ерекшелігі мен дүниетанымына да мән беріледі. Аударылып отырған мәтін аударылған тілдің ғана әуеніне еріп, жетегінде кетсе, онда аударып отырған тілдегі ой өрнегі дұрыс өрілмейді. Мағынасы түсініксіз, танып білуге қиындық тудыратын дүниге айналады.

Сол сияқты тілімізде *«оган он сегіз жас», «Қайрат» «Жеңіске» ұтылды», «автоматпен атты», «деп ойлаймын»* сияқты тіркестер қолданыс табуда. Дұрысы: *«ол он сегізде», «Қайрат» «Жеңістен» ұтылды», «автоматтан атты»* болуы керек. Қазақ тілінің сөйлем құрылымын ескермеу себепті айтар ойын «деп ойлаймын» дегеннен бастау да әдетке айналды. Қазақ тілінде баяндауыш сөйлем соңында тұратындықтан, айтылар ойдан кейін ғана «деп ойлаймын» күрделі баяндауышы келу керек емес пе?

Аудару барысында орыс тілінде кез келген мән-мәтінде тұрып, айтар ойды айшықтап тұратын кейбір сөздерді қазақ тіліне бір сөзбен аудару мүмкін болмай жатады. Мысалы, «свежий» сөзін аударуға байланысты оқырмандарға байқау жарияланғанда, оның 80 түрлі нұсқасы ұсынылған екен. Бірақ, оның ешқайсысы да орыс тіліндегідей қызмет атқара алмапты. Әр мән-мәтінге байланысты балама аударма жасаудан басқа амал қалмаған. Мысалы, жаңа піскен нан, соңғы хабар, таза ауа, жаңа сойылған ет, т.б. Осы ұғымдардың барлығы орыс тілінде «свежий» сөзінің тіркесі арқылы берілсе, мағыналары түсінікті, ықшам, ал қазақ тілінде бәріне бір ғана сын есімді тіркеу дұрыс болмас еді.

Фразеологизм – ойды айшықты, қысқа жеткізудің таптырмас құралы. Ол ойға мәнерлілік беріп, сезімге сыр ұялата әсер етуімен ерекше. Шұбалаңқы ойды ұтқыр жеткізіп, аз сөзге көп мағына жүктейді. Құрамы тұрақты сөз орамдары тек ойды ұтымды жеткізіп қана қоймай, халық дүниетанымы, өмір салты, кейде тіпті тарихынан да хабар береді. Мысалы, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген тұрақты сөз тіркесін әдеби-тарихи дереккөздерден кездестіруге болады. Шәкәрім Құдайбердіұлы өзінің «Қалқаман-Мамыр» поэмасында:

*Осы жол – бар қазаққа белгілі жол,*

*«Ақтабан шұбырынды» дегенің сол.*

*Жаяу жүріп табаны аппақ болып,*

*Қорлық көріп қазақтың шұбырғаны ол,-* деп келтіреді.

Сондай-ақ, «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» атты еңбегінде «Алқакөл сұлама» тіркесіне де түсініктеме бере кетеді. Жалаңаяқ шұбырған жұрттың табанының ақ жемі шығып, адам төзгісіз жағдайда шөлдеп келіп, көл басына жантая-жантая кетіп, сұлап жатқан сәтінің көрінісі тарихта осылай сақталып қалғанын атап көрсетеді. Сонымен қатар, бұл тіркес Ұлы жүз және Орта жүз қазақтарының Қаратауды басып өтіп, Сырдан асып, Алқакөлде қырғынға ұшырағанынан хабар берсе, Кіші жүз қазақтарының Сауранды айналып өтіп, Бұхараға бет алған шұбырынды көшін тарихқа «Сауран айналған» деген тіркеспен ойып жазған. Ал Орта жүздің бір бөлігінің Қаратаудан Солтүстікке қарай ауған жолын «қайың сауған, ел ауған» деп тарих есте сақтаған екен. Бұл туралы: *«Негізгі асы ет пен сүт болған босқын қазақтар қайыңның қабығын тіліп, шырынын ішуге, алғыр (ащы өсімдіктің тамыры), қозықұйрық (саңырауқұлақтың түрі) сияқты жеуге жарамды шөптесін өсімдіктерді талғажау етуге дейін мәжбүр болды. Бұл оқиға қазақ тарихындағы ел айырылысқан ауыр шақ қана емес, көршілес қырғыз халқы да жоңғарлардың шапқыншылығына ұшырап, атақонысынан Фиссарға ауа көшті. Осы жайтқа байланысты қалыптасқан «Қазақ қайың сауғанда, қырғыз Фиссар ауғанда» деген тарихи фразеологизм аталмыш оқиғаның екі халықтың тағдырына үлкен ауыртпалық әкелгендігін айғақтайды»,* - деген мәлімет бар [5].

Тарихи түрлі жағдайларға байланысты осындай сақталып қалған фразеологизмдер барлық халықта кездеседі. Тағдырдың қилы кезеңдері бір ұлтты екіншісімен жағымды не жағымсыз жағдайларда табыстырып, болмаса туыстас елді керісінше айырып жатқан оқиғаларға айғақтар көп. Осындай жағдайларда мәдени-тілдік кірігу процесі жүретіні заңды. Соның салдарынан немесе нәтижесінде халықтарда дыбысталуы әртүрлі болғанына қарамастан, мағынасы жақын тұрақты тіркестер пайда болып, сақталып қалды. Алайда ондай тіркес-

тер калька аударманың ырқына көне бермейді. Сол себепті бұл жерде балама аударма – таптырмас амал.

Қазіргі тілдік қолданыста кездесетін «плясать под чужую дудку» деген тіркесті қазақ тілді аудитория сол қалпында аудармасыз қолданып жүр. Оның себебі де түсінікті. Тіркестің арқалап тұрған жүгін басқаша беруден немесе мағынасын түсіндіріп айтудан гөрі сол қалпында қолданып, сөйтіп айтар ойын дйттеген жеріне жеткізуді көздейтіндер үшін тиімді болар. Алайда саф алтындай сара, таза қолданыс ойды айшықтап, тілдің тартымдылығын арттыра түсері сөзсіз. Соған байланысты осы тіркесті қалай ұтымды жеткізуге болар еді? Балама аудармасын табу оңай емес екен. 712 бетті құрайтын Исмет Кеңесбаевтың авторлығымен жарық көрген «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты сөздіктен де кездеспеді. Алайда Г. Смағұлованың «Сөздік. Мағыналас фразеологизмдер» деген еңбегінен: «*Көрінгеннің қобызына билеу*» (әркімге бір жалатақтау) [6], - деген тіркес орын алған. Басқа ғылыми зерттеулерде немесе көркем әдебиеттерде кездесе бермейтініне қарамастан, өте ұтымды, орыс тіліндегі «плясать под чужую дудку» тұрақты тіркесінің мағынасын дәл жеткізіп тұр деуге болады.

Орыс тіліндегі баламасының этимологиясы туралы бірнеше еңбектерден кездестіруге болады. Соның бірінде шығу, қолданысқа ену тарихы туралы мәлімет те берілген. Онда осы фразеологиялық бірліктің ежелгі дәуірде өмір сүрген грек философы Геродоттың еңбегінде кездесетіні айтылады. Ондағы мәліметке сүйенсек, парсы патшасы Кирдің өмірбаянына қатысты қолданылған. Кир патша мидия гректерін бағындырған кезде бұрын бас игілері келмеген малоазиялық гректер парсылармен одақтас болғылары келетіндерін өздері жария еткен делінеді. Сонда парсы патшасы Кир олардың жіберген елшісіне біздің дәуірімізге дейінгі VI ғ. өмір сүрген мысалшы Эзоптың атымен байланыстырылатын мысалды айтып берген екен. Онда: «*Бір адам теңіздегі көп балықты көріп, флейта аспабында ойнай бастайды. Оның музыканы естіген балықтар құрлыққа шығады деген ойы жүзеге аспайды. Үміті ақталмаған соң торды суға лақтырып, көптеген балықты сүзіп алады. Ауға түсіп, судан шыққан балықтар тордың қабырғасына соғылып жанталасады. Сонда оларға қарап: «Билеріңді тоқтатыңдар, мен флейтада ойнағанда жағаға шығып, билегілерің келмей қойып еді», - деген екен [7, 442]. Осы тіркес бірнеше халық қолданысына еніп, әр ұлттың өз тілінде бар аспаптарға ауысып отырғанға ұқсайды. Мысалы, орыс тіліндегі «біреуге бағынышты болу, соның айтқанын істеу, еркіне көну» деген мағынадағы «плясать под чужую дудку» деген тіркесті айтуға болады. *Сильную личность выдвигают люди, массы людей, для осуществления своих целей. Но сильная личность имеет свои цели.**

*На то она сильная личность. Она выходит на подмостки не для того, чтобы плясать под чужую дудку (Георгий Бурков. «Хроника сердца»).* Осы мысалда өз еркі өзіндегі адам мінезінің сипаттамасы беріліп тұр. «Дудка» деп орыс халқы үрлемелі аспаптардың жалпы атауын айтады. Олай болса, бұл сөз метафоралық сипатқа ие.

Филология ғылымдарының докторы Г.Смағұлованың келтіріп отырған «*Көрінгеннің қобызына билеу*» тіркесін өте сәтті балама деп қарауға болады. Флейта дудкаға ауысса, енді қазақ ұғымында бар, бәріне түсінікті қобыз аспабын осы тіркеске кіріктіре отырып, ұтарымыз сөзсіз. Түркілік тілдік сана бұл аспаппен көптеген эмоцияны байланыстырады. Мысалы Хамитбек Мұсабай ақынның «Қойлыбайдың қоштасу күйі» атты дастанында:

*Ол қобызбен қара тасты сөйлеткен,*

*Ол қобызбен тал бесікті тербеткен.*

*Ол қобызбен ханға тізе бүктірген.*

*Жөнге салған ессіздерді есірген,* - деген жолдар бар [8].

Ал бір тілде айтылған, жазылған ойды жеткізу үшін екінші тілден сөз таңдау да бар. Сөз таңдау себептері мынада:

1. Екі тілдің лексика грамматикалық құрылымының бөлектігінде.

2. Белгілі бір ұғым, зат, түсінік халықтың тұрмыс-тіршілігінде жоқ, демек ол тілде де белгіленбеген, бұл сөз таңдауға әкеледі. Мысалы: африка елдерінде «қар» деген сөз жоқ. Сол себепті жасанды сөз жасайды. Ал сібір халықтарында қардың қырық түрі бар. Қоршаған ортада әрбір ұғымның, түсініктің, зат пен құбылыс атауы, екі тілде де бар. Алайда олардың ұғымдық, мазмұндық көлемі әртүрлі. Мысалы: *красная строка*-азат жол; *красная дичь*-жабайы құстың дәмді еті.

3. Сөздіктегі сәйкестіктің стильдік қызметінде айырмашылықтар бар.

4. Шығарма автор стилі мен тілі де, функциональды сәйкестіктер жасауға ықпал етеді. Халық орналасқан аймақтың, климаттың, кәсіп пен шаруашылықтың ерекшеліктеріне орай бір халық тіліндегі дербес атау, алуан түрлі ассоциация екінші тілде болмауы заңды. Соған байланысты ғылыми тіл мен тіл жүйесінде бос орындар «лакуналар» тілдің семантикалық картасындағы ақтандақтар деп аталады. Бұларды баламасыз лексика дейді. Баламасыз лексика бір халықтың материалдық-рухани мәдениетіне тән бір тілде ғана нақты тілдік единицалармен белгіленген, өзге тілдерде де сыртқы нысаны, ұғымдық, мазмұндық көлемі бірдей келмейтін сәйкестігі жоқ тілдік единицалар.

Екі тілде сөздіктерде көрсетілетін сөздердің стильдік қызметінің алуан түрлілігі аудару барысында сөз таңдауға ықпал етеді. Негізгі мағынасы тура келетін тілдік единицалар әр тілдің стильдік жүйелерінде, әр басқа

қолданыстық қызметке орайласып бейімделеді. Орыс тіліндегі абстрактілі ұғымдағы терминдер көркем әдебиетте, жазушының көркемдеу тәсілінде, диалогте, кейіпкер тілінде, мәнмәтінде үйлесе қолданса, ал қазақ тілінде терминдік ұғымы барлық уақытта да бірдей, көркем әдебиеттің функциясын атқара алмайды.

Аудармадағы баламалылық шегі аударған кезде түпнұсқа мазмұнын сақтаудың ең жоғары мүмкіндік дәрежесімен өлшенеді. Әрбір аудармада түпнұсқаға мағыналық жақындық әртүрлі тәсілдермен жасалады.

Балама аудармада айтылар ой ондағы барлық тұтас ақпарттан тұруы міндетті емес. Екі тілдегі ойдың мазмұны олардың бір ғана қарым-қатынас мақсатында жұмсалғанына, бір ғана жағдаятты екі тілге ортақ түсініктер арқылы жеткізгеніне қарамастан, екі түрлі болуы мүмкін. Олардың мазмұнының толық теңдесуі үшін аударылатын тіл мен аударатын тілдің әртүрлілігіне қарамастан, екі тілдің тілдік единицаларының мөлшері де бір-біріне жуық келіп отыруы шарт. Сонымен қатар, сөйлем құрылысында да сәйкестік болғаны абзал. Кез келген хабар тілдік единицалардан тұрады және олардың әрқайсысының өзіндік мағынасы бар. Әртүрлі жағдайларға байланысты қарым-қатынас кезінде ойдың кейбір мағыналық элементтері алдыңғы қатарға шығуы ықтимал. Бұндай жағдайда хабарлама мазмұнында кейбір сөздер немесе синтаксистік құрылым маңызды орынға ие болады [9, 53].

Жалпы балама аударма екі тілдің ерекшелігін толық білген жағдайда және сол тілдерді жетік меңгерген кезде нәтижелі болмақ. Әйтпеген жағдайда бір тілдің ерекшелігімен жасалған аударма ойды толық жеткізе алмайды, түсінуді қиындатады. Балама аударма тәсілі - көбінесе мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестерін аударуда таптырмайтын тәсіл. Бұл жағдайда көрікті ойдың көркін қашырып аударудың қажеті шамалы. Біз ойды жеткізетіндей екінші тілдегі баламасын табамыз.

### Әдебиеттер

1. Талжанов С. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. – Алматы, 1975.- 175 б.
2. Архипова А.С. Пантофлевая почта-еврейский телеграф-сарафанное радио-агентство обс: устный речевой жанр в поисках самоназвания //Вестник РГГУ. Серия: Литературоведение. Языкознание. Культурология. – 2011. – №. 9 (71). – С. 58-73.
3. Арын Е. М., Арын Р. С. Институциональные основы коммуникативных отношений государственных органов и общества: казахстанская практика конструирования. – 2019.

4. Қорғанбек А. Ұзынқұлақ /<https://egemen.kz/article/158758-uzynqulaq>]
5. Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама/ [https://el.kz/a-taban\\_sh-byryndy\\_al-ak-l\\_s-lama\\_21198/](https://el.kz/a-taban_sh-byryndy_al-ak-l_s-lama_21198/)
6. <https://emle.kz/uploads/files/e0b25b1bbf849da1bfa828b53b8a01ee.pdf>
7. Хохонин Д.Е. Фразеологические единства, включающие в свой состав лексемы семантической сферы «музыка» //Вестник Воронежского государственного университета. Серия: Филология. Журналистика. – 2014. – №. 1. – С. 106-108
8. Киелі қобыз/ <https://bilim-all.kz/article/2890-Kieli-qobyz>
9. Жуков Д. Мы –переводчики.- М., 1975. – 112 с.

## БЕРДІБАЙ ШАЛАБАЙ

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті,  
филология ғылымдарының докторы, профессор

### МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮР, ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ОҚЫТЫП, МЕҢГЕРТУ

Ұлттық салт-дәстүрлер ықылым заманнан басталып, халықтың ой санасында қалыптасып, күнделікті іс-әрекет тұрмысына етене сіңісіп кеткен. Аруақ сыйлау, сөзден ғана жығылу, киіз үй, шаңырақ сыйлау сияқты ұғымдар сақ, скиф дәуірінен бастау алған. Сондай-ақ оларда күйеуге төс беру, әншіге таңдай беру, әмеңгерлік салты болған екен.

Тіл жай ғана қарым-қатынас құралы емес, ол өзіне жинақталған қазынаны көздің қарашығындай сақтай отырып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді. Тілді танып білу арқылы ұлттың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, тұтастай дүние болмысын тануға болады. Өйткені тілдегі таңба бірліктер халықтың дүние танымынан, рухани мәдениетінен, өмір тіршілігінен, менталитетінен, әлеуметтік, саяси көзқарасынан мағлұмат береді.

Тілдегі этнотаңбалар ұлт болмысының тілдік бейнесінде айқын көрініс табады: әртүрлі ырым-тыйымдар мен наным-сенімдерінде, лингвомәдени, лингвоелтанымдық концептілер жүйесінде (мақал-мәтелдерде, теңеу, метафораларда, тұрақты тіркестерде). *«Мұндай ұғымдар ұлттық ортақ ассоциативті мағыналық таным желілерінен жинақталған ерекше ұлттанушылық мәдени концептілердің аясында шоғырланып, халықтың санасында тереңінен сақталады»* [1].

Белгілі философ ғалым А.Айталы ұлттың рухани кодының күрделі, көп астарлы құбылыс екенін, оның маңызды индикаторларын белгілей отырып, былай дейді: *«Руханилықты ұран тастап енгізе алмаймыз. Мемлекеттің ішкі саясаты ұлттың рухани кодының күрделілігіне негізделгенде ғана тиімді болады. Әлеуметтік деңгейі тұрғысынан ұлттың білімі, мәдениеті, діндарлығы, кәсіби деңгейі, экономикалық табысы, тұрмыстық жағдайы, қоныстануы (ауыл, қала), тууы, өлім-жітімі, отбасы және оның беріктігі, аралас неке-лер, қылмыстылығы, бір сөзбен айтқанда, ұлттың әлеуметтік сапасы оның биік рухына негіз болады»*. Одан әрі: *«Ұлттың ең басты қуаты –оның ішкі бірлігі. Абай айтқандай, «біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос», өзара жанашырлық, ұлтқа қызмет ету, тұрақтылықты, қауіпсіздігін ойлау,*



иманына берік болу, тәуелсіздікті қорғау, салық төлеу. Ұлттық намыс – ең басты капитал» [2].

XIX ғ. ірі неміс ғалымы В.Гумбольдт тілді халық рухының сыртқа шыққан көрінісі ретінде бағалап, адамның рухани дамуы тек тіл арқылы мүмкін болатынын дәлелдеді.

Әр ұлт басқа ұлтта қайталанбайтын ерекшелікке, мәнділікке ие. Жалпыланған, өз бейнесін жоғалтқан ұлт болмайды, егер олай болса, ондай ұлт тарих сахнасынан өшеді. Осы тұрғыдан өзіміздің рухани құндылығымызды ана тілін емес, орыс немесе ағылшын тілін білу деңгейімен өлшеуге болмайтынын түсінуіміз керек. Демек, көптілділік ана тілі есебінен емес, керісінше, соның негізінде жүргізілуі керек. Сәби тілі шыққан кезден ана тілін толық меңгергенге дейін өзге тілді араластыруға болмайды. Мұны өмір дәлелдеп отыр. Бала тәрбиесінде ұлттық ерекшеліктерді сақтау, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеуде ұлттық ерекшеліктерге сай оқыту механизмдерін жасау күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелер. Осы орайда біздің ата-бабаларымыздың жадының мықты болуына әжелеріміздің ертегі айтып, аталарымыздың жырларды жатқа айтуы себеп болғанын еске сала кетейік. Бесіктен бесік жырын құлағына сіңіріп өскен сәбиге өсе келе санамақ айттырды, жаңылтпаш, жұмбақ жаттатты, олардың білімі күнделікті өмірмен байланыста дамыды.

Әрине, қазіргі қоғамның алға қойып отырған талаптарына сай, жеткіншек көп нәрсені меңгеруі тиіс: заманға сай білім мен мәдениет дағдыларын игеру, шет тілдерін білу, шығармашылық қабілетін дамыту, қаржылық және құқықтық сауаттылық, өнертапқыштық ойлау жүйесіне икемделу, ұжымдық жұмыстарға бейімділік т.т.т.

Алайда басты мақсат – ана тілін жақсы меңгерген, ұлттық ерекшелігі мен дәстүрлі мәдениетінен ажырамаған, рухани бай адам тәрбиелеу.

Адамтану ғылымында (антропология) адамды ұлты, тілі және мәдениеті тұрғысынан сипаттау дәстүрі қалыптасқан, өйткені тілдің тілдік ортасы бар, ол – сол тілде сөйлеуші адамдар қоғамы, адамдар қоғамының қоршаған ортасына сай қалыптасқан өмір сүру дағдылары, тәсілдері болады, сол амал-тәсілдердің мазмұны **мәдениет** деп аталады. Мәдениетті танытудың жолы – тіл, тіл мәдениетсіз өмір сүре алмайды [3].

Э.Сепирдің бұл тұжырымы И.Г.Гердердің тіл философиясымен үндестік табады. «Ана тілі дегеніміз – ана сүтімен игерілген ұшан-теңіз білім аясы». Ол (тіл) – дүниені танудың құралы, И.Г. Гердерше, жеке ұлт – адамзаттың өзіндік ерекшелікке ие бір бөлігі, ал ұлттық мәдениет – адамзат мәдениетінің сол өзіндік ерекшеліктерін танытатын формасы [4].

В.Гумбольдтың тұжырымы бойынша, әр ұлттың өзіне тән іштей дамитын

рухы бар, оны сыртқа шығарып, ұлттық ерекшеліктерді танытушы, оны жеткізуші күш – тіл, тіл – рухтың жемісі. Осыдан халықтың рухын, табиғатын, болмысын танып білу құралы тіл екені ғылымда маңызды бола бастады [5].

Қазақ этнолингвистикасының бастауында тұрған ғалым Ә. Қайдардың пікірін келтірейік: *«Этностың шынайы бейнесі, болмысы оның тілінде ғана, тілі арқылы ұрпақ жадында сақталады», «тіл – этностың өзі, өз суреті», «тіл әлемі» дегеніміз – этнос болмысына қатысты мыңдаған, тіпті миллиондаған мағыналық бірліктердің жиынтығы, синтезі»* [6].

Демек, тіл ұлттық мәдениеттің өте мәнді әрі ерекше компоненттерінің бірі. Әр ұлттың мәдени саладағы: салт-дәстүріндегі, өмір сүру дағдысындағы ерекшеліктері тілінде өте-мөте анық көрінеді.

Мәдениетті адам қолымен жасалған материалдық және рухани құндылықтардың жүйесі деп түсінсек, тіл соны бейнелеу арқылы ұрпақтар бойында интеллектуалдық және гуманитарлық көзқарастарды қалыптастырады. Неміс философы О.Шпенглер: *«Мәдениет – белгілі бір халық рухының ішкі құрылымының сыртқы көрінісі»* [7], – дейді.

Белгілі орыс ғалымы В.А. Маслова тіл мен мәдениеттің арақатынасын зерттеуде пайда болған жаңа ғылым саласы – лингвомәдениеттанудың пәні «адамзаттың мифологияда, аңызда, әдет-ғұрыпта, салт-дәстүрде, фольклорлық және діни дискурстарда, поэтикалық және прозалық көркем мәтіндерде, фразеологияда, метафора, символ, мақал-мәтелдерде көрініс тапқан архетиптік, прототиптік сана нәтижелерін қорытындылайтын және мәдениетте символдық, эталондық образды-метафоралы мағына қабылдаған тілдік бірліктер болып табылады» деп сипаттайды [8].

Мәдениетте әр ұлттың дүниені тану үдерісінде өзіндік ерекшеліктері болумен қатар, барлық адамзатқа ортақ құндылықтар болады. Ол дүниетаным өзінің тереңде жатқан құрылымында әмбебап сипатта болатынын көрсетеді. Бұл жалпылықты қоршаған ортаның макрофреймдік үлгісі деп түсінеміз. Ал жағрафиялық ерекшеліктері, діни көзқарастары мен мәдениеті әр ұлттың өзіне тән дүниетанымын, яғни ешкімге ұқсамайтын айрықша дүние-суретін құрайды.

Бүкіл адамзатқа тән дүниенің тілдік суреті тіл-тілдегі ортақ немесе ұқсас мақал-мәтелдерде, фразеологиялық бірліктерде көрінеді. Бірақ әр ұлтқа тән айырмашылықтар болатыны да ақиқат. Мысалы, бір ұлттың тілінде орманға байланысты тұрақты тіркес, мақал-мәтел көп болса, екіншісінде далаға немесе тауға байланыстылары көп болып келеді. Сондай-ақ халықтың дүниетанымына қатысты тілдік бірліктер шаруашылық түрлеріне қарай да ерекшеленеді.

Қазақ менталитетіндегі «қонақжайлық» ұғымы кеңпейілділік, көпшілікті ұнату, көпбалалы болуды ұнату қасиеттерімен ұштасып жатады. Үйіне кел-

ген кісіні таныса да, танымаса да құрақ ұшып қарсы алу қазақ мінезіне тән қасиет. Шақырусыз келген қонақты «құдайы қонақ» деп төрге отырғызады. Оны Алланың жіберген «несібесі» ретінде қабылдайды.

Үмбетей жырауда:

*Кісіні көрсең есікте,  
Жүгіре шық, кешікпе,  
Қарсы алмасаң мейманды,  
Кесір болар несінке!*

Жоғарыдағы қасиеттер «несібе» (несіп) мәдени контекстімен ұштасады. Соған байланысты туған ұғым-түсініктерді бейнелейтін тілдегі тіркестер: «Қырықтың бірі – Қыдыр». Қыдыр – бақ сыйлаушы Алланың жіберген адамы. Қазақ ұғымында ол қонақ түрінде келеді. Немесе нәресте дүниеге келгенде: «Әр бала өз несібесімен келеді», сондықтан баланы көпсінбеу керек.

Қазақ халқының көпшілікті ұнатуы, төзімді болуы, көпшілікке ашық болуы да осы аталған қасиеттермен ұштасып жатыр. Сондықтан жоғарыдағы қазақ мінезіне тән дәстүрлі ұғым-қасиеттерді біртұтас философиялық контексте қарастырып, олардың тілдік белгілеріне сараптама жасай отырып, оларды тіл үйренушілерге оқытып, үйрету керек.

Қазақтың рухани дүниетанымындағы, мәдени болмысындағы ерекше сапа-қасиеттердің бірі – *жыраулық дәстүр*. Басқа да түркі халықтары сияқты қазақ халқының мәдениет тарихында жыраулық дәстүрдің алатын орны ерекше. Ауыз әдебиеті мен жазба мәдениетіміздің арасын жалғайтын алтын көпір ретінде XV-XIX ғасырларда дамыған жыраулар шығармашылығы қазақ халқының суырып-салмалық қасиеттерін, жаттау қабілетін, әншілік өнерін, философиялық терең даналығын бойына сіңіріп, кейінгіге жеткізген тұтас бір дәуірдегі ұлттық рухани, мәдени болмысымызды танытатын ерекше феномен болып табылады.

Жыраулар поэзиясын зерттеушілердің пікірінше (Нұрдәулетова Б.), олар өзінің ақпараттық құндылығы жағынан мезгілдік заңдылыққа бағынбайтын, ұлттық мәдениет пен жалпы адамзатқа ортақ идеяны бойына жинақтаған когнитивтік кеңістік.

Жыраулар поэзиясындағы ұлттық дүниетаным, қазақы салт-дәстүр, діни, мифологиялық, жалпы адамзаттық мәселелер, заман, ұрпақ жайы, ел, жер, ағайын-туыс мәселелеріне қатысты кез келген білім саласы, кез келген ақпарат қоры қаншама ғасырлар бойы өз құндылығын жоғалтпай келуі, жыршылық үрдіс арқылы ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей беріліп отыруы жыршы мен тыңдаушы арасындағы көзге көрінбейтін рухани көпірдің жалғастығын көрсетеді. Және жыраулық дәстүр осынысымен құнды. Бұл келтірілген мысалдар халқымыздың сан алуан дәстүрлі рухани мәдени құндылықтарының бір-екеуі ғана.

Қазіргі әлемде барлық жағынан өте зор жылдамдықпен, қарқынмен болып жатқан өзгерістердің әсерінен, әсіресе жаһандану үдерісінің әсерінен, адамдардың санасында зор өзгерістер болып жатыр. Олар өздеріне артық деп есептейтін ақпарат дүниелерін жадынан ысырып тастап, оның орнына өте жеңіл, тез сақталатын ақпараттарды қабылдауда. Соның салдарынан көбінесе, жастардың ойлау, сөйлеу, қабылдау дәрежесі соншама қарабайырланып, олардың сөз қолданысы автоматтандырылған жағдайға жетті. Мұндай жағдайда бейнелі қазақ тілінің барлық бай, мәдени мүмкіндіктері пайдаланылмай, жай техникалық құрал-тәсілге, жұтаң тілге айналып кетуі мүмкін. Мұны тілшілер тіл экологиясы немесе тілдің лингвомәдени эрозияға ұшырауы дейді. Бұған қарсы тұруға бола ма? Ол үшін жұмысты балабақшадан, мектептен бастап жоғары оқу орындарында жүргізуіміз керек. Жоғары оқу орындарында практикалық қазақ тілі, кәсіби қазақ тілі курстарынан өзге, мазмұнын лингвомәдени деректермен байытып, арнайы «Қазақ тілі әлемі» пәнін енгізу қажет. Бұл пән тәуелсіздікпен қайта түлеген қазақтың үш жүз жылға жуық езгіде ұмыт бола басталған рухани құндылықтарын қалпына келтіріп, одан әрі қарай дамытуға мүмкіндік туғызады. Пәннің қазақ тілін отандастарымызға мемлекеттік тіл ретінде меңгеруіне, шетелдіктерге екінші тіл ретінде оқып үйренуінде маңызы зор.

Сонымен, жоғары оқу орындарының бағдарламасына енгізуге ұсынылатын «Қазақ тілі әлемі» атты оқу пәнінің болжалды құрылымы мынадай болып келеді. Құрылым үш модульден тұрады:

*Бірінші модуль: Қазақ тілінің әлем тілдері арасында алатын орны.*

*Екінші модуль: Қазақ тілінің жүйесі.*

*Үшінші модуль: Қазақ тіліндегі халықтық қазына.*

*Бірінші бөлімде* қазақ тілінің тілдер классификациясындағы алатын орны, тарихы, зерттелу жайы, қазіргі хал-ахуалы баяндалады, ол бірнеше тақырыптарға бөлініп оқытылады.

*Екінші бөлімде* қазақ тілінің графикасы (жазу тарихы), дыбыстық құрылымы, лексикалық жүйесі, грамматикалық құрылымы туралы мәлімет беріледі. Ол да бірнеше тақырыптарға бөлінеді.

*Үшінші бөлімде* (негізгі) қазақ тілінің құндылықтар әлемі жүйеленеді. Мұнда алдымен қазақ халқына тән салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, мәдени, ділдік ерекшеліктері, олардың түрлері жалпы түрде таныстырылады. Содан кейін халықтың рухани және материалдық дүниесін бейнелейтін құндылықтардың тілдегі көріністері – этномәдени бірліктер (мақал-мәтел, тұрақты тіркес, қанатты сөздер, шешендік сөздер, жыраулар мәтінінен, ауыз әдебиеті, көркем мәтіндерден алынған тілдік бірліктер) арқылы талданады.

Ары қарай адамдар арасындағы қарым-қатынас (коммуникация), тұрмыс-

тық, діни, ритуалдық т.б. салалардағы этномәдени бірліктер талданады. Тұрмысымыздағы жаңа дәстүрлердің қалыптасуы да назардан тыс қалмайды.

### **Пән бойынша ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Ә.Қайдар. *Қазақтар ана тілі әлемінде. 3томдық. 1 том. Адам.* - Алматы: Дайк-Пресс, 2009. -784 б.
2. Ә.Қайдар. *ТІЛ-ҒҰМЫР. Ғылыми мақалалар жинағы // Қазақ қандай халық – Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2018. – 360 б.*
3. А.Сейдімбек. *Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы.* – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.
4. О.Сулейменов. *Тюрки в до истории. О происхождении древнетюркских языков и письменности.* – Алматы: Атамұра, 2002. – 318 с.
5. Әбдуәли Қ.Т. *Халық даналығы.* – Алматы, 2004. – 102 б.
6. С.Қондыбай. *Толық шығармалар жинағы.* - Алматы : Арыс, 2008 .– (Серікбол Қондыбай әлемі. – 9965-17-499-7 (4-к) (мұқ.), 9965-17-495-4 12 том. *Арғықазақ мифологиясы (4-кітап)– 533 б.,*
7. О.Н.Туна. *Вопрос возраста тюркского языка с историческим интересом шумерских и тюркских языков.* Анкара.1990. -118 с
8. З.К.Ахметжанова, М.С.Жолшаева, Г.З.Нұрманова. *Ұлттық құндылықтарға негізделген қазақ тілі.* Алматы, 2016. – 315 б
9. А.Ислам. *Лингвомәдениеттану: тіл мәдениет контексінде.* Алматы - Астана, 2004. -508 б.
10. С.Тер – Минасова. *Тіл және мәдениетаралық коммуникация.* Астана,2018.
11. *Тысяча метких и образных выражений: казахско-русский словарь с этнолингвистическими пояснениями.* 2003.
12. Б.Нұрдәулетова. *Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі (Батыс жыраулық мектебі).* – Астана: Нұра-Астана, 2008. – 432 б.

(Пән бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі бұнымен бітпейді, әлі де толықтыруға болады).

Қазақ тілі қоғамды саяси, мәдени, әлеуметтік тұрғыда біртұтас етіп біріктірудің негізгі факторы ретінде қоғамның барлық мүшелері тарапынан толық игерілуі тиіс. «Әр тіл – өз бойында ұлт тарихын, төл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе» [9].

Қазақ тілі әлемін зерттеу сөйлеу тілінің қолданыс ерекшелігін түсінуге, тілдік бірліктердің мағыналарын, сонымен қатар сөйленіс кезіндегі олардың саяси, мәдени, тарихи тағы басқа қосымша мағыналық реңктерін айқындауға мүмкіндік береді. Әсіресе, тілдік шынайылықтарға көп көңіл бөлу арқылы оны те-

реңірек білу сол тілде сөйлейтін адамның күнделікті өмір сүру салтына сәйкес келетін құбылыстар мен фактілерді түсінуге алып келеді. Бұларды білмейінше толық түрде қарым-қатынас жасау жүзеге аспайды.

Қазақ тілі қазақ халқының ана тілі, мемлекеттік тіл ретінде қазір әлемде белгілі қызығушылықты тудырып отыр. Бұған әлемдік бренд ретінде қазақ халқының тарихи, мәдени құндылықтарымен қатар Қазақстанды, қазақ халқын танытуда ғылым, білім, өнер, спорт өкілдерінің жетістіктері де белгілі дәрежеде әсерін тигізуде. Сондықтан қазақ тілін мәдениетімен, тарихымен, бүкіл рухани, мәдени құндылықтарымен бірлікте, тұтастықта оқытып, үйрету – бұл өз елінің нағыз патриотын тәрбиелеп шығару деген сөз. Білім қасаң қағидалар негізінде емес, ал ұлттың мәдениетімен байланыста берілуі керек.

Білім берудегі жаңа инновациялар ұлттық негіздерге қайшы келмеуі тиіс, қайта ұлттық болмысқа негізделіп берілуі керек. Рух салғырттығы, рухани байлыққа немқұрайдылық білім берудегі, тәрбиелеудегі осы алшақтықтан барып пайда болады. Төменнен жоғарыға дейінгі білім ордаларында тек **білімді** ғана емес, **отаншыл** тұлғаны қалыптастыру басты бағыт болуы тиіс. Ж.Аймауытов: *«оқыту оқулықтан өмірге қарай емес, өмірден оқулыққа қарай жүруі тиіс»*, Х.Досмұхамедов: *«өз тіліңді біліп барып, өзге тілді меңгеру – сүйініш, ал өз тіліңді білмей тұрып, өзге тілді білу – күйініш»* дегенде, осы ұстанымды басшылыққа алу керектігін нұсқаса керек.

Тілді халықтың ұлттық сана-сезімі дәрежесімен, өмір сүру салтымен, әдет-ғұрыптық, тұрмыс-тіршілігімен байланыста зерттеу, түсіну, білу, оқытып үйрету; тілге адамның танымына, ұлттық мәдени болмысына, тарихына, мінез-құлқына, өмір сүру салтына, әлеуметтік деңгейіне қатысты білім көзі ретінде қарау; оның ұлт тұтастырушылық, ұлт танытушылық қызметіне баса көңіл бөлу – «Қазақ тілі әлемі» пәнінің басты мақсаты.

Ұрпақ сабақтастығы үзілмеуі керек. Егер ол үзілсе, жас буын өзге жат қайнар көздерден өнеге іздейді. Отаншылдық рух халқымыздың бай мәдениетінің мәйегін бойына сіңіруден рухтанады.

Өз ана тілінде емес, басқа тілде білім, тәрбие алудың нәтижесінде оның тілі, мәдениеті, салт-дәстүрі, ділі жойылады. Оның мысалын алыстан іздеудің қажеті жоқ.

Ұлттық код – бұл ата-бабамыздың қанымен сіңген ұлттық ерекшелік: салт-дәстүр, тарих, діл, тіл. Құрманғазының күйлерін, Ақан серінің әндерін естігенде бойымызды ерекше сезім-күй билейді, рухымыз көтеріледі. Ұлттық код деген, міне, сол; осыны сақтау, дамыту – басты міндет. Сол арқылы әлемдік рухани қауымдастыққа еркін енеміз. Ал осының бәрінің негізінде тіл жатыр.

## Әдебиеттер

1. Әмірбекова Ә. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар. – Алматы: Елтаным, 2011. – 204 б.
2. Айталы А. Рухани код – ұлттың ішкі жан дүниесі // <https://news.arsu.kz/?p=2715>
3. Сепир Э. Избранные труды по языкознанию. – М., 1985. – 656 с.
4. Гердер И.Г. Избранные сочинения. М., -Л., 1959. – 392 с.
5. Гумбольдт Вильгельм фон. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 2000. – 400 с.
6. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998, – 304 б.
7. Шпенглер О. Закат Европы: очерки морфологии мировой истории. Т.1. Образ и действительность. – Минск: ООО «Попурри».1998. – 688 с.
8. Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию. – М., 1997. – 208 с.
9. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-ай, 2014. – 638 б.

## ГҮЛМИРА БАЯЛИЕВА

*Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің  
қауымдас. профессоры, филология ғылымдарының кандидаты*

### ОҚУ МӘТІНДЕРІН ІРІКТЕУ ПРИНЦИПТЕРІ

Қазақстанда қазақ қазақ тілі мемлекеттік дәрежедегі тіл болғандықтан, қазіргі таңда қазақ тілі барлық мектептерде, жоғары оқу орындарында, өзге тілді аудиторияларда міндетті пән ретінде оқытылып келеді. Қазақ тілі пәнін өзге тілді аудиторияға оқыту барысында оқу мәтіндерінің алар орны ерекше. Өйткені барлық сабақ басынан аяғына дейін белгілі бір тақырыпты қамтып, сол тақырып аясында берілетін мәтінге арқа сүйейді. Сабақ барысында студенттермен жүргізілетін барлық жұмыс түрлері мен сабақ барысы студенттің мәтінді түсініп, ұнатып, ары қарай жетілдіріп алып кетіп жұмыс істеуіне негізделетіні белгілі. Міне, сондықтан да «мәтін» феномені тіл сабағының түп негізі болып қала бермек.

*«Мәтін дегеніміз – танымдық қатынасқа негізделген мағыналы элементтер жүйесі рет-ретімен орналасқан, белгілі бір тақырыптық тұжырымдамасы бар қарым-қатынас жасаудың құралы» [1,71].*

*«Мәтіннің мазмұндық сапасына қойылатын талаптар:*

- *Танымдық құндылығы. Мәтін мазмұны білім алушылардың бар білімін толықтырып, олардың танымын кеңейтіп, құндылықтарды тани білуіне қызмет жасауы тиіс;*

- *Мәтін мазмұнының білім алушылардың қызығушылығын тудыруы. Бұл тұста білім алушының жасына, эмоциялық және интеллектуалды қабылдау ерекшеліктеріне байланысты мәтін мазмұнының сай, әрі тиімді болуы керек;*

- *Мәдени құндылығы. Мәтіннің әлеуметтік-мәдени мазмұны білім алушының жасына сай болуы қажет» [2, 167].*

Мәтіннің өзге тілді аудиторияға берілетіні басты нысан болып, жоғарыда аталған оның мазмұндық құндылықтары ескерілген жағдайда да, өзге тілдің өкілі үшін қиындықтар болады. Ғалымдардың айтуы бойынша тілдің құрылымы тіл үйренуші үшін басты қиындықтар болып саналады дей отырып, мынадай екі факторды атап көрсетеді. Олар: лексикалық және грамматикалық. Мәтіннің таныс емес лексикалық материал, яғни жаңа материал болуы тіл үйренушінің мәтінді оқып-түсінуіне кедергі болмауы тиіс. Мәтіндегі лексикалық құрылым мәтіннің мазмұнына байланысты болады. Мәтін мазмұны таныстыру, хабар



беру, іздеу және т.б. тақырыптарын қамтуы мүмкін. Оқып отырған студент мәтіннің кейбір сөздерін ұғатын болса, ол сол арқылы лексикалық қиындыққа кездеспей, мәтіннің жалпы мағынасын түсініп алады. Ал енді нағыз қиындық грамматикалық жағын қарастырғанда кездеседі. Сондықтан да, мәтінді студенттің тілді меңгеру деңгейін, мақсатын ескеріп «оңайдан қиынға» принципін ұстанған дұрыс.

Ғалым И.Л. Бимнің айтуынша жалпы оқытудың мазмұны мынадай элементтерді қамтуы тиіс:

*«- Білім алушыға пайдалы болу керек. Бұл дегеніміз білім алушының өз елі мен оқып жатқан тілінің елі туралы ақпараттар алуы, тіл үйренумен қатар әлеуметтену үрдісінің жүргізілуі;*

*- Білім алушының жеке басынан кешкендерін, сезімін, эмоциясын ескеру, сыни ойлауға және өз ойын айта алуға үйрету, яғни жеке тұлға ретіндегі басқа да қасиеттерін жетілдіру;*

*- Білім алушының өз бетімен ұмтылысына жағдай жасау, мәселелерді, жағдаяттарды шешуді, өзіне қажетті ақпаратты іздеуді, басқа құбылыстарды бақылауды үйрету;*

*- Білім алушының үздіксіз білім алуы мен білімді үздіксіз қажет етуін, өзін-өзі жетілдіруін қамтамасыз ету» [3,39].*

И.Л. Бим айтып өткен оқыту мазмұнының элементтері кез келген мамандықта шет тілі ретінде оқытылатын тіл сабақтарын да қамти алады. Білім мазмұнының пайдалы және қолжетімді болуы тілді үйретудің алғашқы кезеңдерінде аса маңызды. Ал мәтін арқылы берілетін білім мазмұнының студенттің қажеттілігіне сай болуы деген талап кәсіби-бағдарлы мәтіндерді оқытқанда басты, әрі негізгі бағыт болып қалуы тиіс. Оқу мәтіндерін іріктеуде көтеріліп отырған тақырыптың мәні мен мазмұнын ашатын, пайдалы мәтіндерді түпнұсқа күйінде алып пайдаланған әлдеқайда тиімді.

Студент мәтінді бір оқығанда жалпы не туралы екенін түсінуі тиіс. Оқу мәтіндеріне қойылатын шарттарға оның коммуникативтік, дидактикалық және ақпарат берушілік қасиеттері тән болуы тиіс. Аталған талаптар орындалған жағдайда мәтінмен жұмыс жүргізудің практикалық мүмкіншілігі арта түседі.

Мәтінді тілді үйренуші адамның өзге тілді пайдаланудағы материалдық, әрі практикалық және коммуникативті-танымдық қызметтерінің өнімі, объектісі және құралы деп қарастыруға болады. Өйткені белгілі бір тақырыпқа жазылатын мәтін бір мәселенің айналасындағы лексикалық қорды қамтиды да, грамматикалық формаларға негізделеді.

Ғалым Т.С. Серова оқу мәтініне тән мынадай ерекшеліктерді атайды:

«- байланыстылық (мәтіннің барлық құрылымдары бір-бірімен біріккен, кіріккен өзара үндес байланыста болуы тиіс);

- біртұтастылық (мәтіннің құрылымы мен мазмұны көтерген тақырыбына сәйкес);

- аяқталған (белгілі бір тақырып бойынша айтылған ой-пікірдің толық аяқталып, ұсыныстардың келтіріліп, бағаланып, қорытындылануы);

- прагматикалық құрылымның орын алуы (студенттің мәтінді түсініп, бойына сіңіріп алған білімін өмірде қолдана білуі);

- пайдалы ақпарат ұсынуы (берілген ақпараттың жаңалыққа толы, пайдалы болуы)» [4, 20].

Ғалымның атап өткен оқу мәтініне тән ерекшеліктері мәтіннің коммуникативтілік маңызына бағытталған. Яғни, тілді үйренуші үшін мәтін - ең бастысы қарым-қатынас орнатып, тілді түсіну мен сөйлесе алуына жағдай жасайтын лексика-грамматикалық күрделі құрылым.

Мәтін туралы тағы бір айта кететін жайт мәтіннің лингвистикалық, әдістемелік және мәдени өлшемдері. Әдістемелік көрсеткіштер мына жайттармен байланысты болады. Олар:

1. мәтінді қарым-қатынас құралы ретінде қарастыру;

2. мәтінді тілді үйретудегі дидактикалық-әдістемелік ерекшелікке сай қарастыру.

Мәтінді қарым-қатынас құралы ретінде қарастыру студенттің оқу процесін құрылымдық және формалық жағынан ұйымдастыру арқылы тілді үйрену деп атап өтуге болады. Сонымен қатар мәтіннің бұл өлшемін былай да түсінуге болады:

1. мәтіннің білім алушыға қатынасы;

2. мәтіннің білім алушының ойлау, сезу жүйесіне әсер етіп, эстетикалық рахат сыйлауы;

3. мәтіннің өмірдегі кез келген жағдайда тілдік қарым-қатынасқа түрткі, негіз бола алуы.

Жоғарыда атап өткен өлшемдер тілдің өзіне тән ерекшеліктерін ғана емес, сөйлеу мәдениетін де қоса үйретуге жағдай жасайды. Мәтіннен туындайтын ойлар мен идеялар, жүргізілетін жаттығулар жүйесі – барлығы да тіл қарым-қатынас құралы деген принципке негізделуі тиіс. Осы арқылы тілді үйренуші мәтінді талдау барысында белгілі бір жағдаятқа арналған сөздік қор мен тілдік бірліктерді, сөйлеу мәдениетін есіне сақтап отырады. Мәтін аталған функцияларды атқаруы үшін оны таңдап, іріктеу барысында мына мәселелерді ескерген дұрыс:

• тіл үйренушінің қабілетін ескеру;

- оқу мақсатымен байланысы;
- тіл үйренушілердің тілді меңгеру деңгейін ескеру;
- сөйлеу процесіне негіз бола алатын мәтінді таңдау.

Жалпы дидактикалық тұрғыдан алғанда әрбір мәтін оқу жоспарына сәйкес жасалған жүйелі, сабақ беру мүмкіншілігіне сай, көрнекі болуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген мәселелер мен дидактикалық талаптар үйлесіп, үндесіп келіп мәтіннің әдістемелік өлшемдерін құрайды. Бұл тұстағы мықтап есте ұстайтын мәселе – студенттің мәтінде жазылған ақпаратты сөйлегенде қолдана алуы және мәдени құндылығының жоғары болуы.

Мәтінге тән мәдени өлшемдер. Шет тілін оқытқанда үйреніп жатқан тілдің иесінің ұлттық мәдениеті туралы мәтіндер де міндетті түрде кездеседі. Тілдің ұлт мәдениетін танудың таптырмас кілті екенін білеміз. Сондықтан да тіл сабақтарында мәдениетке қатысты мәтіндерді пайдалану мәдениет тақырыбында тілдік қарым-қатынас жасауға, өзге елдің мәдениетін түпнұсқада оқып-түсінуге және басқа елдің мәдениетін сыйлауға үйретеді. Бұл мәселені шешуде мәтіннің мынадай түрлерін қолдануға болады а) тұрмыстық тақырыптағы мәтін; ә) ғылыми-танымдық; б) публицистикалық.

Мәтін түрін таңдауда мынадай мәдени өлшемдерді қолдануға болады:

- 1) Диахронды өлшем. Бұған аңыздар, эссе, энциклопедия, журнал материалдарын, жарнама, мәзір, өлеңдер және т.б.;
- 2) Функционалды-стилистикалық. Ғылыми және тарихи материалдарды дайын күйінде пайдалану.

Мәдени тақырыпты қозғайтын мәтіндер үшін ең басты талап – сол елдің мәдениетіне қатысты ақпаратты максималды қолдану. Мақсат еткен ақпаратты беру кезінде функционалды-стилистикалық тұрғыдан тіл үйренушіге мәтін арқылы алған білімін кейін тілдік қарым-қатынас жасауда қолдана алу мүмкіншілігін арттыруға көңіл бөлген дұрыс.

Әдіскер-ғалым Т. Әбдікәрімова оқу мәтіндеріне қойылатын төмендегідей талаптарды атап көрсетеді. Олар:

*«1. мәтіннің белгілі бір қарым-қатынас шеңберіне қатысын алдын-ала бол жайтын функционалдығы;*

*2. мәтіннің потенциалдық корреляциясын білдіретін нақты қарым-қатынас жағдайының оқу процесінде қалыптасатын жағдаяттылығы;*

*3. бағдарламаның мазмұнды бағыты арқылы мәтінді ашатын тақырыпқа байланыстылығы;*

*4. әртүрлі функционалдық стильдегі жеке мәтіндердің қажеттілігінен тұратын жанрлық-стилистикалық түрлендіру.*

*5. шынайы коммуникациялық жағдайда қызмет ететін түпнұсқа мәтін-*

дердің қолдану қажеттігін білдіретін тілдің қазіргі жағдайын бейнелеу» [5, 64].

Мәтін – өте күрделі тілдік құрылым, әрі тіл сабағының өзегі екені белгілі. Аталған құрылымы мен өзегі екенін айқындайтын басты белгілері – жүйелілік және тұтастық болып табылады. Мәтіннің тұтастығы сол мәтінді ұғынып, мәнін түсінгенде ғана пайда болады. Мәтіннің жүйелілігі күрделі тілдік бірліктерді құрайтын белгілі әдіс-тәсілдердің дұрыс, әрі ұтымды ұйымдасуынан көрінеді. Мәтін ғылыми-әдістемелік тұрғыда сұрыпталған, өңделген болуы тиіс. Сабаққа қолданылатын оқу мәтіндері тыңдаушының психофизиологиялық ерекшелігіне бейімделініп немесе бейімделмей де таңдалуы мүмкін. Ал негізінен оқу мәтіндерін сұрыптағанда мынадай факторлардың кешенді жүйесін ескерген жөн деп санаймыз. Олар:

*«- студенттің тілді меңгеру деңгейі бойынша актив сөздер мен терминдердің ауқымы;*

- оқу мәтінінің лексико-грамматикалық ерекшелігін қамтамасыз ету;*
- контекстік бірлік, эстетикалық көркемділігі мен стильдік шектеулік;*
- тақырыптық принцип;*
- оқу мәтінінің композициялық құрылым бірлігі;*
- оқу мәтінінің мазмұнының түсінікті болуы» [6, 26].*

Шет тілі сабақтарында, соның ішінде өзге тілді аудиторияда жүргізілетін қазақ тілі пәнін өткізуде оқу мәтіндерін қолданудың басты дейтін ерекшеліктерін жоғарыда атап өттік. Оқу мәтіндерін игеруде студенттердің тілдік деңгейі мен алдында алған білімдерінің көлеміне байланысты. Яғни, мәтіннің ең басты оқу мәтіні қандай тақырыпта болса да, алдымен оның мазмұнын түсіну қажет. Жалпы сөздің нақты мағынасын сөйлем контекстінде ғана байқауға болатыны белгілі. Себебі жеке тұрғанда бір мағына беретін сөз, сөйлем ішінде кейде басқа мағына береді. Сөз мағынасының бұлай өзгерістерге түсуі оның сөйлемдегі тұрған орнымен тығыз байланысты екені анық. Сонымен қатар, сөз өзінің бастапқы мағынасында емес, ауыспалы мағынада қолданылуы мүмкін.

Мәтінді таңдау барысында көптеген оқытушылардың мәтіннің тақырыптық мазмұнына көңілді көбірек аударып, өз мойнына пән оқытушысының міндетін алып кететін жағдайлары да кездеседі. Мұндай жағдайда, пән бойынша тақырыпты жан-жақты талдап беретін екінші оқытушының рөліне еніп кетуі мүмкін. Мәселен, әр мәтіндердің түріне байланысты «Қазақстан мерекелері», «Кітап», «Қазақстанның жануарлар әлемі», «Су ресурстары» деген мәтіндерді оқығанда біздің мақсатымыз «Мереке дегеніміз не? Оның даму тарихы қандай?», «Кітап деген не?», «Су ресурстары ұғымы деген не?» деген

сұрақтарға жауап іздеу емес, аталған тақырыптар бойынша коммуникативті жаттығулар көмегімен студенттің өз ойын логикалық жүйелеу арқылы сөйлеу әрекетіне ықпал жасау.

Оқу мәтінімен жұмыс жүргізу барысында оқытушы алдына төмендегідей мақсаттар қойғаны дұрыс:

- студентті берілген мәтіндер бойынша қазақ тілінде сөйлесе алуға үйрету;
- тілдік қатынасқа түсу үшін әртүрлі ситуациялар құру арқылы тілдік қатынастың қажеттілігін арттыру;
- дұрыс сөйлеу, жазу нормаларын үйрету.

Мәтін іріктеу үлкен дайындық пен жауапкершілікті қажет етеді. Өйткені, өзге тілді үйретуде білім алушыны жалықтырмай, талаптандырып, тартып, сол тілде қысылмай қарым-қатынас жасаудағы мүмкіншілігін арттыруға жағдай жасау оқу мәтінінің сапасымен тікелей байланысты. Оқу мәтіндерін іріктеу принциптеріне аздап тоқталдық.

Мәтін таңдау принциптерін білу оқытушының, тіл үйретушінің білім сапасын арттыра түсері сөзсіз.

Грамматикалық мағынаның түрлерін, осы мағыналарды сөйлеу жағдаятына және мамандығына сәйкес жеткізетін тілдік құралдарды оқыту студенттен функционалдық грамматика мәселелерін білуді талап етеді. Мұнда ұсынылатын кәсіби тілдің минимум жүйесінің коммуникативтік және функционалдық мәні, оны ұйымдастырудың дидактикалық ұстанымдары ерекше ескерілуі керек. Мәтінмен жұмыс жүргізуге тапсырмалар беріп отырмыз.

## 1. Мәтінді оқыңыздар

### Жүсіпбек Аймауытов

*Ж. Аймауытов 1889 жылы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданындағы Қызылтау деген жерде дүниеге келген. Ол жазушы, драматург, аудармашы, зерттеуші, публицист. Павлодардағы орыс-қазақ мектебін, одан соң Семейдегі мұғалімдер семинариясын (1918) бітірген. 1917-19 жылдары алашорда ұйымына кіреді. 1911-14 жылдар арасында Баянауылда бала оқытады, кейінгі жылдары әртүрлі қызмет атқарады. 1920 жылы РКП(б) қатарына кіреді. «Қазақстан», «Ақ жол» газеттерінің қызметкері болады. 1926-29 жылдары Шымкенттегі педтехникумның директоры болып қызмет істейді. 1929 жылы тұтқынға алынып, 1931 жылы өлім жазасына кесіледі.*

*Ол психология саласында да өндіре еңбек етіп, артына мол мұра қалдырып кетті. Оның педагогика, психология және әдістеме саласына жазған ірі еңбектері өз уақытында елеулі рөл атқарды.*

Оның екі кітабы: «Психология» (1926ж.), «Жан жүйесі және өнер таңдау» (1926 ж.) Осы ғылым саласынан жазылған тұңғыш төл туындылар. Ж.Аймауытов «Тәрбие жетекші» (1924), «Комплексті оқыту жолдары» (1929), «Жаңа ауыл» (1930) дейтін еңбектерінде психологиялық мәселелерге ерекше мән берген. Ұлттық ғылыми психологиялық терминдерінің белгілі жүйеге түсуі де Ж.Аймауытов есімімен байланысты.

### Сөздік

ұйым	- организация
қызмет	- служба
саласы	- отрасль
мұра	- наследие
туындылар	- произведения
жүйе	- система

**2-тапсырма.** Мәтінді оқып, мазмұны бойынша сұрақтар жазыңыздар. Сұрақтар арқылы мәтіннің мазмұнын айтыңыздар.

**3-тапсырма.** Аяқталмаған сөйлемдердің екінші жартысын дұрыс тауып аяқтаңыздар.

Павлодардағы орыс-қазақ мектебін,...	1931 жылы өлім жазасына кесіледі.
Ұлттық ғылыми психологиялық терминдерінің белгілі жүйеге түсуі де...	Ж.Аймауытов есімімен байланысты.
Ол психология саласында да өндіре еңбек етіп...	Кейінгі жылдары әртүрлі қызмет атқарады.
1911-14 жылдар арасында	Артына мол мұра қалдырып кетті.
Баянауылда бала оқытады...	Семейдегі мұғалімдер семинариясын бітірген.
1929 жылы тұтқынға алынып, ...	

**4-тапсырма.** Сөйлемдерге қажет сөздерді тауып, толықтырыңыздар.

(Ж.Аймауытов, кейінгі, қызметкері, терминдерінің, «Қазақстан», Баянауылда)

1. Ұлттық ғылыми психологиялық белгілі жүйеге түсуі де есімімен байланысты.

2. «Қазақстан», «Ақ жол» газеттерінің қызметкері болады.

3. 1911-14 жылдар арасында бала оқытады, жылдары әртүрлі қызмет атқарады.

**5-тапсырма.** Сөйлемге қажет есімдіктерді тауып жазыңыздар.

1. Жазушы, драматург, аудармашы, зерттеуші, публицист.

1. Сен
2. Ол
3. Біз

2. Психология саласында да өндіре еңбек етіп, артына мол мұра қалдырып кетті.

1. Ол
2. Сол
3. Мына

3. Педагогика, психология және әдістеме саласына жазған ірі еңбектері өз уақытында елеулі рөл атқарды.

1. Оның
2. Сенің
3. Біздің

**6-тапсырма.** Сұрақтардың дұрыс жауабы қайсы, табыңыздар.

1. Ж. Аймауытов қай жерде дүниеге келген?
2. Ж. Аймауытов жазушы, драматург, аудармашы, зерттеуші, публицист.
3. Оның педагогика, психология және әдістеме саласына жазған ірі еңбектері бар ма?
4. Ж. Аймауытов қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданындағы Қызылтау деген жерде дүниеге келген.
5. Ж. Аймауытов кім?
6. Иә, оның педагогика, психология және әдістеме саласына жазған ірі еңбектері бар.
7. Ол қандай оқу орындарын бітірді?
8. Ж. Аймауытов 1917-19 жылдары алашорда ұйымына кіреді.
9. Ж. Аймауытов қай жылдары алашорда ұйымына кіреді?
10. Ол Павлодардағы орыс-қазақ мектебін, одан соң Семейдегі мұғалімдер семинариясын бітірген.

**7-тапсырма.** Синоним сөздерді табыңыздар.

1. мұғалім – кесек
2. мұра – оқытушы, ұстаз
3. ірі – мирас
4. есім – ат

**8-тапсырма.** Сөйлемдерді орналасу тәртібімен реттеңіздер.

*Ол, артына, психология, өндіре еңбек етіп, қалдырып кетті, саласында да, мол мұра*

*Оның, ірі еңбектері, педагогика, жазған, психология және әдістеме саласына, елеулі, өз уақытында, рөл атқарды.*

**9-тапсырма.** Сөздермен, сөз тіркестерімен жұмыс істеңіздер.

*Кейінгі жылдары, артына, мұра, психология, әдістеме, терминдерінің, елеулі рөл атқарды.*

**10. Үйге тапсырма.** Мәтінді әңгімелеңіздер.

Қорытындылай келе, тілдік білім берудің негізгі міндеттері ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны қалыптастыру, дамыту және кәсіби шыңдау болып табылатын әлемдік білім беру кеңістігіне кірігудің стратегиялық нұсқауларына сәйкес құрылуы тиіс.

Қазіргі қоғам үшін бүгінгі түлек кәсіби тұрғыдан табысты және ұтқыр, өз мансабын құра алатын, ішкі және әлемдік нарықтағы қатаң бәсеке жағдайында жұмыс істей алатын және бүкіл қоғамның табысты дамуына белсенді түрде үлес қоса алатын болуы маңызды.

### Әдебиеттер

1. Дридзе Т.М. Текстовая деятельность в структуре социальной коммуникации. Москва: Наука, 1990. – 302 с.
2. Брейгина М.Е., Щепилова А.В. Методика обучения иностранным языкам: традиции и современность. – Обнинск: Титул, 2010. – 430 с.
3. Бим И.Л. Цели и содержание обучения иностранным языкам. Общий подход к их рассмотрению. – Обнинск: Титул, 2010. – 154 с.
4. Серова Т.С. Обучение гибкому иноязычному профессионально ориентированному чтению в условиях деловой межкультурной коммуникации. – Пермь: Издательство Пермского гос. техн. Ута, 1994. – 205 с.
5. Әбдікәрімова Т. Оқулық мәтіндемесін мағыналық ұйымдастыру және мәтін іріктеу принциптері // Қазақстан жоғары мектебі. – 2007. – №1. – Б.35-39.
6. Ақтанова Л. Мәтіндермен жұмыс жүргізудің әдістемесі // Павлодар Мемлекеттік университетінің хабаршысы. – 2010. – №2. – Б.51-56.



## АЛТЫН БАҚРАДЕНОВА

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің профессоры,  
педагогика ғылымдарының кандидаты*

### МӘТІН АРҚЫЛЫ БАЛА ТІЛІН ДАМЫТУ

Мәтін түрлері көп. Бастауыш оқытуға арналған оқулықтарда оқушылардың талдауына ұсынылатын ертегі, аңыз әңгіме, мысалдар, өлеңдер, ғылыми-танымдық мәтіндер берілген. Өліппе мен ана тілін оқыту сабақтарынан бастап төменгі сынып оқушылары мәтіннің түрлері (өлең, әңгіме, мысал, ертегі, танымдық әңгіме т.б.) туралы, олардағы фразаларды, мақал-мәтел, нақылдарды тауып, мағынасын түсінуді, сөйлем мен мәтіндегі сөйлемнің байланыстарын ажырату, мәтіндік қызметті (әңгімелеу, суреттеу, пайымдау, суреттей әңгімелеу), құрылымдық бөліктерін орналастыруды меңгере бастайды.

Төменгі сыныптарда тілдік пәндерді оқытуда қол жеткізілетін түпкі мақсат – оқушыларды байланыстырып сөйлеуге үйрету. Қазақ тілінен, әдебиеттік оқудан бұл мақсат алдымен сөздік жұмысын жүргізуден басталады. Оқу сабақтарында сөздік жұмысына әдейі кезең бөлінбейді. Алайда сөздік жұмысы барлық сабақтардың өн бойынан орын алады. Мәтінді дұрыс қабылдану үшін сөздік жұмысын жүргізбейінше мақсатқа жету мүмкін емес. Мысалы, бірқатар оқушылар оқу құралдарында (Ол не? Бұл не?» кітабынан берілген ғылыми мәтіндерден көптеген сөздердің мағыналарын түсінбейді. Мысалы, Планетарий, поляр шұғыласы, комета т.с.с. сөздерді түсіндірмесе, ішінде осы сөздер кездесетін мақалаларды балалар дұрыс қабылдай алмайды. Оқу барысында түсініксіз сөздер ғана емес, сондай-ақ сөз тіркестері де кездеседі (Мысалы, Кеудесіне нан пісу, ағат ой, ат болар құлын талпынып тұрар, маңдайтермен табу,..т.б.) [1]. Сондықтан оқылатын шығармаларда кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру жұмысы мәтінді дұрыс қабылдау шартының бірі болып табылады.

Мәтінде кездесетін түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндіру үш кезеңде жүргізіледі:

- 1) мәтінді оқуға дайындық кезінде;
- 2) шығарманы оқу барысында;
- 3) оқып болғаннан кейін.

Мәтінді оқуға дайындық кезінде шығарманың мазмұнын ұғынуға қиындық келтіретін сөздер түсіндіріледі. Бұл жөнінде жоғарыда айтылды. Мұнда

тағы бір ескеретін жай: шығарманы оқымас бұрын онда кездесетін, мағынасы ауырлық келтіреді-ау деп ойға алған сөздердің барлығын тізіп алып, шетінен түсіндіре беру керек деген ой тумасқа тиіс. Кейбір сөздердің мағынасы контекстке қарай өзінен-өзі түсінікті болатынын ескеру қажет және оқымас бұрын көп сөздер мен ұғымдарды түсіндіре бергенімен, ұмытылып қалады да, оған қайта оралу керек болады.

Шығарманы оқу барысында екі-үш сөзбен қысқаша ғана түсіндірілетін сөздер немесе синоним арқылы түсіндірілетін сөздер іріктеліп алынады. Мысалы, 4-сыныпта «Дик Сенд» әңгімесін оқығанда, Нью-Йорк штаты – Америка орталығы, теңізші – кәсіп атауы, капитан – кеме қожасы, юнго, навигация, матрос, боцман теңіз кемесі қызметкерлері т.б.с.с. Алайда оқу барысында сөз мағынасын түсіндіруді өте байқампаздықпен жүргізу талабы қойылады. Өйткені оқып келе жатқан материалды үзіп тастап, сөзді түсіндіруге кірісу оқушының зейінін алаңдатып, мәтінге деген ынтасы мен қызығуын тежейді де, балалардың бірқатары онан әрі оқылған материалды тыңдамайды. Сондықтан сөз мағынасын оқу барысында түсіндіруге әуес болмаған жөн. Ал өлең оқу барысында қиын сөздер мүлде түсіндірілмеуі керек. Өйткені өлеңнің ырғағы, дауыс мәнері бұзылып, тыңдаушыға әсері азаяды.

Сөздерді шығарманың мазмұнын балалар әлде де тереңірек ұғындыру үшін немесе оқушылардың сөздік қорын молайту мақсатында түсіндіре талдау қажет болады. Мұндай сөздер шығарма оқылғаннан кейін, яғни шығарманың мазмұнын талдау барысында (мысалы, С.Торайғыровтың «Шәкірт ойы» өлеңін оқып шыққаннан кейін, мәтіндегі бейнелі тіркестердің (қараңғылықтың кегі, мұздаған ел, еңбек, бейнет тарауы, надандық теңіз) маңызын ашқанда ғана өлең идеясын бала қабылдайтын болады.

Сөздер мен бейнелі ұғымдарды, мысалы, шәкірт, надандық сияқты сөздерді қалай түсінетіндерін «Шәкірт» деген кім?, «Надандық» деген не?» деген сұрақтар қойып, олардың қандай ұғымдар екенін өздерінен сұрап өте шығуға болмайды. Мұғалім мұндай мәтінде кездесетін қиын сөздерді өзі әңгіме айтқанда, әңгімесінің ішіне, ал балалардың әңгімесін тыңдағанда, оларға қоятын сұрақтарының ішіне кірістіре қолданып отыруы тиіс.

Сөздік жұмысы мәтінде кездесетін түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндірумен ғана бітпейді, сонымен қатар ол жаңа ұғымдар жасау, заттың жаңа қасиеттерін табу, жаңа көріністерді байқау сияқты жұмыстармен тығыз байланысты. Мұндай жұмыстар оқушылардың ойын, тілін дамытады, эстетикалық талғамын арттырады. Осы мақсатпен мұғалім түсініксіз сөздермен жұмыс жасаумен және оны оқушылардың түсінген-түсінбегендерін тексерумен ғана тынбайды, сонымен бірге оқушылардың сөздік қорына енгізілетін сөздерді алдын

ала белгілеп алып, балалар сөйлегенде сол сөздерді кірістіріп сөйлейтіндей жағдай жасайды.

Оқушылардың ойын, тілін дамытуда синоним сөздерді пайдалануға үйрету жұмыстарының рөлі ерекше. Ол үшін мәтінді оқуға дайындалу жұмыстары кезінде ғалым М. Жұбанова 1-сыныптан бастап мынандай жұмыстар жүргізуді талап еткен [2].

*«1. Мәтінде синоним сөздер бар ма, болса, олардың мағыналарын қалай ұғындыру керек, балалар жауаптарында ол сөздерді қолдану үшін, қандай сұраулар қою қажет? Мұғалімдер осыларды анықтауы тиіс.*

*2. Егер мәтінде синоним сөздер болмаса, ал мұғалім балаларға синоним сөздерді білдіргісі келсе, оны қалай ұйымдастырған жөн: оқу барысында сөздің синонимін айтып түсіндіре ме, қорытынды әңгімеде кірістіре ме, сурет арқылы ма, әңгімелесу барысында ма осыларды қарастырады», - деп көрсеткен [2].*

Сөйтіп, мұғалім мәтінді оқуға дайындалу кезінде, біріншіден, мәтінді дұрыс қабылдауға қажетті сөздерді, екіншіден, оқу барысында оқушыларға мағынасы ұғындырылатын сөздерді, үшіншіден, оқушылардың актив сөздігіне енгізілуге тиісті сөздерді іріктеп алады.

Міне, осылайша, оқу сабақтарының барлығының органикалық элементі ретінде жүргізілетін лексикалық жұмыс оқушылардың ойы мен тілін дамытудың ең маңызды шарты болып есептеледі.

Сөздік жұмысын жүргізгенде мұғалімнің есінде болатын жағдай – сөздік жұмысын балалардың өз өмірімен, нақты елестерімен байланыстыру. Ол үшін оқу барысында жаңа сөз кездескенде оқушыларда осы сөзбен байланысты қандай елестер барын ашуға тырысу керек. Егер ондай елестер жоқ және жеткіліксіз болса, мұғалім затты немесе оның суретін көрсетеді, оған анық сипаттама береді. Психологтардың айтуынша, сөздік жұмысының әдістемесіндегі басты талап – сөз бен балалар санасындағы бейнені түрлі жолдармен үнемі ұштастырып отыру. Өйткені сөз бала санасында нақты елестің жеткілікті қорынсыз пайда болмайды.

*«Сөздердің мағынасын ашып түсіндіру тәсілдері алуан түрлі. Оның ішіндегі бастылары:*

*1. Затты табиғи жағдайда бақылау немесе оны сыныпта көрсету, экскурсия ұйымдастыру.*

*2. Заттың өзін немесе суретін, түрлі картинкалар көрсету арқылы сөздердің мағынасын ашып түсіндіру.*

*3. Синоним сөздер қолдану: «Қандай сөздермен ауыстыруға болар еді? Басқаша қалай айтар едік?» сияқты сұраулар қою арқылы синоним табуға оқушылардың өздерін қатыстырып отыру.*

4. Сөзді кейде морфологиялық құрамына қарай талдау арқылы түсіндірген де пайдалы. Мысалы, *тетелестері сөзінің түбірі қайсы? т.б.*

5. Сөздерге анықтама беру арқылы жиі түсіндіріледі: *аэродром – самолет ұшып, қонатын алаң т. б.*

6. Абстракциялық ұғымдарды түсіндіру үшін тұрмыстан мысалдар келтіру, фактілер келтіріп, әңгіме айту. Мысалы, *батырлық, қамқорлық, қайғы, адамгершілік.*

7. Сөз мағынасын түсіндіруде техникалық құралдар қолдану. *Бірақ мұнда диафильмдерді бастан-аяқ көрсетудің қажеті жоқ, үзінді ғана алу керек», -* дейді Қ.Молдабеков өз зерттеуінде [3].

Оқушыларға жаңа сөздер үйрету, үйренген сөздерінің мағынасын меңгерту, сөз тіркестерімен таныстыру және оның барлығын баланың белсенді қолданып отырған сөздеріне айналдыру – маңызды да күрделі, жауапты жұмыс. Әсіресе, мәтін ішіндегі синонимдерді, антонимдерді, көп мағыналы сөздер мен қанатты сөздерді тапқызып, олардағы сөз байланысуы арқылы туындаған жаңа мағынаға көңіл аударту, оқушыға сөздің жеке тұрғандағы мағынасының қалай өзгеріп кеткендігін түсіндіру әрдайым қолданылып отыруы керек.

Адамның ауызша сөйлеу барысында алуан түрлі сөз тіркесі пайдаланылады. Сөз тіркесі сөйлеуші адамның ойының зеректігін, сөзінің даму үрдісін көрсетеді.

*«Оқушыларға сөз тіркесін меңгерту үшін оқулықтарда төмендегі жүйеде мынандай жұмыстар түрлі жолдармен жүргізіледі:*

1. *Берілген сөздерден сөз тіркестерін құрастыру.*

2. *Мәтіннен сөз тіркестерін шығарту;*

3. *Мақал-мәтелді қазақ тілінен орыс тіліне аударып, оның тек қазақ тілінде ғана тән айшықты құрылым екенін байқату.*

Оқушыларды байланыстырып сөйлеуге үйрету үшін оқушылармен сөйлем құрау, ойды алуан түрлі сөйлемдер арқылы білдіруді маңызды жұмыс екенін мұғалімдер есте сақтауы керек. Атап айтқанда, оларды былайша жіктеуге болады:

1. *Берілген сөздерден сөйлем құрастыру.*

2. *Сөз тіркестерін қолданып сөйлем құрастыру.*

3. *Қате қолданылған сөздерді реттеп, сөйлемді дұрыс құрастыру.*

4. *Орыс тіліндегі сөйлемдерді қазақ тіліне аудару». Бұлар психолингвистикалық негізде тіл дамыту мәселесін зерттеген ғалымның ұсыныстары [4, 6].*

Байланыстырып сөйлеуге үйретудің: сұраққа жауап беру, түрлі мәтін бойынша жаттығулар, сурет бойынша әңгімелер, шығармалар құрастыру, мәтіннің бас жағын ойлап табу, мәтінді аяқтау, мәтінді қайта құрастыру т.б. жұмыс түрлері жүргізілуі қажет. Мысалы:

1. Ақпаратты табу мен мақсатты түрде түсіндіре алу тапсырмалары («Мәтінді жалпы түсіну» және «Ақпаратты табу») тапсырмалары:

- нақты материалды табу;
- негізінде кім? (не?) қашан? қайда? Не істеді? сұрақтарын қолдану;
- тақырыпты анықтау;
- мәтінде айқын ашылмаған ақпаратты табу.

2. Мәтін мазмұнын қорытындылау мен түсіндіру тапсырмасы:

- берілген ақпаратты мәтіннен табу;
- мәтіннен нақты бір ойды суреттейтін деректерді табу;
- мәтін бөлімдер ішінде немесе екі (бірнеше) мәтін арасындағы мазмұндық байланысты орнату;
- шығарманың бір сюжетіне сурет салу, баяндау; мәтіннің негізгі ойы (идеясын) анықтау;
- нақты детальді мәтіннің жалпы идеясымен сәйкестендіру;
- мәтін авторының ойын анықтау; мәтіннің атауын түсіндіру;
- мәтіндегі ақпаратты талдау негізінде қорытынды жасау» [4].

2-сыныптан бастап мәтіннің функционалдық қызметіне қарай бөлінетін хабарландыру, мінездеме, өмірбаян бөлігі; іс-қағаздар стилінің үлгілері: өтініш, түсініктеме, баянхат, құттықтау хат; публицистиялық стиль жанрлары хабарлама, мақала, очерк, фельетон, сұхбат; мәтіннің түрлеріне қарай әңгімелеу, сипаттау, пайымдау және ойталқы, композициялық құрылымына қарай оқиғаға дейінгі эпилог, оқиғаның басталуы, дамуы, шарықтау шегі, қорытынды бөлігі және пролог, яғни оқиғадан кейінгі жағдаят делініп бөлінетіні жайлы теориялық анықтамалар оқушылардың қабылдауына шақтап қарапайым ережелер қамтылған сызбалармен берілген.

Төмендегі кестеден оқушылардың есіне 2-сыныптан бері қайталанып тұрған мәтін құрылымына жаттықтырылып келгендей, ұйғыр халқының «Тұт ағашы» ертегісінің мазмұнын оқушылардың естеріне салу мақсатын көруге болады.

Тапсырмасы: Мұғалімнің көмегімен кестедегі жоспардың ретін анықтау.

Мәтіннің әңгімелеу, сипаттау, пайымдау сияқты бөлімдері бір мәтінде келу, келмеу себептері болады. Ол алдымен мәтіннің стиліне байланысты. Ал көркем шығармада араласып келуін оқушылар бір тақырыпқа жазылған, мазмұны айқын көркем туындылардан байқай алады. Шығарма, ол – мәтін. Мәтіннің тұтас құрылымын оқушыларға жоспар арқылы бұзып тапсырып, сосын өздеріне реттетеді. Мұны келесі сызбадан көруге болады (1-кесте)

Кесте-1. Шығарманың құрылымын реттеу жұмысы

Жоспар	Шығарманың құрылымы
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Шаруаның ойы</li> <li>• Тұт ағашының көлеңкесіндегі кездесу</li> <li>• Көлеңке үшін дауласу</li> <li>• Сараң байдың көшуі</li> <li>• Қонақтардың келуі</li> <li>• Көлеңке саудасы</li> </ul>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сюжеттің басталуы</li> <li>2. Дамуы</li> <li>3. Шарықтау шегі</li> <li>4. Шиеленісуі</li> <li>5. Шешімі</li> </ol>

Сол сияқты оқулықта доптың суреті беріліп, сұрақ түрінде әңгіме құрылысын ұсыну арқылы сипаттама әңгіме қалай құрастырылуы керектігі ұсынылған. Қазақ тілінен сұраулы сөйлем туралы мәлімет берілуде өлең мәтінінің берілуі әдеби шығармаға деген оқушы ынтасын тудырумен бірге сұрақтармен келетін сөйлемдерді таныстырады.

«Тіреусіз бұлттар неге құламайды?», «Аппақ қара қара бұлттан неге себелейді?», «Мұз неге ерігенде су болады?», «Су неге қайнағанда бу болады?» деген М.Жаманбалиновтың «Білгісі келеді?» өлеңіндегі осы сұрақтарға жауапты сөздікті қолдана отырып табуы ұсынылған.

Оқушының өздігінен ізденуіне «Дұрыс құрастырылмаған мәтінді қайта құрастырып жазу», «Кейіпкерлердің тіршілік ететін ортасын сипаттату», «Сурет бойынша әңгіме құру», «Мәтін бөліктерін бөлгізу, қорытынды бөлігін жалғастыру», «Мәтіндегі сөздердің мағынасын анықтау» тапсырмалары, «Сөйлемдер бір-бірімен байланыста болады. Олардың байланысын сұрақ қойып білеміз» деген кестедегі ереже оқушыларға мәтіннің құрылымдық ерекшеліктерін, сөйлемдер, қайырымдар (абзацтар) арасындағы байланыстарды білгізуге өте қолайлы.

3-ші сыныпта сөйлеу әрекеті туралы түсінік, оның тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым сияқты түрлері ұсынылған. Мәтінге тән белгілер төмендегі ереже бойынша еске түсіріледі: «Мәтіндегі сөйлемдер мағыналық жақтан бір-бірімен байланыста болады. Әрбірінде белгілі бір ой болады. Мәтінге ат қоюға болады», - бұл мәтінге берілген түсініктеме анықтама [5].

Кесте-2. Тілдік құрылым ішіндегі автор не кейіпкер атынан берілетін мәтіндердің сипаттамасы

Түрлері	
Әңгімелеу	Бір нәрсе жайында хабарлайды. Не істейді? Қайтеді? Қайда болыпты? сұрақтарына жауап береді.

Сипаттау	Адам, табиғат. Жануарлар сипатталады. Қандай? Қай? сұрақтарына жауап береді.
Пайымдау	Оқиға, құбылыстың себептері түсіндіріледі, дәлелденеді. Неліктен? Неге?сұрақтарына жауап береді.


«Сипаттау мәтіні» суретті модель сызбасында оқушы алдымен нысанның белгісін, содан кейін түрін, түсін, соңында өзінің қалауынша бір ерекшелігін сипаттау талап етіледі. Мәтіндерді салыстыра отырып (ғылыми мәтін мен әңгімелеу), әрқайсының белгілерін, құрылымын таныстырудың жүзеге асырылуы оқушылардың әр мәтіннің құрылымын анық қабылдауына жағдаят жасайды. Мысалы, төмендегі суретті модель үлгісі бойынша жануардың суреті беріліп, сыртқы түсін, ерекше белгілерін сипаттауға бағыттайтын таңба белгілер қойылған. Соңғы бөлікте оқушының сол суреттегі бейне жайында ой-пайымы, яғни өзіндік қорытынды ойы тыңдалады. Мұндай суретті сипаттау моделі оқушынының өз ойын айтуға, байланыстырып сөйлеуге жеткізеді. Тапсырмасы нұсқалған сурет сұлбалары бірнеше жануарға құрылса, оқушылардың сипаттама әңгімелерді жарыса отырып құрастыруына оңтайлы әдіс болып шығады. (Қараңыз: Сурет-1.)



Сурет-1. Үлгі бойынша керік туралы сипаттама мәтін құра.


Төменгі сыныптан оқушыларға функционалдық стиль түрлерінің бірнеше түрлері беріледі. Хат жазу, пікір беру, мінездеме құру тапсырмалары да оқушының өзіндік стилін, ой жүйесінің даму бағытын көрсетеді. Дегенмен, мұғалімнің ресми іс-қағаздарының түрлерін арнайы құрылған дайын модель-суреттер арқылы беруі оқушыларды нормаға сай жаза білуге тез жеткізеді. Мысалы, төменгі сурет-модельді қарастырып көрелік. Тапсырма бойынша мәтін құрушы өзіне жақын адамының атын қояды, оқиғаны ойластырады, өз әрекетін шығармашылықпен жаза алады.

Ескеретін жайт: сөздер суреттерімен берілуі ескерілуі тиіс. (Сурет-2):



Сурет-2. Үлгі бойынша құттықтау мәтінін құрату моделі

Оқушылардың бір нысан төңірегінде пікір және ой қорытындыларын айта білуі де ойды жеткізудің күрделі формасы болып табылады. Пікір дегеніміз – шындықты бір құбылыс не зат туралы мақұлдау немесе бекерге шығарудан көрінетін ойлау формасы. Балаларды балабақшадан бастап өз ойларын, бір жайт туралы білімін белгілі бір жүйеде мазмұндауға дағдыландырудың маңызы зор. Бұл үшін де суретті модельдер балаларға көмекке келеді. Тапсырма тақырыбына қарай суреттер таңдалып, оқушылардың нысан туралы пікірлерін бірі-бірімен байланыстыруға, ондағы себептік-салдарлық тәуелділікті сақтай білуге жаттықтыратын ыңғайлы суреттер мен таңба-белгілерді мұғалімнің өзі іздене отырып, беруіне болады. Ғылыми стиль мәтінінің жалпылама үлгісі (Сурет-3) төмендегідей:



Сурет-3. Суретті таңбалармен берілетін ғылыми мәтін құрату үлгісі

4-сыныпта қосымшалар туралы түсініктер 1-2 тоқсандарда берілетіндіктен, тұтас мәтін құрылысы 3-4 тоқсан материалдарынан байқалады. «Құмырса мен шегіртке» мысалының әңгіме үлгісі әңгімелеу түрінде оқушылардың есіне өзара байланыспен құрылған сөйлемдер құруға жетелейді. Тұтас мәтін мазмұны су-



реттерге сүйене отырып еске түсіріледі, ал «Қойшы мен Қарлығаш» ертегісі қайырымдардың орындары ауыстырылып, қайта құрастырылғанда, оқушылар мәтіннің басталуы, оқиғаның жалғасып, өрбу және қорытынды бөліктері туралы білімдерін бекітеді [6, 26-72].

«Мәдени мұра» айдарымен берілген істің жасалу ретін баяндайтын оқулықтардағы кластер әдісі – оқушыға сөйлем ретін сақтауды үйретеді [2, 10]. «Сәйкестендір» тапсырмасында алтыннан жүзік жасайтын зергердің жұмыс реті, сол сияқты бүгін не істегенін, кешегі күн қалай өткенін жазу кластер әдісімен берілген [6, 11].

Сөз – мәтіннің құрылыс материалы. Сөздердің бір-бірімен тіркесуін, өзгеру нормаларын грамматика жасайды. Бастауыш сыныпта оқушылар мәтіннің сөйлемдерден екі не одан да көп сөйлемдерден құралатыны, мәтін құраған сөйлемдер ортақ тақырыппен бірігетіні туралы ережемен танысады.

*«Тақырып – мәтінде баяндалатын оқиға мен ойдың түйіні», «Мәтіндегі негізгі ой – автор айтқысы келген басты пікір»* делініп зерттеулерде тап көрсетілуі, оқушылар мәтіннің құрылымдық бөліктерімен таныстырылуы – барлығы мәтіннің баланы сөйлеу әрекетіне машықтандыру мақсатынан туындаған. Белгілі бір ойдың сөйлемдер тізбегімен жеткізілетінін ереже арқылы, мәтін бөліктерін, сөйлем байланыстарын сызбадан тапқызу арқылы мәтіннің құрылымдық бөліктеріне оқушылар 2-сыныптың қазақ тілі сабақтарында морфологиялық, синтаксистік тұлғаларды оқытусыз-ақ үйрене бастайды.

«Ана тілі» – пәні 1-сынып оқушысына тілдік бірліктерді, олардың дыбыстық құрылымдары мен мағыналық белгілерін үйрете келе, ең үлкен бірлігі мәтін туралы теориялық ақпарат береді [7]. Ол бірліктер: дыбыс, буын, сөз, тіркес, сөйлем және мәтін. Ана тілінің 55-бетінде *«Мәтін және сөйлем»* тақырыбында *«Мәтін – өзара байланысқан сөйлемдер»* деген анықтама беріледі. Оны үш түрге: *Мәтіннің басы (кіріспе бөлім), Мәтіннің ортасы (Негізгі бөлім), Мәтіннің соңы (Қорытынды бөлім)*. Шындығында, бұл бөлініс мәтіннің құрылымын жеткізіп тұр. Мәтінмен жұмыс негізінен мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде белсенді түрде оқушының мәтін идеясын тани білу қабілеті тұрақты сипатқа ие.

Бұл орайда төмендегі «Оқығанның көзі ашық» деген мәтіннің тапсырмасын оқушылардың 1-сыныптан-ақ бастайтынын ескерсек болады:

- *Ешкімнен көрген жоқпын. Кітаптан оқыдым. «Оқығанның көзі ашық» деген – осы. Жанна «Оқығанның көзі ашық» деген мақалды оқыды.*

- *Бұл не деген сөз? деп сұрады.*

- *Оқыған адам көп біледі. Көзінің ашық болатыны содан, - дедім мен. Бірде Жанна қолына сия жұқтырып алды. Мен оған:*

- Қолыңды сула,- дедім. Сіріңке күкіртімен сияны ысқылады. Содан кейін қолы тап-таза болды.

- Мұны кімнен көрдің, әке?- деп сұрады Жанна.

Мәтін қарапайым әрі жеңіл. Берілген тапсырма: «Оқы. Мәтін бөліктерін орнына қой». Бұл тапсырманы орындау арқылы оқушылар мәтін құрылымын: әрбір оқиғаның басын, негізгі бөлімін, шешімін тез табады. Жаннаның қолына сия жұқтырып алуы, әкесінің күкіртпен ысқылауы. Мұны қайдан көрдің дегенде, көрмегенін айтып кітаптан оқығанын айтқанын мәтіннің бірінші бөлімі, ал Жаннаның мақалды оқуы, әкесінің мәнісін түсіндіруі мәтіннің екінші бөлімі екенін оқушылардың өздеріне айтқызу оларға мәтіннің құрылысы болатынын жеткізеді.

Оқылған шығармаға жоспар құруды (2-3 сөйлем), пейзаж немесе кейіпкер портретін суреттеу, өзін шығармашылықта сынау (үнтаспа, ертегі, әңгіме құрастыру) жұмыстары да оқушыны тіл байлығына мәтін арқылы үйретуде ерекше әдіс-тәсілдер болып табылады. Дәлелімен келтірер болсақ, зерттеуден мына мәтінді үлгі етіп алуға болады:

*«Мәтін сабақтан бұрын тақтада жазулы тұрады. Бір бала мәтінді оқып шығады. Мәтін: Біздің мектепте көп қоян бар. Олар қыстыгүні жәшікте тұрады. Қояндарға жәшіктің ішіне шөп салынған. Жәшіктегі қояндар бір-бірімен ойнайды. Бұл қояндарды оқушылар күтеді. Оқушылар оларды мезгілімен далаға шығарады. Жәшіктерді ашып, ішін тазалайды. Балалар жәшіктердің шөбін жаңартады. Кейбіреулері шелекпен су әкеледі. Қояндарға су береді. Сонан соң олар қояндарды жәшікке қайта қамап, бөлмеге әкеліп қояды. Мәтіннің бір бөлігі бір балаға, екінші бөлігі екінші балаға оқытылады. Балаларға сұрақ қойылады: Осы мәтінде қояндар туралы қай сөйлемдерде айтылып отыр? Оқушылар туралы қай сөйлемде айтылған?»*

*Қояндар туралы әңгіме болып тұрған сөйлемдер оқылады, ол бөлікке ат қойылады. Екінші бөлігі де оқылып, ат қойылады. Осы қойылған аттардың мәтіннің жоспары болып аталатыны түсіндіріліп, балалардың дәптерлеріне жаздырылады. Үйге осы жоспар бойынша мазмұндама жазып келу тапсырылады» [7].*

Осылайша, ана тілінің құрылымы алдымен жеке сөздермен, сөз тіркестерімен, кейін сөйлемдермен, сондай-ақ тұтас мәтіндік материалмен жұмыс жасау көру арқылы есте сақтауды жаттықтыруға мүмкіндік береді, орфографиялық қырағылықты, яғни әрбір бірліктің мағыналық жағы мен сауатты жазылуын бақылай алуын дамытады. Қазақ тілін оқытуда мәтінмен жұмыс жүргізудің барлық бағыты бүгінгі таңдағы әлемнің озық елдері ұстанып отырған білім жүйесінің жаңа моделі нәтижеге бағдарлай отырып білім берудің негізгі шарттарымен үндеседі.

Қазақ тілін оқытуда мәтінмен жұмыс жүргізудің барлық бағыты бүгінгі таңдағы әлемнің озық елдері ұстанып отырған білім жүйесінің жаңа моделі нәтижеге бағдарлай отырып білім берудің негізгі шарттарымен үндеседі. Мысалы: 4-ші сыныптың аяғына қарай оқушылар кез келген мәтіннің құрылымын сезе біліп, ондағы негізгі ойдың орны кіріспеде ме, жоқ кейіпкер сөзінде ме, мүмкін автордың ойталқысында ма? – осыларды анықтай алуы тиіс.

Жинақтап айтқанда, мәтіннің әр бөлігі бір суретті не оқиғаны баяндаса, әр бөлікте сөйлемдер өзара мағыналық, уақыт және мезгілдік, оған қатысты сөйлем формалары байланысында болатыны төменгі сынып оқушыларына әдеби мәтіндерді пайдалану арқылы жақсы түсіндірілген.

Тіл-әдебиет сабақтарында мәтіндермен жүргізілетін жұмыстар – бастауыш сынып оқушыларының ойларын ана тілінде таза дикциямен, сөздер мен тіркестерден тұратын мағыналары дәл, тура және ауыспалы түрде нормаға сай жеткізілетін байланыстырып сөйлеу тілін қалыптастыратын маңызды үдеріс.

### Әдебиеттер

1. Жұбанова М. «Сауат ашу методикасы мәселелері» // «Бастауыш кластарда қазақ тілін оқыту методикасы». Алматы, 1987
2. Молдабеков Қ. Оқушылардың орфографиялық икемділігін, дағдысын, сауаттылығын қалыптастыру жолдары // Қазақстанның ғылымы мен өмірі Халықаралық ғылыми -көпшілік журнал № 1 (73) 2019. – Б.147-149
3. Жұмабаева Ә.Е. Бастауыш мектептегі сауат ашу кезеңінде жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының әдістемесі. Педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған автореферат. – Алматы. 1998– 26 б.
4. Шалабай Б. Мәтінді зерттеудің ғылыми негіздері. «Қазақ тілі мен әдебиеті», 2007, №10.
5. Әдебиеттік оқу. Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық. – Б.Т. Қабатай, Ү.К. Зейнетоллина, В.А Қалиева. Алматы: Атамұра, 2018. – 147 б.
6. Әдебиеттік оқу. Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық. – З. Мүфтибекова, Ә.Рысқұлбекова. – Алматы: Алматыкітап, 2019. –134 б.
7. Ана тілі. Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық. /Г.И.Уайсова, Г.Т. Сәдуақас, А.С. Бәсірова./ – Алматы: Атамұра, 2021. –142б.

## ГАУХАР РАХИМБАЕВА

«Астана» халықаралық университетінің доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты

### «ҚАЗАҚ ТІЛІ» САБАҚТАРЫНДА ЖАҒДАЯТТАР МЕН РӨЛДІК ОЙЫНДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Н.Ә.Назарбаев: *«Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы – Ана тіліміз»* [1] деп, қазақ тілінің мәртебесін жоғары бағалаған еді. Расымен де ғасырдан-ғасырға жалғасып, өз құндылығын жоймай, ұдайы дамып келе жатқан қазақ тілі – көркем де бай тіл.

Қазақ тілі бай тіл болумен қатар, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Ал мемлекеттік тілді елімізде өмір сүріп жатқан басқа да ұлт өкілдеріне үйретудің маңызы зор. Бұндай аса жауапты істі мүлтіксіз жүзеге асыру – мектеп пен жоғары оқу орындарына тікелей байланысты. Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту барысында олардың ауызша, жазбаша дұрыс, сауатты сөйлеп, өзіндік пікірін білдіріп, тілді еркін меңгерту – басты міндет. Өйткені олар қазақ тілін үйреніп қана қоймай, ұлтымыздың салт-дәстүрі, әдебиеті мен мәдениеті, тарихы, жалпы болмыс-бітімімен танысады.

Ал өзге ұлт өкілдеріне тілді үйрету – қазіргі таңдағы басты мәселелердің бірі. Оның үстіне *«Қазақтардың тілі жатық та шешен, әрі өткір, көбіне іліп-қағып сұрақпен жауап беруге келгенде таң қалдырарлықтай оралымды сөйлейді. Кез келгені, тіптен сауатсыздарының өзі, ана тілінде біздің Еуропада байқап жүргенімізден тек француздар мен орыстардың дәрежесінде сөйлей біледі»* деп шығыстанушы В.В.Радлов айтқандай [2], бай да, көркем, оралымды тілді өзге ұлт өкілдеріне үйрету екі есе қиын болмақ. Дегенмен, қазақ тілін үйретудің әдістемесі қалыптасты, тәжірибе орнықты, енді заман талабына сай қызықты да, креативті түрде үйрету – әр оқытушының өзіндік мақсаты.

Қазақ тілін үйренушілердің саны жылдан-жылдан артып келеді. Қазақстан даму үстінде. Қазіргі заманда оқыту тәртібі өзгерді. Бүгінгі таңда білім беру саласы жаңа технологияларды, жаңаша идеяларды қолдануды талап етеді. Ұстаздар өздерінің іс-тәжірибесінде оқушыларға сапалы білім беруде өз білімін жетілдіріп, қиындықтар мен кедергілерді жеңуге ұмтылуда.

Бүгінгі таңда мұғалімнің де рөлі басқаша. Бұрын *«мұғалім – кітап – оқушы»*

студент» болса, қазір «студент/оқушы – кітап – мұғалім» деген сипат алды. Оқытушы бағыт бағдар бере отырып, дұрыс жолға бағыттайды. Студенттер дайын материалға бірден қол жеткізе салмай, не нәрсеге де өзіндік ізденістер арқылы белгілі бір қорытындыға келіп, тұжырым жасайды. Оқытушы қолайлы жағдай тудыра отырып, әр студенттің қарым-қабілетін аша білу қажет. Мәселен, сабақ барысында рөлдік ойындарды пайдаланудың маңызы зор. Тіл үйренушілер жағдаяттар негізінде белгілі бір жағдайды өз басынан өткергенде ғана ол тақырыпты терең түсінетін болады. Және сол жағдаятқа сай лексикалық минимумдарды қолдану арқылы сөздік қорын көбейтеді.

Рөлдік ойындарды пайдалану білім беру үдерісін жетілдіруге және тәрбиелеуді оңтайландыруға мүмкіндік береді. Рөлдік ойындар ойыншыларды бір-бірімен және оқытушымен байланысқа ұмтылдырады және белсендіреді. Ойын қарым-қатынас үшін ыңғайлы ортаны жасайды. Рөлдік ойындарда студенттер әңгімелесуді бастауға, оны қолдауға, сұхбаттасушыны үзуге, келісу не келіспеу арқылы өз пікірін білдіре алады. Ойынның әрбір қатысушысы әңгімелесушіні мақсатты түрде тыңдай білу, оның көңіл-күйін сезіну және диалогқа дайын болу мүмкіндігі туралы біледі.

«Қазақ тілі» сабағында студенттердің тақырыпты кеңінен түсініп, лексикалық минимумды меңгеруі үшін жағдаяттарға негізделген тапсырмаларды орындатудың орны ерекше. Сондықтан тақырып бойынша ауызша және визуалды немесе жазбаша және визуалды мәтін түрінде құрастырылған жағдаяттарды тапсырмаларды студенттерге орындатуға болады. Тапсырманы орындау барысында олар тақырыпқа қатысты лексикалық минимумдарды қолдануы керек. Бұндай тапсырмалар студенттердің тақырыпты түсініп, лексикалық минимумды игеріп қана қоймай, шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашып, сабаққа деген қызығушылықты, ынтаны арттырады. Мысалы «Қоршаған орта» тақырыбы бойынша төмендегідей тапсырмалар ұсынуға болады.

**№ 1 жағдаят.** *Құндыз – терісі бағалы аң. Оның терісі суық пен су өткізбейді. Сондықтан адамдар қыстың суығында тоңбас үшін оның терісінен жылы тон, құлақшын т.б. киімдер тігіп киіп, сан алуан бұйымдар жасайды. Әрі құндыздың терісі жылтырып, әдемі көрінеді. Сол үшін де адамдар әдемі аңның терісін таңдайды. Басқа адамдар сияқты сенің де құндыз тон кигің келеді. Бірақ сіз бір күні тон сатып алу үшін фабрикаға барып, құндыз терісінен тонның қалай жасалатынын және құндыздардың қиналып өлгенін көріп, тон алғыңыз келмей қалды, тіпті жылап жібердіңіз.*

**Тапсырма.** *Сіз өзіңізді құндыздың орнына қойып, осы үдеріс кезіндегі адамдар мен құндыздың әрекеті мен сезімін жеткізетін рөлдік ойын жасаңыз. Рөлдік*

ойын барысында адам мен құндыздың сезімдерін лексикалық минимумға енген сөздерді қолдана отырып жеткізіңіз.



**№ 2 жағдаят.** Жаңа жыл мерекесі қарсаңында көптеген адамдар шырша сатып алып, мерекені безендірілген шыршамен қарсы алады. Сіз де отбасыңызбен бірге жаңадан кесілген шыршаны әдемі етіп безендіріп, жаңа жылды қарсы алдыңыздар. Жаңа жыл аяқталды. Сіз досыңызбен серуендеуге далаға шықтыңыз, қоқыс төгетін жерде үйіліп жатқан шыршаны көріп, сізде шыршаға деген аяныш сезімі туындады.

**Тапсырма.** Сіз өзіңізді шыршаның орнына қойып, осы үдеріс кезіндегі адамдар мен шыршаның әрекеті мен сезімін жеткізетін рольдік ойын жасаңыз. Рөлдік ойын барысында адам мен шыршаның сезімдерін лексикалық минимумға енген сөздерді қолдана отырып жеткізіңіз.



**№3 жағдаят.** Жазда теңізде демалуды көп адам армандайды. Өткен жазда сіз де отбасыңызбен бірге теңізге демалуға бардыңыздар. Бірақ адамдардың көбі теңіз жағасына ішкен-жеген тамақтарының қалдықтарын тастап, өте ластап кеткенін көріп, көңіл-күйіңіз түсті.

**Тапсырма.** Сіз өзіңізді теңіздің орнына қойып, осы үдеріс кезіндегі адамдар мен теңіздің әрекеті мен сезімін жеткізетін рөлдік ойын жасаңыз. Рөлдік ойын барысында адам мен теңіздің сезімдерін лексикалық минимумға енген сөздерді қолдана отырып жеткізіңіз.



Тілді рөлдік ойын арқылы оқыту барысында студенттердің пәнге деген қызығушылықтары артады, лексикалық минимумды неғұрлым жақсы меңгеріп, өмірде қолдансам деген ой туындайды, студенттердің өзара қарым-қатынастары жақсарады әрі болашақ мамандығына қатысты сөздік қоры қалыптасып, оны жетік игере түседі.

Сонымен қатар рөлдік ойын бірқатар мәселелердің шешімін табуға көмектеседі. Мысалы, ойын барысында өзара теңдік орнайды, яғни әлеуметтік теңсіздікке жол берілмейді, нәтижесінде өзара қарым-қатынас реттеледі. Және де рөлдік ойынның сөйлеу мәдениетін дамытуға тигізер әсері зор. Студенттің көпшілік алдында өз-өзін ұстай білуі, дұрыс, сауатты сөйлеу мәдениетін жетілдіруге септігі тиеді. Нәтижесінде рөлдік ойын арқылы студенттердің тілді еркін, жетік игерулеріне жол ашылады.

Профессор А.Н.Леонтьев айтқандай «Ойын – адам іс-әрекетінің бір түрі». Ойын түрі сабақ тақырыбына орай өзгеріп, түрленіп отырады. Рөлдік ойын негізінде әр тақырып бойынша берілген тапсырмаларды орындау барысында студент өзін-өзі сынай алады. «Рөлді қалай алып шығам, оған сай лексикалық минимумды орнымен қолданам ба, мәселенің шешімін қалай табам, креа-

тивтілік таныта алам ба?» деген сұрақтар туындап, оларға жауап іздеу барысында жеке басының қасиеттерін де сараптай өткізе алады, демек, өзін-өзі тану үрдісі жүзеге асады, студент өзінің жақсы қасиеттерін, қарым-қабілетін ұштайды, ойы ұшқырланады, өз бетімен жұмыс істеуге талпынады, сөздік қоры молайып, тілі дамиды, зейіні артып, байқампаз болып, айналадағыларға деген құрметі артып, өзіне және бір-біріне деген сенімі арта түседі.

Сонымен қатар «Қазақ тілі» сабағында визуалды және ауызша мәтіндерді қолдану өте тиімді. Студенттер белгілі бір тақырыпты немесе мәселені кеңінен талдап, ұсынылған арнайы стрендтер негізінде өзіндік ойларын еркін ортаға салып, тұжырым жасап, қорытынды жасай алады.

Визуалды және ауызша мәтіндерді түсінуді «А критерийі» деп алып, аталмыш критерий негізінде тақырып бойынша берілген бейнебаянды талдау барысында үш негізгі стренд құрастырып алуға болады. Мысалы:

1. ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағына құрау және қорытынды жасау;
2. конвенцияларды түсіндіру;
3. ауызша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауап беру.

Олардың жұмысын осы стрендтер бойынша төмендегідей 8 баллдық жүйеде бағалауға болады.

#### *А критерийі: Ауызша және визуалды мәтіндерді түсіну*

Жетістік деңгейі	Деңгей сипаттамасы
0	Оқушы төменде берілген стандарттардың бірде-біріне жете алмады.
1-2	I. Негізгі деректерді, хабарламаларды, басты идея мен қосымша детальдарды төмен деңгейде анықтайды; II. негізгі конвенцияларды шектеулі деңгейде біледі; III. кейбір идея, пікір мен көзқарастарды анықтауда ауызша және визуалды мәтіндермен төмен деңгейде жұмыс жасайды, өзіндік жауабын беруде қиналады. Жалпы алғанда, мәтіндегі тұжырымдама, мәнмәтін мен мазмұнды шектеулі деңгейде түсінгендігін көрсетеді.
3-4	I. Кейбір негізгі деректер, хабарламалар, басты идея мен қосымша детальдарды анықтай алады; II. Негізгі конвенцияларды біршама біледі; III. кейбір идея, пікір мен көзқарастарды анықтау және өз



	жауабын беру арқылы ауызша және визуалды мәтіндермен біршама жұмыс жасайды. Жалпы алғанда, мәтіндегі тұжырымдама, мәнмәтін мен мазмұнды біршама түсінгендігін көрсетеді.
5-6	I. Негізгі деректер, хабарламалар, басты идея мен қосымша детальдарды жеткілікті деңгейде анықтай алады; II. Негізгі конвенцияларды жеткілікті деңгейде біледі III. Идея, пікір мен көзқарастарды анықтау және өз жауабын беру арқылы ауызша және визуалды мәтіндермен жұмысты жеткілікті деңгейде жасайды. Жалпы алғанда, мәтіндегі тұжырымдама, мәнмәтін мен мазмұнды жеткілікті деңгейде түсінгендігін көрсетеді.
7-8	I. Негізгі деректер, хабарламалар, басты идея мен қосымша детальдарды нақты анықтай алады; II. Негізгі конвенцияларды өте жақсы біледі; III. Идея, пікір мен көзқарастарды анықтау және өз жауабын беру арқылы ауызша және визуалды мәтіндермен жұмысты жоғары деңгейде жасайды. Жалпы алғанда, мәтіндегі тұжырымдама, мәнмәтін мен мазмұнды толық түсінгендігін көрсетеді.

А критерийінің негізінде студенттерге тақырып аясында көптеген тапсырмалар беруге болады. Мысалы:

**1-мысал.** Бейнебаянды мұқият көріңіз. Төмендегі сұрақтарға жауап бере отырып, мәтін түрінде комментарий жазыңыз.

*\*Бейнебаян не туралы?*

*\*Ол кімдерге арналған?*

*\*Бейнебаянның негізгі идеясы не?*

*\*Визуалды детальдар (әуен, түр-түс т.б.) ертегінің идеясын жеткізуге қалай көмектеседі?*

*\*Конвенцияға талдау жасаңыз, оның ертегі идеясын жеткізудегі рөлі қандай? (дауыс ырғағы, екіпін, бейнелі сөздер, тұрақты сөз тіркестері т.б.).*

*\* Бейнебаяндағы мәселені өмірмен байланыстырыңыз.*

*\*Сіз мәселені қалай шешер едіңіз?*

**2-мысал.** Бейнематериалдың негізгі идеясын жазыңыз. Қалай анықтадыңыз? (5-6 сөйлем).

*\*Автор біздің отбасы құндылықтары туралы не ойлап, не сезінгенімізді қалайды? (5-6 сөйлем)*

*\*Бейнекөріністегі оқиғалардың қайсысы шындыққа жанасады? (5-6 сөйлем)*

- Отбасылық келіспеушілік
- Әке мен бала арасындағы қарым-қатынас
- Ата-ананың балаға деген махаббаты
- Баланың ата-анаға деген махаббаты
- Әкенің өкініші

*\*Бейнематериал әсерлі болуына ықпал еткен конвенцияларды талдаңыз (дәлел келтіріңіз: музыка, дыбыс, жарық, түс, фон, интонация т.б.) (5-6 сөйлем)*

*\*Видео басында көрсетілген «Отан отбасынан басталады» деген мақалды пайдаланып, сіз отбасы құндылықтары туралы не ойлайсыз? (4-5 сөйлем)*

### **3-мысал.**

**1-тапсырма.** Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Бейнежазбадағы басты идеяға талдау жасай отырып, өз ойыңызды дәлелдеңіз.

2. Автор идеясын жеткізудегі қосымша детальдарды анықтап, олардың қолданылу мақсатына шешім ұсыныңыз.

3. Автор кейіпкерлердің ішкі сезімін жеткізуде конвенцияларды қаншалықты тиімді қолданған?

4. Бейнежазбадағы жағдаятты талдап, жеке тәжірибеңе сүйене отырып шешім ұсын.

**2-тапсырма.** Даяшы немесе жас жігіттің біріне таңдау жасап, жағдаят барысындағы ішкі толғанысын жеткізетін монолог құрастырыңыз. Монолог жазу барысында мәнмәтінге сәйкес тілді қолданыңыз (250 сөз).

### **4-мысал.**

1. Бейнероликтегі негізі ой мен мақсатты анықтаңыз.

2. Автор аудиторияға қандай үн тастайды?

3. Бүгінгі қоғамда адамдар арасындағы қарым-қатынаста әділетті болу қаншалықты қажет? Ойыңызға дәлелді мысалмен ұсыныңыз келтіріңіз.

4. Д. Әшімханұлының «Жоқ, олай емес» шығармасы және бейнекөріністегі оқиғаларды саралай келе, қоғамдық қарым-қатынас жайлы тұжырым жасаңыз.

### **5-мысал.**

**Тапсырма:** Тамашалаған бейнематериал бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Берілген бейнекөріністің мақсаты мен тақырыбын үш-төрт сөйлеммен жеткізіңіз.

2. Бұл бейнекөріністің аудиториясы кім? Неліктен олай ойлайсыз?
3. Әнге таңдалған бейнебаянның сюжетіне баға беріңіз?
4. Бейнекөріністің қай бөлігі Сізге ерекше әсер қалдырды? Неге?
5. «Қыз екен жүрген ерігін» деген сөздің мағынасын түсіндіріңіз.
6. «Алып кел, анаңның жүрегін» сөзі қандай мағынада қолданылған (тура/ ауыспалы)?

7. Бейнебаяндағы оқиға шындыққа жанаса ма? Оқиганы шынайы өмірмен қалай байланыстыруға болады? Ойыңызды дәлелдер арқылы жеткізіңіз.

Тәжірибелі коммуникаторлар тілді үйренудің ең жоғары фазасында әлеуметтік және академиялық мәнмәтіндерде визуалды ауызша және жазбаша сөйлеуде көрсетілген маңызды ақпаратты, бөлшектер мен идеяларды бағалай алады. Олар ақпаратты талдайды, айтылым және жазылым мәтіндері бойынша кең ауқымындағы идеялар, пікірлер мен көзқарастар туралы жорамалдар мен тұжырымдар жасайды. Олар әлеуметтік және академиялық жағдайлардағы сұхбаттарға белсенді қатысады, маңызды ақпаратты көрсетеді және толық талдау мен түсініктеме береді. Олар әлеуметтік және академиялық жағдайлардағы сұхбаттарға белсенді қатысады, маңызды ақпаратты көрсетеді және толық талдау мен түсініктеме бере алады. Сабақта визуалды және ауызша мәтінді қолдану осындай нәтижелерге қол жеткізеді.

Сонымен қатар, интерактивті тақта, компьютерлер және ақпаратты технологиялар – сабақ барысында тыңдаушылардың білім алуға қызығушылығын арттыратын, оқытушыға сабақты дайындау және өткізу үрдісін жеңілдететін өте қолайлы құралдар болып табылады. Электронды-мультимедиялық оқыту бағдарламасыжүйелі болған жағдайда дәстүрлі оқыту тәсілі мен педагогикалық инновациялармен бірге әртүрлі деңгейдегі тыңдаушылардың дайындығын жоғарылатады. Оқытушы сабақ барысында тақырып бойынша ақпаратты технологияларды орнымен, дұрыс қолдануы қажет. Сонымен қатар, қызықты материалдар арқылы тыңдаушының ынтасын арттыру да маңызды болып табылады.

Сабақта визуалды мәтінді қолдану интерактивті формадағы оқытуға жатады. Оның негізгі мақсаты:

- тыңдаушының сабаққа ынтасын арттыру;
- тыңдаушы белсенділігін жетілдіру;
- аналитикалық және сыни ойлау қабілетін дамыту;
- тыңдаушының өзін-өзі дамытуы және коммуникативті қабілетін жоғарлатуы.

Слайд, слайд-фильм, видеоклип, кинофильмдер визуалды мәтінге жатады. Сонымен қатар, оған арнайы электронды оқыту ресурсын да қосуға болады (оқыту мультимедиялары, мультимедиялы кітаптар, мультимедиялы әмбебап энциклопедиялар және т.б.).

Мультимедиялық технология дыбыс түрінде берілетін ақпарат пен видео-мәліметтерді қабылдауымызға жағдай жасайды.

Визуалды мәтінді қолдану принциптері:

1) студент немесе тыңдаушының жас мөлшерін және психологиялық ерекшеліктерін ескеру;

2) әртүрлі ақпаратты технологияларды тиімді, әрі біркелкі қолдану: студенттің немесе тыңдаушының визуалды, аудиалды, кинестетикалық ақпаратты қабылдау жүйелері мен эмоцияларына ықпал ету;

3) дидактикалық мақсат пен принципті ұйғару;

4) оқытушы мен студенттің бірігіп жұмыс істеуі;

5) ақпаратты технологияларды қолдану барысында қауіпсіздік ережесінің маңызды рөл атқаруы.

Жоғарыда айтылған принциптерге сүйене отырып, визуалды мәтін мынадай дидактикалық принциптерге сүйенуі керек:

ғылыми тұрғыда дәлелденуі, қол-жетімділігі, жүйелігі және ілгермелілігі, белсенділігі, теория мен практика аралығындағы байланысы, интерактивтілігі.

Визуалды мәтін – демонстрациялау элементі. Психологтар адамның визуалды түрде берілген мәтіннің 25% қабылдайтынын дәлелдеген. Сондықтан да, визуалды мәтін тез, әрі анық түрде мәліметті жеткізеді, қызығушылықты арттырады, мәліметті жылдам түсініп, қабылдауға ықпал етеді.

Ауызша мәтін тыңдаушы немесе студент жадында ұзақ сақталады. Бұл ауызша және визуалды мәтінді қолданудың ең маңызды тиімділігі. Мысалы, видео көрсетілім түрінде берілген ақпарат тыңдаушының назарын аудартып, ақпаратты күнделікті берілетін форматтан ерекше түрде жеткізеді. Тіпті, видеокөрсетілімдегі жәй ғана бейнекөрініс тыңдаушыны қызықтыратыны сөзсіз. Қазіргі заманда мұндай форматта ақпараттың берілуі ерекше көрініске ие. Сонымен қатар, визуалды мәтінді қызықты түрде жеткізу де маңызды.

Жалпы, визуалды түрде жеткізілетін ақпарат тыңдаушының назарын аудартып, тыңдаушы есінде қалады. Визуалды мәтін түріндегі ақпарат тыңдаушыға ақпаратты визуалды, әрі аудиалды түрде сақтап қалуға мүмкіндік береді. Мысалы, адам кітап оқығанда оқиға желісін қиял арқылы көз алдына елестеді. Осылайша, оны есте сақтап қалу қиынырақ болады. Ал, визуалды формат адамға ақпараттың дайын бейнесін жеткізеді. Мұндай ақпаратты қабылдау, әрі есте сақтау оңай. Визуалды түрде ақпаратты жасөспірім балаларға қабылдау және есте сақтап қалу оңай болады.

Визуалды және ауызша мәтінді балаларға қолданған тиімдірек. Себебі, балаларға ақпаратты осындай форматта қабылдау және оны түсіну оңайға соғады. Мысалы, қарапайым мультфильмдер де арнайы кішкентай балаларға арнайы-

лып жасалынған. Себебі, балалар ақпаратты, көрсетілген бейне көріністі осылай оңай сақтайды. Дегенмен, кейіннен видеоматериалдың мазмұнын күрделендіріп, студенттерге сабақ барысында қолдануға болады, яғни тақырыптың ерекшілігіне қарай түрлі бейнебаяндарды тандап, жоғарыда берілген критерийлер мен стрендтер негізінде талдату барысында оларбілім алып қана қоймай, аталмыш тақырып бойынша дүниекезқарасы артып, сұрақтарға жауап беру кезінде шығармашылық және сыни ойлау дағдылары да артады.

Визуалды мәтіннің тағы да бір тиімділігі: ақпараттың анық, нақты, әрі оның адамның көз алдындағы бейнесі түрінде жеткізілуі. Мысалы, соғыс жайлы ақпаратты видеокөрініс арқылы жеткізетін болсақ, тыңдаушының ондағы бейнекөріністі есте сақтап қалуы сөзсіз.

Визуалды және ауызша мәтін оқытушыға сабаққа дайындық процесін жеңілдетеді. Яғни, ақпаратты дайын түсіндірмелі видео түрінде жеткізуі оқытушыға жеңілірек болмақ. Визуалды ақпарат студенттің назарын өзіне оңай аударады.

Жалпысында «Қазақ тілі» сабағында визуалды және ауызша мәтінді қолдану барысында студенттер негізгі деректер, хабарламалар, басты идея мен қосымша детальдарды нақты анықтап, негізгі конвенцияларды өте жақсы игеріп, идея, пікір мен көзқарастарды анықтау және өз жауабын беру арқылы ауызша және визуалды мәтіндермен жұмысты жоғары деңгейде істей алатын болады. Жалпы алғанда, мәтіндегі тұжырымдама, мәнмәтін мен мазмұнды толық түсінгендігін көрсетеді. Бұның өзі визуалды және ауызша мәтінді қолдандудың тиімділігін танытады.

Сонымен қатар ойлау, әлеуметтік, коммуникативтік, өзін-өзі бақылау, зерттеу сияқты дағдыларын дамытады. *Ойлау дағды барысында:*

- \* деректерді түсіндіру;
- \* жаңа идеялар мен зерттеулерді генерациялау үшін миға шабуыл және визуалды диаграммаларды пайдалану;
- \* бірегей жұмыстар мен идеяларды жасау; қолданыстағы шығармалар мен идеяларды жаңаша пайдалану.

*Әлеуметтік дағды барысында:*

- \* басқа адамның эмоциялық жағдайын түсінуді және осы түсінуді (эмпатия) көрсетуді тәжірибеге алу;
- \* қарым-қатынасты құру және дамыту үшін әлеуметтік желілерді, бұқаралық ақпарат құралдарын тиісті түрде пайдалану.

*Коммуникативтік дағды барысында:*

- \* әртүрлі аудиториялармен қарым-қатынас жасау үшін түрлі сөйлеу техникаларын пайдалану.
- \* әртүрлі мақсаттар мен аудиториялар үшін тиісті хат нысандарын пайдалану;

\* ақпарат және рахат үшін түрлі көздерін оқу;

*Өзін-өзі бақылау дағды барысында:*

\* күрделі ақпаратты ұйымдастыру үшін қолайлы стратегияларды пайдалану.

*Зерттеу дағдысы барысында:*

\* ұзақ мерзімді жадыны дамыту үшін есте сақтау техникасын пайдалану;

\* көптеген және әртүрлі дереккөздерінен бірқатар көзқарастарды іздеу;

\* әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдары мен форматтарды пайдалана отырып, аудиторияның көптеген түрлері үшін ақпарат пен идеяларды тиімді хабарлау сияқты оқыту дағдылары жүзеге асады. Бұның барлығы студенттердің білім алып қана қоймай, жан-жақты дамуына жол ашады.

### **Әдебиеттер**

1. Назарбаев Н. <https://tuz.kz/article/31567014631328.html>

2. Радлов В.В. <https://qazaqtili.wordpress.com/>

## НУРИДА НОУРЫЗОВА

Баку славян университетінің профессоры,  
филология ғылымдарының докторы  
Баку, Әзербайжан

### ӘЗЕРБАЙЖАН ТІЛІНДЕГІ ЕМЛЕСІ ҚИЫН СӨЗДЕР

20 ғасырдың 80-жылдарында КСРО-ның ыдырау процесі басталғанда Әзербайжан жұртшылығы алға қойған алғашқы талаптардың бірі латын графикасына қайта оралумен байланысты болды. Ұлттық сананың оянуының бір көрінісі болып табылатын бұл талаптың тілдік маңызы шектеулі ғана емес, кең этносаяси сипатқа ие болды. 1990 жылдардың басында академик Афад Гурбанов латын графикасын қалпына келтіріп, латын әліпбиіне көшу қажеттігін алға тартты.

Оның бастамасымен 1990 жылы 1 тамызда Әзербайжан әліпбиі комиссиясы құрылып, комиссия төрағасы болып академик Афад Гурбанов тағайындалды. Комиссия дайындаған жобаны Әзербайжан Парламенті 1991 жылы 25 желтоқсанда бекітті.

1991-2001 жылдар өтпелі кезең болды. Әзербайжан президенті Гейдар Әлиевтің 2001 жылғы 18 маусымдағы жарлығынан кейін Әзербайжанның бүкіл аумағы латын әліпбиіне көшіп, 1 тамыз әліпби күні ретінде аталып өтілді.

Кірме сөздерде емле қиындықтары. Кірме сөздерде дауысты дыбыстардың жазылуы.

Дауысты кірме сөздер [a] немесе [o] дыбыстарымен айтылуына қарамастан о әрпімен жазылады: *avtomat* (автомат), *ensiklopediya* (энциклопедия), *kollec* (колледж), *kollektiv* (коллектив), *kombinat* (комбайн), *laborant* (лаборатория), *Moskva* (Москва), *motor* (мотор), *obyekt* (объект), *Odessa* (Одесса), *poçtalyon* (пошташы), *poeta* (өлең), *poeziya* (поэзия), *problemler* (проблема), *professor* (профессор), *solist* (солист), *velosiped* (велосипед) және т.б.

